Средние показатели испытаний физико-механических свойств портландцемента ПЦ 400 Д20-ГОСТ 10178-85 с вводом 1-1,5 % отходов извести приведены в таблице 2.

Таблица 2 - Среднемесячные показатели испытаний физико-механических свойств портландцемента ПЦ 400 Д20- ГОСТ 10178-85 с вводом 1-1,5 % отходов извести

Портланд-цемент М 400	Состав портландцемента, %			Прочность образцов-балочек 4х4х16 см, МПа					
	клин-кер	ЭТФШ	гипсо-вый камень	при изгибе		при сжатии		пропарка	
				3 сут	28 сут	3 сут	28 сут	изгиб	сжатие
С вводом 1-1,5 % отходов извести	69-69,5	20	5	3,1-3,3	5,7-5,8	19,2-19,5	40,7-40,9	4,0-4,1	26,1-26,3

Как видно из данных таблицы по физико-механическим показателям партии цементов с добавкой 1-1,5 % отходов извести полностью соответствуют требованиям, предъявляемым к ПЦ 400 Д20- ГОСТ 10178-85.

Введение 1-1,5 % отходов извести при помоле цемента позволяет экономить 1-1,5 % клинкера.

Был рассчитан экономический эффект при экономии клинкера на 1 % при замене его отходами извести. Себестоимость клинкера на заводе составляет 8900 тенге/т.

В 2013 г. при помоле цемента было использовано 2056 т отходов извести.

При замещении дорогостоящего клинкера бросовыми отходами извести экономия составляет: $2056 \text{ т} \times 8900 \text{ тенг/т} = 18298400 \text{ тенге}$ (Восемнадцать миллионов двести девяносто восемь тысяч четыреста тенге).

Кроме этого, внедренная технология имеет значительный экологический эффект: отходы извести не складываются в отвалы, не загрязняют окружающую среду а перерабатываются в полезный продукт, нет затрат на транспортировку отходов в отвал и содержание хранилища, не нарушается экология.

Таким образом, проведенные исследования показали возможность и необходимость полной утилизации бросовых отходов строительной извести в ТОО «Састобе Технолджис» при выпуске портландцемента.

Литература

1. ГОСТ 9179-77 Известь строительная. Технические условия. Введ. 1978-01-01. – М.: Госстандарт СССР: Изд-во стандартов, 1978. – 7 с.
2. ГОСТ 10178-85 Портландцемент и шлакопортландцемент. Технические условия. Введ. 1987-01-01. – М.: Госстандарт СССР: Изд-во стандартов, 1988. – 7 с.
3. ГОСТ 3476-74. Шлаки доменные и электротермофосфорные гранулированные для производства цементов. Технические условия. – Введ. 1975-01-01. – М.: Госстандарт СССР: Изд-во стандартов, 1974. – 8 с.
4. ГОСТ 310.3-76 Цементы. Методы определения нормальной густоты, сроков схватывания и равномерности изменения объема. Введ. 1977-01-01. – М.: Госстандарт СССР: Изд-во стандартов, 1979.
5. ГОСТ 310.4-81 Цементы. Методы определения предела прочности при изгибе и сжатии. Введ. 1981-01-01. – М.: Госстандарт СССР: Изд-во стандартов, 1982.

Түйін

«Састобе Технолджис» ЖШС жылына 1900-2100 тонна кондицияға сәйкес емес құрылыс әк пайда болады. Сол әктің қалдықтарын пайдалану жолы зерттеліп табылды. Құрылыс әктің қалдықтарын цемент ұнтақтағанда гипспен қосып ұсақтап 1-1,5 % мөлшерде құбырлы диірменге клинкер мен қосып майдалайды. Цементтің беріктігі 0,6-1,4 МПа жоғарылады. Бұл технология 1-1,5 % клинкерді үнемдеуге мүмкіншілік береді. Жылдық экономия 18 млн. 298 мың 400 тенге құрады. Зауыттағы экологиялық жағдай жақсарды.

Summary

LTD «Sastobe Technologic» unstandard departure of building lime appers a 1900-2100 ton in a year. Investigational ways of utilization of these wastes. At the input of wastes in portlandcement an amount 1-1.5 % durability of cement rises on 0.6-1.4 MPa. This technology allows to save 1-1.5% clincer. Annual economy made 18298400 tenge. Ecological situation of plant improved.

ӘОЖ 551.521.37

Е.Шалхар, Б.Елемес, Н.Бахтыбай

Т.Бейсакулов - Т.Ғ.К доцент

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

КҮН ЭНЕРГИЯСЫ

Аңдатпа:Қазақстандай дамушы елге кері әсер етеді. Бірақ проблема бар жерде шешімде болуы шарт, төменде қарастырған мәселенің шешімі альтернативті энергия көзін пайдалану дәстүрлі энергетика саласының жарқын болашағы. Ғылымды оның ішінде балама энергетика көзін тұрақты дамытып, ел экономикасының жанашыры болу әрқайсымыздың қолымызда деп ойымды түйіндегім келеді.

Кілттік сөздер: Фотоэлектр, күн батареялары, фотоэлементтер, электр энергия, жартылай өткізгіш, альтернативті, технология, күн электр станциялары, фотоэффект құбылысы, полимерлі.

Күн энергиясы - шешуші экологиялық факторлардың бірі. Болашақта энергия балансына жел, күн, шағын ГЭС энергиясының зор әлеуетін тарту және атом энергетикасын дамыту негізін құру жоспарланып отыр. Мәселен, электр энергиясын пайдалану, телефонмен сөйлесу, көлікпен жол жүру және жанар-жағармай құю, қалалардың араларында ұшақпен ұшу, несие мен сақтандырулар секілді жайттарсыз қазіргі кезеңді көзге елестету қиын. Айта кететін нәрсе осы операциялардың еш біреуі электр энергиясынсыз жүзеге аспайды және толықтай біздің қажеттілігімізді қанағаттандыра алмайды. Сондықтан, осы мәселені яғни альтернативті энергия көздерін пайдалануды қазіргі таңдағы басты мәселелердің бірі деп есептеймін.

Жалпы алғанда, Күн сәулеленуінен электр энергиясы мен жылу алудың бірнеше әдістері бар. Олар:

- 1) Электр энергиясын фотоэлементтер көмегімен алу.
- 2) Күн энергиясын жылу машиналарының көмегі арқылы электр энергиясына айналдыру (Жылу машиналарының түрлері: поршеньдік немесе турбиналық бу машиналары. Стирлинг қозғалтқышы.).
- 3) Гелиотермальдық энергетика – Күн сәулелерін жұтатын беттің қызуы мен жылудың таралуы және қолданылуы.
- 4) Термоэуелік электр станциялары (Күн энергиясының турбогенератор арқылы бағытталып отыратын ауа ағыны энергиясына айналуы).
- 5) Күн аэростаттық электр станциялары (аэростат баллоны ішіндегі су буының аэростат бетіндегі күн сәулесі қызуы салдарынан генерациялануы).

Күн энергиясын электр энергиясына айналдыратын қондырғылардың бірі – Күн батареялары. Күн батареясы немесе фотоэлектрлік генератор – Күн сәулесінің энергиясын электр энергиясына айналдыратын шала өткізгішті фотоэлектрлік түрлендіргіштен (ФЭТ) тұратын ток көзі. Көптеген тізбектей-параллель қосылған ФЭТ-тер Күн батареясын қажетті кернеу және ток күшімен қамтамасыз етеді. Жеке ФЭТ-тің электр қозғаушы күші 0,5-0,55 В-қа тең және ол оның ауданына тәуелсіз (1 см² ауданға келетін қысқа тұйықталу тогының шамасы – 35-40 мА). Күн батареясындағы ток шамасы оның жарықтану жағдайына байланысты. Яғни күн сәулелері Күн батареясы бетіне перпендикуляр түскенде, ол ең үлкен мәніне жетеді. Қазіргі Күн батареяларының пайдалы әсер коэффициенті – 8-10%, олай болса 1 м² ауданға тең келетін қуат шамамен 130 Вт-қа тең. Температура жоғарылаған сайын (25°С-тан жоғары) ФЭТ-тегі кернеудің төмендеуіне байланысты Күн батареясының пайдалы әсер коэффициенті кеміп, Күн батареяларының жиынтық қуаты ондаған, тіпті жүздеген кВт-қа жетеді. Күн батареяларының өлшемдері әр түрлі болады. Мысалы: микрокалькуляторда орнатылғандарынан бастап, ғимараттар шатырлары мен автокөліктер төбелеріне орнатылатындарына дейінгі өлшемдерде. Сондай-ақ Күн батареялары ғарыш кемелері мен аппараттарында энергиямен жабдықтау жүйесіндегі

негізгі электр энергиясының көзі ретінде қолданылады. Ал тұрмыс пен техникада қолданылатын көптеген бұйымдарды – калькулятор, қол сағаты, плеер, фонарь, т.б. токпен қоректендіру көзі де Күн батареялары болып табылатындығы бәрімізге белгілі.

Үлкен өлшемді Күн батареялары Күн коллекторлары сияқты тропикалық және субтропикалық аймақтарда бүгінде кеңінен қолданылуда. Әсіресе, әдістің осы түрі Жерорта теңізі елдерінде көп тараған. Бұл елдерде Күн батареяларын үй шатырларына орналастырады. Ал Испанияда 2007 жылдың наурыз айынан бастап жаңадан салынған үйлер Күн су жылытқыштарымен жабдықтала бастады. Ол ыстық суға деген сұранысты 30%-дан бастап 70%-ға дейін қамтамасыз ете алады.

Жылма-жыл Күн батареяларының түрлері жаңа технологиялық тұрғыдан жетілдіріліп, толықтырыла түсуде. Соңғы уақытта Санта-Барбарадағы Калифорния университетінің полимерлер және органикалық қатты бөлшектер орталығының мүшесі, Нобель сыйлығының лауреаты Алан Хигер мен Гванджудағы Корей ғылым және технология институтының ғылыми қызметкері Кванхе Ли мен олардың әріптестері тандемдік полимерлі Күн батареяларын жасап шығарды. Жаңа батареялар авторлары спектрдің кеңірек диапазонын қолдану үшін жұтылу сипаттамалары әр түрлі екі фотоэлектрлік ұяшықтарды бір бүтінге жалғастырды. Нәтижесінде батареяның пайдалы әсер коэффициенті 6,5%-ға тең болды. Күн батареясының бұл түрі өзінің арзандылығы және оны жасаудағы қарапайымдылығымен ерекшеленеді.

Фотоэлементтің Күн батареялары сияқты фотондар энергиясын электр энергиясына айналдыратын электрондық құрал екендігі аян. Сыртқы фотоэффект құбылысына негізделген ең алғашқы фотоэлемент физика ілімінде XIX ғасырдың аяғында пайда болды. Оны белгілі орыс ғалымы Александр Столетов жасап шығарған. Өндірістік масштабтардағы фотоэлементтердің пайдалы әсер коэффициенті орташа есеппен 16% болса, ең жақсы үлгілердікі – 25%, ал лабораториялық жағдайларда 43,5%-ға дейін жетеді. Фотоэлементтің жұмыс істеу принципі металдан (калий, барий) не жартылай өткізгіштен жасалған электродтың (фотокатод) бетіне электр магнит сәуле түсіргенде фотоэффект құбылысының пайда болуына негізделген. Фотоэлементтің сыртқы фотоэффект және ішкі фотоэффект құбылыстарына негізделіп жасалған түрлері бар. Мысалы: сыртқы фотоэффектіге негізделгені электровакуумды фотоэлемент болса, ішкі фотоэффектіге вентильді, жартылай өткізгішті, жаппалы қабатты фотоэлемент түрлері негізделіп жасалған. Соның ішінде жартылай өткізгішті кремний кристалынан жасалған фотоэлементтер (пайдалы әсер коэффициенті 15%-ға жуық) ғарыштық ұшу аппаратының қоректендіру көзі ретінде радиациялық құбылыстарды зерттеуде, т.б. жағдайларда да пайдаланылады. Сондай-ақ бүгінгі кезде фотоэлементтерді әр түрлі көлік түрлеріне – қайықтарға, электромобильдерге, гибриді автокөліктерге, ұшақтарға, дирижабльдерге, т.б. орнату мүмкіндігі бар. Италия мен Жапония сияқты мемлекеттерде фотоэлементтерді темір жол поездарының шатырына орналастырады. Соның ішінде Solatec LLC компаниясы Toyota Prius гибриді автокөлігінің шатырына орналастыруға арналған жұқа қабыршақты фотоэлементтерді сатумен айналысады. Жұқа қабыршақты фотоэлементтердің қалыңдығы 0,6 мм ғана болғандықтан, ол автокөліктің аэродинамикасына еш әсерін тигізбейді. Күн батареялары мен фотоэлементтерден бөлек Күн энергиясын электр энергиясына айналдыратын адамзат ойлап тапқан құрылғыларға Күн коллекторлары, Күн электр станциялары, гелиожүйелер, т.б. жатады.

Электр энергетикасын қалпына келтіру мәселесі — бұл қауіпсіздік мәселесі, әрі еліміздің болашағы электр энергетикасы мен инфрақұрылымның даму деңгейімен байланысты болып отыр. Бірінші кезекте мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігінің стратегиялық міндеті шешілуде, мемлекеттің өзінде инвестициялар жасалып, жұмыс орындары пайда болуы тиіс.

Электр энергетикасын дамыту экономиканың өзге салаларын дамытуға мұрындық болмақ (мультипликативті әсер) , қажетті бастапқы энергия ресурстарының, бірінші кезекте арзан көмірдің барлығын ескерер болсақ, елімізде энергия сыйымдылығы аз, экспортқа бағытталған өндірістердің дамуына ықпал етпек. Альтернативті энергия көздерін пайдалану орталықтандырылған энергиямен жабдықтау жүйесіне нақты балама, әсіресе электр энергиясының тапшылығын көріп отырған алыс аудандарға тиімді болмақ. Сондай-ақ Қазақстанның энергия қоры болып табылатын қазба байлықтары мен қалпына келетін энергия көздерінің зор әлеуетін иелене отырып, қазіргі уақытта энергия үнемдеу саласында ең соңғы орындардың бірін иеленіп отыр.

Біз электр және жылу энергиясын өндіру, жеткізу, тарату және пайдалану кездерінде-де энергияны үнемдеудің қарапайым ережелерін сақтамаудың куәсі болып жүрміз. Осылай қалыптасқан жағдайда энергияны үнемдеу мәселесіне қаражат бөлу жаңа энергетика көздерін салумен бара-бар болар еді, себебі энергияны үнемдеудің өзі пайдалану тұрғысынан қарағанда жаңа энергия көзін ашумен бірдей. Қазақстанда энергия үнемдеу әлеуеті 30–35 пайызды ғана құрайды. Қоғамымыздың барлық салаларында энергия үнемдеу саясатын дұрыс жүргізу жедел қолданысқа енгізілетін сапалы заңның бекітілуін және тұтас іс-шаралар кешенін орындауды қажет етеді. Сондықтан қалыптасқан осындай проблемаларды шешу Ғылыми Технологиялық Революция заманында өте өзекті. Әрине

дәстүрлі энергия көзін пайдалану біздің толық электр энергиясына деген сұранысымызды шеше алмайды.



Менің ұсынарым ол басқа да дамыған елдер тәжірибесіндегідей альтернативті энергия көзін пайдалануды дамыту. Мәселен, Жапония 833 МВт, АҚШ 153 МВт және Германия 353 МВтқа альтернативті энергия қорын ұлғайтып үлгерді. Осы елдер тәжірибесіндегідей үлгі алып, салаға жаңа мамандар тартып, елдегі жетекші энергетика компанияларын альтернативті энергияға деген қызығушылықтарын арттырып және шетелдік әрі отандық инвестициялардың тартылуына қолайлы жағдай жасау арқылы біз отандық балама энергия көзін жаңғырта аламыз. Ол әрине мемлекетке, отандық энергетика өндіретін компанияларға және қарапайым халыққа өте тиімді болар еді. Себебі Қазақстан электр энергетикаға әлі де болса тәуелді. Альтернативті энергияны әр түрлі табиғи көздерден алуға болады соның бірі бәрімізге ортақ күн жылуына ерекше тоқталғым келіп отыр. Күннің сарқылмас энергия көзі екені барлығымызға мәлім тек оны толықтай игере алмаудамыз күн салмағы ыстық газдардан тұратын, айналасына жылу және сәулесін түсірген бір жұлдыз болып қабылданады. Күдіксіз, өте күшті жылуға ие. Күннен шыққан энергияның тек 2 миллионнан бір бөлігі жер шарына жете алады. Күннің жылуы 8,5 минутта жер шарына жетеді. Үш күндік түскен күн жылуы дүниедегі барлық мұнай, көмір және ормандардан алынатын энергиямен тең. Күннің құрамы түгелімен сутек пен гелийден тұрады. Сутек мөлшері 75 пайыз болып табылады.

Күннен келген жылу және жарық сутегі протондарының бірігіп гелийге айналуы және осы айналу барысында салмағын жоғалтқаны үшін пайда болады. Мұны термоядролық реакция деп атайды. Ортаға шыққан энергия өте үлкен. Секундына 600 миллион тонна сутек гелийге айналады. Осы кезде әр секунд сайын күн 4,5 миллион тонна жеңілдейді. Күндегі ядролық реакция нәтижесінде қызыл бір алау 15-20 мың км-ге көтеріледі. Бұл оқиға күннің бораны деп аталады. Сөйтіп күн өте мол энергия көзін өндіреді шамамен қазіргі сұраныстан 5000 есе артық энергияны күн бере алады. Күн көзі экологиялық ең таза энергия көзі болып саналады ол қоршаған ортаға ешқандай зардап әкелмейді, дайын күн батареяларын сатып алуға тиісті қаржы болса болғандығы және ашық алаңда осы күн батареяларын орнатып, трансформатор салуға тиімді инвестициялар тарту альтернативті энергия көзіне жаңа өмір сыйлайтын еді. Бұл ойым дамитын болып, көздеген мақсатқа жетер болсақ, кейін қарапайым халық үйлерінің үстіне күн батареяларын орнатып, тәуелсіз тұтынушы мәртебесіне ие болады. Осы сияқты жел яғни табиғи байлықтың тағы бір көзін дәл күн көзі сияқты пайдалану отандық дәстүрлі энергияға деген сұранысты бір шама төмендетері хақ. Ал атом электр станцияларын пайдалану біздің қоршаған ортамызға және сол елді мекендегі адамдардың денсаулығына кері ықпалын тигізерін білеміз. Сондықтан мемлекетке тиімдісі таза экологиялық балама энергия көзі болып саналады деген

ойдамын. Осындай тиімді энергия көздерін толық қанды пайдалана алмасақ күндердің бір күнінде біздің елде үлкен проблема туындауы мүмкін, әрине мемлекеттегі маңызды бір салада проблема болса қарқынды экономикалық даму болмайды.

SOLAR ENERGY

Solar energy is radiant [light](#) and [heat](#) from the [sun](#) harnessed using a range of ever-evolving technologies such as [solar heating](#), [solar photovoltaics](#), [solar thermal electricity](#), [solar architecture](#) and [artificial photosynthesis](#).

Solar technologies are broadly characterized as either [passive solar](#) or [active solar](#) depending on the way they capture, convert and distribute solar energy. Active solar techniques include the use of photovoltaic panels and [solar thermal](#) collectors to harness the energy. Passive solar techniques include orienting a building to the Sun, selecting materials with favorable [thermal mass](#) or light dispersing properties, and designing spaces that [naturally circulate air](#).

СОЛНЕЧНАЯ ЭНЕРГЕТИКА

Солнечная энергетика — направление альтернативной энергетики, основанное на непосредственном использовании солнечного излучения для получения энергии в каком-либо виде. Солнечная энергетика использует неисчерпаемый источник энергии и является «экологически чистой», то есть не производящей вредных отходов во время активной фазы использования. Производство энергии с помощью солнечных электростанций хорошо согласовывается с концепцией распределённого производства энергии.

Әдебиеттер

1. Зоколей С. В. Солнечная энергия и строительство: Пер. с англ./Под ред. Ю. Н. Малевского. М.: Стройиздат, 1979.
2. Мак-Вейг Д. Применение солнечной энергии: Пер. с англ./ Под ред. Б. В. Тарнижевского. М.: Энергоиздат, 1981.
3. Уделл С. Солнечная энергия и другие альтернативные источники энергии. М.: 'Знание, 1980
4. Харченко Н. В., Деягин Г. Н. Солнечные теплогенерирующие установки для систем теплоснабжения. М., МИСИ, 1987.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ**

УДК 37:81,271

A.Abdizhahankyzy

South Kazakhstan State University named after M.Auezov, Kazakhstan, Shymkent

**THE PROBLEM CONDITION OF FORMATION OF FUTURE TEACHER'S PROFESSIONAL-
SPEECH CULTURE**

The modern society has come to understanding of that today the specialist in any sphere should be able to communicate effectively, correctly and clearly to express the thoughts, to use language skills well in different communicative situations, in the field of activity.

All this allows speaking about the increased value of the professional-speech culture which is one of the main development goals of the modern society person.

Before to reveal features of formation process of students' professional-speech culture in the process of foreign language learning, it is necessary to be determined with concept «speech culture».

The term «speech culture» has appeared rather recently from two concepts "speech" and "culture" which have appeared a long time ago; therefore there is a great number of approaches to their definition.

For the first time in the literature the term "culture" meets in Cicero's work «Tiskulan talks» (45 BC) where it is connected with land managing and cultivating. Cicero used it figuratively with reference to education of the person [1, c.239].

Russian philosopher V.S.Bibler considers, that « culture is complete and uniform... - in a life and consciousness of the person» [2]. On the philosopher's opinion, «culture is communication of individuals as personalities» [the same]. Philosopher V.A.Kanke has the same opinion « culture out of communication, - he remarks, - dies, among other things, it is communication» [3].

L.N.Kogan notices, that «culture is a property of all mankind. It includes all the best, the most valuable, created by each epoch, all national cultures, all levels of population» [4].

As a result of the sources analysis the term "culture" define as:

- the basic way of realization of people sociality, realization of their requirement for collective existence in system of social experience and translation of this experience to following generations;
- the qualitative characteristic of human activity in all variety of its kinds, forms, ways and results;
- the "through" public system penetrating all society, all its spheres and structures.

So, the essence of "culture" is based that "culture" as the product of human thought and activity covers experience and norms regulating a human life, people relation to ideas, world outlook systems and social forms .

The speech culture is defined as a set of communicative qualities of good speech. These qualities are revealed on the basis of a parity of speech with separate nonverbal structures as B.N.Golovin expresses. Nonverbal structures concern: language, thinking, consciousness, validity, the person is an addressee of speech, communication conditions. The complex of nonverbal structures demands from speech of qualities corresponding to these structures: speech correctness (cleanliness, absence of dialecticisms, bureaucracy, common language, etc.), accuracy, logicity, expressiveness, figurativeness, availability, effectiveness and relevance.

In table 1 there are resulted definitions «future teacher's speech culture» in the given scientific researches.

Table 1 - Various approaches to concept definition « future specialist's speech culture»

№	The author, a source	Treatment of the concept
1	Bochkareva T.S.	Speech culture is the major part of the person's general, individual, professional culture, including motivational, contensive and communicative components; - representing a set of such speech qualities which have the best influence on the addressee taking into account concrete conditions and according to a task in view.
2	Obuhova E.G.	The teacher's speech culture is such a choice and the organisation of language means which when observing literary norm and ethics of

		communication allow to solve pedagogical problems well in process of the modern schoolchild's enculturation.
3	Melnikova I.I.	Primary school future teacher's speech culture is acquirement of a certain set of the generalized speech skills providing creation of effective oral and written texts without disturbance of orthological norms; -communicative-pragmatical and ethical norms.
4	Hasanova L. G.	Primary school future teachers' professional-speech culture is a set of the person's properties, having successful influence on pupils and allowing most effectively to organize training and education process and to regulate speech activity in the process of the solution of pedagogical tasks.
5	Malygina G.R.	Military high school cadets' speech culture is the person's property which includes; - besides traditionally allocated components of speech culture (normative, communicative and ethical); -development of the realized requirement for mastering of individual style of the speech testifying to the person's aspiration to professional and cultural self-determination.
6	Klimkina E. V.	Social teacher's professional-speech culture is a component and a leading characteristic of his professional-pedagogical culture reflecting a complex of the professional-speech knowledge; -skills shown in situations of socially-pedagogical activity.

According to our research, we will base on opinions of the scientists above and on formation process of future teachers' speech culture considered by us occurs when learning foreign language, therefore when revealing structural components of future teachers' speech culture we will be guided by features of foreign language learning process. On that basis in structure of future teachers' professional-speech culture it is necessary to allocate: **normative, cognitive, activity and professional-communicative** components.

A normative component is semantic and stylistic correctness. Semantic correctness is a common knowledge of platitudes and ability to use common expressions accepted in the kind of literature, at present. Platitudes name certain areas of the content which are admitted by all the given audience as correct and experienced.

The normative component develops skills of regulation of selection and use of language means in the process of speech communication, helps to generate the conscious relation to their use in speech practice of communication and interaction.

We agree with A.A.Akishina, A.N.Vasileva, L.V.Gorbatsevich, etc. which reveal controlling and regulating functions of a normative component. Controlling function determines character of relations of the sender and the addressee according to language norms, regulating function reveals situational conditions of communication, physical actions and contacts communicators, and also mimicry and gestures accompanying communication and necessary for its realization[6].

The normative component assumes presence of following knowledge, skills: knowledge of language norms and principal views of speech activity; abilities to prepare for public speaking independently; to state a material intelligibly and persuasively; to answer questions of listeners; to create and perceive texts - products of speech activity; to build monologue (dialogue) speech, considering potential of partner-communicator; to listen; skills of selection of the most corresponding to conditions of speech communication (interaction of language and speech units).

The cognitive component of future teachers' speech culture is interpreted by us as system of common professional, intersubject, intercultural, psychological-pedagogical and foreign language knowledge got by students in the process of training and necessary for successful activity in various professional groups.

Language knowledge on a foreign language is necessary for development of speech culture of future teachers. Thus it is necessary to notice, that in modern norms on discipline "Foreign language" the stress is made on culture foreign language as the maintenance of formation foreign language. Thus, from «the compiler of culture foreign language... The future teacher should turn in» with-creator »which opens and appropriates for itself« new senses »in another's culture». Foreign language learning in high school changes thinking of students, forms the relation to the world, develops the new qualities of the person claimed both society as a whole, and the future professional work in particular.

Thus, we have revealed, that in a basis activity a component of speech culture of students four kinds of speech activity lay. From that, skills of these kinds of speech activity are how much developed, efficiency, success of speech communication depends.

Activity a component of speech culture of future teachers we carry to the basic knowledge, abilities, skills: knowledge of structure and the maintenance of speech activity, features of process of foreign language learning; lexico-semantic-grammatical communication of the studied language, allowing to carry out text activity in the most typical, normative situations of communication; individually - psychological speech abilities of the person of the trainee (mechanical memory, thinking, the speech abilities developed on a material of the native language, steady memory, etc.) ; Individually-psychological abilities of each trainee; abilities through truly created, operated system of communication to organize joint with pupils creative activity; self-possessing before an audience; to be guided in time; to communicate in public; to prove the point of view; to build system of proofs (to select arguments to set questions to object, supplement); to plan speech interaction/communication; to analyze itself and the partner in the process of speech interaction / communication; to create favorable condition for development of speech culture of the person, etc.; skills speaking, readings, listening, writing.

According to it V.I.Kurbatov has allocated a number of characteristics which make a professional portrait of the humanist from the point of view of acquirement of it communicative technics.

These characteristics he named communicative profессиogram, whereby a specialist in the theory and practice of communication should: know speech etiquette and be able to use it; be able to formulate goals and objectives of business communication ; organize and manage your communications ; analyze the subject of communication ; raise questions and answer them specifically ; master the skills and techniques of business communication , its tactics and strategy ; able to carry on a conversation , interview , business conversation , debate , discussion , dialogue, debate , debate , debate , round table, business meeting , business team game , negotiations, sales; be able to analyze conflicts , crises , confrontations and resolve them ; prove and justify , argue and persuade , criticize and refute , reach agreements and decisions , compromises and conventions to make estimates and proposals ; own technique of speech, rhetorical figures and techniques and know how to build it and other public appearances ; Know the voice and service etiquette and be able to use it; able with the help of the "word" exercise therapy , reduce stress , fear, adapted to the respective conditions , correct the behavior and evaluation .

In students formation of many personal qualities, in particular emotional sphere of the person proceeds, the next stage which has begun at youthful age is characterised by intensive development of spiritual universal values, their depth and stability, influence of feelings on formation of belief and outlooks. These are those lines which determine the person in the further pedagogical activity: social-perceptual (knowledge of people, its basis observation and an insight) make; socially-pedagogical (knowledge of laws of behavior, activity and relations of the person included in professional group, collective); auto-psychological (consciousness, a self-estimation, self-checking, ability to operate the condition and working capacity, self-efficiency); communicative (knowledge of various strategy and methods of effective communication); psychological-pedagogical (knowledge of methods of realization of influence on trainees).

The given conclusions, and also results of the research carried out by us show, that development of speech culture of students can and should proceed in training in high school. Thus as development of speech culture of future teachers we will understand complete pedagogical process in which basis activity of teachers and students lays, and directed on mastering by the future teachers by set of knowledge, abilities, skills in the field of the communication, providing the successful solution of communicative tasks in various situations of pedagogical interaction.

Reference

1. Библер, В.С. От наукоучения - к логике культуры: Два философа, введения в двадцать первый век [Текст] / В. С. Библер. - М.: Политиздат, 1991.-412 с.
2. Канке, В. А. Философия. Исторический и систематический курс [Текст]: учебник для вузов / В. А. Канке. - Изд. 2-е, перераб. и доп. - М.: «Логос», 1998.-352 с.
3. Коган, Л. Н. Цель и смысл жизни человека [Текст] / Л. Н. Коган. — М.: Мысль, 1984.-252 с.
4. Коробейникова, Л. А. Эволюция представлений о культуре в культурологии [Текст] / Л. А. Коробейникова // Социс. - 1996. - №7. - с. 79-85.
5. Бочкарева, Т.С. Развитие речевой культуры студентов университета / Т.С. Бочкарева [Текст] : автореф. дис. ... канд. пед. наук / Т.С. Бочкарева. – Оренбург, 2002. – 20 с.
6. Горбацевич, Л. В. Деятельность и общение как основные формы поведения человека [Текст] / Л. В. Горбацевич // Вестник ЛГУ. - 1981. - №17; Экономика. Философия. Право. -Вып.3. - С. 101-104.

Резюме

В статье рассмотрены проблемы формирования профессионально-речевой культуры будущего педагога в процессе изучения иностранного языка

Түйін

Бұл мақалада шет тілін оқыту барысында болашақ оқытушылардың кәсіби сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мәселелері қарастырылған.

ӘОЖ 373.1.02.781

С.С. Ағабекова, Ф.С. Танкешова, Ш.Н. Примкулова
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘНШІЛІК ІСКЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ДАҒДЫСЫ

Аңдатпа: Мақалада авторлар мектептегі музыка сабағында, үйірмелерде оқушылардың ән айтудағы шеберлігін, іскерлігін қалыптастырудың дағдыларын ашады.

Кілттік сөздер: үйірме, музыка, хор, мектеп, ән айту, дағды, репертуар, ырғақ, саз, әуен.

Мектеп оқушыларының көркемөнер үйірмелері әрдайым оқушылардың, ата-аналардың алдына шығып, өздерінің өнерін көрсеткені өте пайдалы. Оқушы балаларының сахнаға шығып өнер көрсетуі балаларды батылдыққа, жинақылыққа баулып, оларды тәртіпке салып, ойларын, өнерін ұштай түседі, балалардың дарындылығын байқатады. Музыка сабағының үстінде, одан тыс мезгілде үйренген әндерді, музыкалардың үстінде, одан тыс мезгілде үйренген әндерді, музыкаларды сабақтан тыс уақытта тақырыптық кеш, мейрам өткізуді балаларды қызықтырып, ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Жылдығы әр маусымына байланысты көктем, жаз, май, күз, қыс, жан-жануарлар, құстар туралы, нбақытты балалық шақң, оқушылар әнін жырлаймызң, халқымыздың тілін, ата-ананы, ән-күй мәдениетін білгім келеді т.б. атты тақырыпты музыкалық кештер, мейрамдар өткізіп, ол кеште басқа сыныптың, мектептің оқушыларын шақыратын болса, ол жұмыстың тәрбиелі-эстетикалық мәні зор болмақ. Мұндай музыкалық мейрамдарды әр тоқсан сайын бірнеше сыныптың балалары қосылып өткізіп тұрғаны жөн. Музыкалық мейрамдар мен кештерге қатысушы оқушылардың музыкалық қабілетін одан ары дамытуға, әлем туралы білімін тереңдетіп, биік мәдениетке тәрбиелейді.

Жастарды ұйымдасқан түрде концертке, театрға, түрлі мәдени мекемелерге, музейлерге апару олардың өмірге деген көкарасын кеңейтіп, өнерге деген құмарлығын арттырады. Одан басқа оқушылармен еңбек, әскер қайраткерлерін, әншілерді, терме-жыршыларды кездестіруді немесе олар туралы әңгіме, баяндамаларды әрдайым ұйымдастырып тұрудың мәні зор.

Мектепте музыкалық тәрбие берудің басты міндеті – оқушыларды музыканы дұрыс тыңдап, түсінуге және оны әсерлі орындай білуге баулу. Орындаушылық шеберлікті шыңдау ән-хор дағдыларын жүйелі түрде жолға қоя білумен тығыз байланысты. Сабақта ән салу дағдыларын негізінен жаттығулар айтқандай үйренеміз де, ал ән үйрену кезінде оларды пысықтап қайталау арқылы есте қалдыруды көздейміз.

Хор жетекшілерінің назарына тәжірибеде кең тараған кейбір жаттығуларды ұсынамыз.

Ән айту жаттығулары негізінде мына төмендегі бағыттарда қолданылады:

а) вокалды – хор жаттығулар жасап, дауысты ән айтуға дайындау;

ә) дауыс шымылдығын қыздыру, шеберлікті шыңдап, вокалды-хор техникасын меңгеру;

б) оқушылардың назарын дайындық кезінде шешілуге тиісті көптеген маңызды, әрі түйінді мәселелерге бағыттап, олардың ынтасын арттыру.

Төменгі сынып оқушыларының дауыс аумағы (диапазоны) өте кең емес:

1,2-сынып – бірінші октаваның до-си ноталар аралығы;

3-сынып – бірінші октаваның до нотасы мен екінші октаваның до нотасы аралығы;

4-сынып – бірінші октаваның до нотасы мен екінші октаваның ре нотасы аралығы.

Сондықтан жаттығуларды да, репертуарды да балалардың дауыс мүмкіндіктерін ескере отырып таңдаймыз. Оларды тамағына күш түсірмей, әнді айқайламай айтуға дағдыландыру керек. Осыған байланысты жаттығулар дауыс еркін жететін дыбыс аумағында (примерная зона) жүргізіледі.

Ән айту кезінде ең басты назар аударатын нәрсе – дұрыс тыныс ала білу. Оқушыларды дұрыс тыныс алудың негізгі үш ережесімен таныстырамыз:

Дем өте қысқа, әрі жылдам, жеңіл ғана алынады;

Тыныс ала салысымен бір сәт тына қалып, демді айқындап, әнді барлық бала бір мезетте бастауы керек;

Ән айтқан кезде ауа легін асықпай біртіндеп, әрі біркелкі шығарып отыру қажет.

Демнің ережеге сай өте жеңіл, қысқа болуын және дем алған кезде иықтың көтерілмеуін қадағалаймыз. Ал ыңылпап жабық ауызбен айту үннің жинақы және нақтылы шығуына көмектеседі. Алайда бұл әдісті дұрыс орындай білу қажет: еріндер бір-біріне сәл ғана жанасып, ал астыңғы және үстіңгі тістер мүлдем жақындаспай тұруы тиіс. Көмекей ашық (сәл есінегендей), таңдай көтеріңкі

келіп, ауызда кішкентай бар сияқты әсер болуы керек. Сонда дыбыс еркін, әрі жарқындау шығады. Бұл жаттығулар тамақты қысып айтатын жағымсыз әдеттен арылуға себін тигізеді.

Оқушыларға үйретілетін келесі негізгі дағды - таза дыбыс сарынын үзбей, үнемі жалғастыра, ұластыра әдемі үнмен айта білу. Ол үшін ән өлеңінде кездесетін дауысты дыбыстарды дұрыс қалыптастыра білудің маңызы зор. Мысалы, нәң, нең, нің, наң,няң сияқты езулік ашық дауысты дыбыстарлы ерінді шеңберлей жинақылап, жабыңқы үнмен айту талап етіледі. Оларды орындаған кезде еріннің дөңгеленуі, иектің төмен түсіп, таңдайдың жоғары көтерілу мөлшері, көмекейдің ашылу кеңдігі барлық орындаушыларға бірдей болып келуі вокалды-хор дикциясының басты шарты. Осы шартты орындағанда ғана әншілердің үндері бірігіп, таза унисон болып шығады.

Әнде дауыстылармен қатар дауыссыз дыбыстарды да дұрыс айта білу талап етіледі. Ол үшін дауыстау мүшелерінің жұмысын жақсартатын, атап айтқанда ерінге, тілдің ұшына және таңдайға әсер ететін жаттығулар пайдалы. Жылдам екпінде орындала тын әндердің үзіндісін де осы мақсатта жаттығу ретінде пайдалануға болады. Әсіресе тез айтылатын әндерді айту тиімді.

Осылайша жаттығулар айтқызу арқылы бертіндеп балалардың дауыс аумаған ұлғайтып, оның икемділігі мен жүрдектілігін қалыптастырамыз. Оқушылар әнді бірде баяулатып, бірде асқатата шырқай, әр түрлі екпінде және жылдамдықта орындай алуы тиіс.

Сонымен қатар хор ұжымы біртіндеп көп дауысты ән айтуға да дайындық жұмысын жүргізуі тиіс.

Канондарды алдымен бір дауысты етіп жаттап, соңынан мұғалім бірінші дауысты, ал оқушылар екінші дауысты айтып үйренеді. Бұл дағдыға балалар әбден үйренген соң, оқушыларды екі топқа бөліп, бірінші және екінші дауыстарды канонмен орындау керек. Екі дауысты айтуға нКөкек(Кукушка) немесе нЖаңғырық(Эхо) ойындарын пайдалануға болады. Мысалы, мұғалім жеке бір дыбысты немесе қысқа ғана әуенді даусын қатты шығарып әдеттеді, ал хор оны қағып алып, жаңғырық сияқты ақырын қайталап айтады. Екі дауысты жаттығулардыайтпас бұрын оқушылардың гармониялық есту қабілетін қалыптастыру қажет. Ол үшін сабақ сайын жаттығулар айтып, дағдылану жұмыстарын жүргізеді. Осы мақсатта тәжірибеде кең тараған бірнеше тәсілдер ұсынамыз:

Оқытушы екі дауысты кішігірім әуенді күйсандықта орындап шыққан соң, оған оқушыларға талдау (екінші дауыс қай бағытта жылжиды? (жоғары, төмен, бір орында); ол қанша дыбыстан тұрады; басты әуен қай партияда?) жатады;

Сүйемелдеу музыкасында басты әуенді қайталамайтын шығармалардыайтқызу. Әншілер дауысын ақырындата шығарып, сырнайдың сүйемелдеуін ығи жақсы естіп отырулары тиіс. Дирижердың көрсету бойынша хор әннің кез-келегн жерінде тоқтап немесе оны қайта жалғастырып дағдыланады;

Таныс әндерге қосымша дауыс жасау. Яғни бір дауыс әнді аяғына дейін айтып шыққанша, екінші дауыс ұзақ нотаны созып тұрады;

Таныс әуенді хорға әр түрлі дыбыстардан бастап айтқызу. Оны меңгерген соң, хорды екі топ бөлініп, бірінші дауыс әнді бастап кеткен соң, екінші дауыс дирижердың көрсетуі бойынша оны басқа дыбыстан (квинта, кварта, терция интервалдарына) бастап айтып, әнді екі дауысқа айналдырады.

Осындай әр түрлі жаттығуларды айтып, репетиция сайын жүйелі түрде дайындық жүргізу өз нәтижесін береді. Әншілердің құлағына сіңісті болып, гармониялық есту дағдысы қалыптасқан соң, екі дауысты ән айту хорға еш қиындық туғызбайтын болады.

Бір сабақтың бойында жаттығуларды жиі өзгертіп, немесе әр репетицияда міндетті түрде жаңа жаттығу үйрену дұрыс емес. Керісінше, бұрыннан айтылып жүрген хорғажақсы таныс жаттығуларды бірнеше мақсатта пайдалану тиімді.

Қазіргі таңда жас ұрпаққа өнегелі тәрбие беру ісі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Тәлім-тәрбиенің негізгі бөлігі болып табылатын эстетикалық тәрбиенің жасөспірімдердің әсемдікті түсініп, ұға білуі және олардың дүниетанымының қалыптасып дамуы жолында атқарар маңызы зор.

Музыка мектептері мен жалпы білім беретін мектептер саласындағы әуесқой оркестрлер мен ансамбльдердің жұмысы оқушыларды әсемдік әлеміне жетелеп, оларғы эстетикалық тәлім-тәрбие берудің бірден-бір тиімді тәсілі болып табылады. Сондықтан да бұл жағдай мектептерде әуесқой оркестрлер мен ансамбльдер үйірмесін батыл түрде ұйымдастырып, оларды оқу процесінде және сыныптан тыс жұмыстар жүргізу барысында кеңінен пайдалану қажеттігін тударады.

Бұл күндері Республикамыздың мәдени-ағарту мекемелері мен мектептерінде халық аспаптары оркестрімен жұмыс жүргізу жөнінде айтарлықтай тәжірибе жинақталған. Сонымен қатар, әуесқой оркестр ұжымдарын құрудың кейбір мәселелеріне, жеке аспаптарды ойнап үйренуге арналған жинақтар мен әдістемелік оқу құралдыры бар. Бұл орайда халық шығармашылығының кейбір ерекшеліктеріне, сондай-ақ қазақ халқының музыкалық аспаптарының шығу тегі мен тарихына арналған Б.Сарыбаевтың нҚазақтың музыкалық аспаптарың атты кітабын атап өткен жөн.

Қазір Республикамыздың түкпір-түкпіріндегі музыкалық және жалпы білім беретін мектептерде орындау мүмкіншіліктері тәп-тәуір әуесқой халық аспаптары оркестрлері мен ансамбльдері көптеп саналады. Дегенмен де, үйірме жетекшілерінің көркемөнерпаздар ұжымдарының жұмысын бақылап, бағыт-бағдар беруде белгілі бір жүйеде жұмыс жүргізбейтін, оқушылардың жалпы музыкалық ой-өрісінің дамуына жете мән бермейтін жайлары да кездеседі. Кейбір мектеп оркестрлерінің жетекшілері өздерінің міндетін тек қана концерттер мен байқауларға репертуар даярлап беру ғана деп ұғынады. Ал кейбір мектептердегі көркемөнерпаздар ұжымдары жұмыстарының белгілі бір мерекеге дайындықтың немесе байқаулар мен олимпиадалардың алдында ғана жанданып, қызу қолға алатынын өкінішпен айтуға тура келеді.

Жасөспірімдердің музыкалық-эстетикалық талғам-талаптарын дамытудағы ең маңызды фактор болып саналатын мектептегі музыкалық тәрбие жұмысын тиянақты жолға қордағы қиыншылықтар, біріншіден, бұл саладағы маман кадрлардың жетіспеушілігінен туындаған жай. Соңғы жылдарға дейін кадр мәселесіне тапышылық көп жерлерде, әсіресе, ауылдарда, шалғай елді мекендерде айтарлықтай орын алып келгені белгілі және қазірде бұл мәселе толық шешімін тапты деп айту қиын. Екіншіден, әлі де болса жер-жерлерде музыкалық тәрбиеге немқұрайлы қарау, жете бағаламау жайттары байқалады. Мектептегі ән-күй сабақтарына көп жағдайда да оқушылардың да, олардың ата-аналарының да қажетсіз пән деп, көңіл аудармай келгені белгілі. Тіпті қазірдің өзінде де мамандар арасында цифрлы жүйе тұрғанда, нота үйрету міндетті емес деген теріс ұғым да кездесіп қалады. Алайда, соңғы жылдары республика мектептерінде бұл бағытта елеулі өзгерістер болып жатыр. Мектептегі ән-күй сабағы мен музыкалы сауаты жөнінде қазақ тілінде оқулықтар жарық көрді. Көркемөнерпаздар ұжымдарының жетекшілерін, мектептегі ән-күй сабақтарының мұғалімдерін даярлау мықтап қолға алынып, олардың кәсіби шеберліктерін арттыру жолға қойылды.

Мектептерде әуесқой халық аспаптар оркестрлерінің дайындықтарын ноталық сауат негізінде өткізетін уақыт жеткен тәрізді. Тиянақсыз, негізсіз білім алу, аспапта ойнау әдістерін ат-үсті меңгеру үйірме мүшелерінің біліміне, ойнау шеберлігіне нұқсан келтіріп қана қоймай, олардың эстетикалық талғам-талаптарына да әсерін тиігетінен жетекшілерінің білгені жөн. Мұндай жағдайға батыл қарсы тұру керек. Өйткені, сабақ өткізуді жеңілдетіп жіберу, үйірме мүшелеріне аспапты қалай болса солай үйрете салу репертуардың қарапайымдылығы мен қарабайырлығына әкеп соғатыны анық.

Үйірме жетекшілерінің көркемөнерпаздармен атқарылатын жұмыстың өзіндік ерекшеліктері мол, қиын да жауапты міндет екенін ескере отырып, қара дүрсін әуесқой музыканттар тәрбиелеуден және арзан қолды музыка репертуарын таңдауда аулақ болғаны абзал. Үйірме мүшелері оркестрге қатысу арқылы тиянақты музыкалық білім алып, жақсы ән-күй ойнай білумен қатар рухани талап-тілеген қанағаттандыра алғаны жөн.

Мектеп көркемөнерпаздар халық аспаптар оркестрін немесе ансамблін құру үшін ең алдымен үйірмені басқаруға өз ісін жақсы белетін білімді жетекшіні қабылдау қажет. Ол өзінің ісін ұйымдастыру жұмыстарынан бастауға тиіс. Ең алдымен оркестрге керекті музыкалық аспаптарды сатып алуға жете көйіл аударғаны жөн. Жетекші сапалы ойнауға ыңғайлы аспаптары сұрыптай отырып, олардың әрқайсысын тікелей өзі тексеріп алуға тиіс. Республиканың түкпір-түкпірінде көп жылдар Осакаровка комбинатында шығарылған музыка аспаптары пайдаланылып жүрді. Бұл аспаптар дыбыс сапасы мен ойнауға ыңғайлылығы жөнінен қанағаттанғысыз еді. Мойыны жуан және дөрекі істелген бұл аспаптарға оқушылардың саусақтары жетпейтін, сондықтан олар көбінде сөрелерде шаң басып текке жататын.

Керекті аспаптарды сатып алғаннан кейін оларды сақтайтын және үйірме мүшелерімен сабақ өткізетін бөлмені дайындау қажет. Оркестр дайындығы өтетін бөлменің іші кең, ауасы таза, жарығы мол, температурасы бірқалыпты, бөтен у-шуы жоқ және акустикасы жақсы болуы міндетті.

Бөлме ішінде орындықтар мен үстелден басқа оқулықтар мен әдістемелік әдебиеттерді, ноталарды, медиатор, канифоль, ішек, тиектер, сол сияқты оркестрге керекті басқа нәрселерді сақтайтын шкаф және пульттер болуы қажет. Екі адамға нота қоятын бір пульт болса жеткілікті. Музыкалық сауат сабығын өткізу үшін бетіне нота сызықтары сызылған кәдімгі сынып тақтасы керек.

Сынып ішін үйірме мүшелері тәлім-тәрбие алатындай көрнекі құралдармен безендіру қажет. Сонымен қатар магнитофон, радиолла тыңдауға арналған күйтабақтар жинағы болса тіпті жақсы.

Музыка аспаптарын сақтайтын бөлменің іші таза, құрғақ, температурасы аса көп өзгермейтіндей бірқалыпты болғаны жөн. Аспаптарды күн көзі түспейтіндей және жылу жүйелерінен қашығырақ сақтаған дұрыс. Өйткені, температураның кенет өзгеруі аспаптардың құлақкүйінің түсіп кетуіне әсер етеді, ал бөлме ішінің үнемі дымқылданып тұруынан аспаптардың желімі ажырап, темірден жасалған ішектері мен кейбір бөліктерін тот басып кетуі мүмкін. Осы сияқты зақымданып, бүлінуден сақтау үшін музыка аспаптарын міндетті түрде тығыз матадан тігілген тыспен қаптап қор керек. Аспаптың тысы екі қабат матадан тігіледі, сырты брезент, немесе сол сияқты басқа матадан, ал іші бөзге ұқсас жұмсақ матамен көмкеріледі. Аспаптар жерде жатып соғалып, сынып қалмау үшін қатар-қатар тізілген

сөрелер жасап, оларды соған қоғ керек, ал домбыра сияқты аспаптардың мойнына үзілмейтін жіптен бау тағып, іліп қойған жөн.

Оркестрге оқушылар қабылдау жұмысын оқу жылының басында жүргізген дұрыс, алайда жыл бойғы оқу мерзімінің ішінде де талапкер оқушыларды қабылдап, ұжым құрамын толықтырып отыруға болады. Алдымен мектепте оркестрге талапкер оқушылар қабылданытыны жөнінде хабарландыру жазылған тақташа ілінуі керек. Егер оркестр жетекшісі әр сыныпқа кіріп, үгіт түрінде оркестр жайында әңгіме өткізіп, ынта-ықыласы бар балаларды іріктеп алса, нұр үстіне нұр.

Оқушылардың музыкалық қабілетін тексеруді олардың ырғақты сезіне білу қасиеттерінен бастау керек. Себебі, ырғақты сезіне білмейтін адамды музыкаға үйрету өте қиын іс. Тексеру барысында ең алдымен ырғақтың жеңілінен бастап, бірте-бірте қиындата түскен жөн. Егер бала ырғақты екі-үш көрсеткеннен кенйін мүдірмей қайталап беретін болса, онда оның ырғақты сезіне білу қабілетінің бар болғаны.

Музыкалық есту қабілетін тексеру кезінде үйірме жетекшісі бір аспапта әр түрлі дыбыстарды біртіндеп ойнап, оқушыдан әр естіген дыбысын анық, асықпай, дауыстап қайталап беруін сұрайды. Музыкалық есте сақтау қабілетін тексергенде, бұрын естімеген түрлі әуендерден үзінділер ойналып, сол әуенді дауысымен өзгертпей айтып беру талап етіледі. Егер оқушыға бұл әуендер қиындық тудырса, оларға бұрыннан таныс, сөтіп жүрген әуенінен үзінді ойнап, қайталап, айтқызуға болады. Оқушы дыбыстарды дұрыс айтып берсе, онда, сөз жоқ оның бұл қойылған талапты қанағаттандырғаны. Кейде оқушылар дауысы жоқ екенін сылтау етіп, немесе көпшіліктен ұялып, қойылған талапқа дұрыс жауап бермеуі де мүмкін. Мұндай жағдайда қабілеті жоқ екен деп бірден шешім қабылдау ағаттық болады. Керісінше, жетекші оны асықтырмай, дыбыстарды қайта-қайта ойнап, керек кезінде өзі дауыстап пйтып көрсеткені дұрыс.

Үйірме мүшелерін оркестр аспаптарына бөлу кезінде олардың музыкалық қабілеттерімен қатар, дене құрылысын ескеруді, аспапты таңдау тілегені мұқият қарауды ұмытпау керек. Оқушылар оркестрге мүше болған соң, өздеріне ұнайтын музыкалық аспаптарды ойнап үйренгісі келгенімен, бұл талап оркестрді құруға, әр түрлі аспаптарды оркестрдің үндестігі бойынша пайдалануға кедергі жасауы мүмкін. Сондықтан үйірме жетекшісі оларға оркестрді құру жөнінен мағлұмат беріп, оркестрдегі әр аспаптың маңызын түсіндіруі керек. Мәселен, бас, контрабас-домбыра немесе сырнай, сол сияқты басқа да аспаптардың біреуінің жетіспеуінің өзі оркестр дыбысына көп нұсқан келтіретінін айтқан жөн. Міне, осылай әр аспап жөнінен түсінікті бағдар алған оқушылар жетекші бөлген аспапты игеруге құлшына кіріседі. Егер оқушы айтқанға көнбесе, онда оған екі аспапта – біреуін өзінің қалауымен, ал екіншісін жетекшінің қалауымен ойнап үйренуді тапсыру қажет. Алайда, бұл талап оның көңілінен шықпаса, онда өзіне ұнаған аспабын қалдыру керек. Кейін, аспапты әжептеуіп игерген соң, оқушыға оркестрге қажетті аспапты үйрету оңайға түседі.

Осы сияқты көптеген әдістерді қолдану арқылы оқушылардың музыкалық шығармашылығын жетілдіруге болады.

Қорыта айтқанда, мектептегі барлық пәндер сияқты, музыка сабағы да оқушыларды азаматтық рухта тәрбиелеп, олардың дүниетанымын дамытып, ой-өрісін кеңейтуді, сонымен қатар музыка саласында білімін жетілдіруді мақсат етеді. Алайда музыка жай сабақ емес, өнер сабағы болғандықтан, оның өзіндік ерекшеліктері және атқаратын міндеттері бар. Атап айтқанда, оқушылардың дүниетанымы, өмірге деген көзқарасы музыкалық шығармаларды тыңдау немесе орындау кезінде алған әсерлену сезімі арқылы тәрбиеленеді. Сондықтан музыка және өмір деген ұғым әр сабақтың ең өзекті мәселесі болып отыруы шарт. Олай болса, оқушының сабақта қолданған барлық әдістері осы түйінді мәселені ашуға бағытталуы тиіс. Ал ән айту, музыка тыңдау дағдыларын үйрену музыкалық сұлулығын, әсем сазын терең түсініп, одан эстетикалық әсер, нәр алу жолдарын жеңілдетеді. Демек, музыка сабағында сезім мен саналылық, көркемдік пен шеберлік шындау бірігіп, тұтасып кетуі тиіс. Сонымен қатар оқушы сабақта жұмыстың ұжымдық, топтық, әрі жеке түрлерін алмастыра білуі тиіс.

Тыңдалатын музыкалық шығармалар және үйретілетін әндер негізінде бірінші сынып оқушыларына музыка саласындағы ең қарапайым, әрі жалпылама түсініктер беріледі. Мысалы, музыкадағы төрт алып (ән, би, күй, марш) өмірмен тығыз байланысты, сондықтан ол адамның көңіл-күйін, ойлаған ойын бейнелейді, бізді қоршаған табиғат көріністері мен құбылыстарын суреттейді. Осыған байланысты музыка көңілді, қайғылы, ойнақы, баяу, жылдам, ойлы, салтанатты болып келеді.

Музыкалық шығарма әр түрлі дыбыстан құралып жазылады. Ал дыбыс-ардың түрі өте көп: жоғары, төмен, жуан, жіңішке, ұзақ, қысқа, жылдам, баяу, біртіндеп бәсеңдейтін немесе біртіндеп күшейетін т.б. Сонынмен қатар музыкада ырғақ, саз, әуен, жылдамдық деген болады. Міне, осылардың бәрі музыка тіліне жатады. Бірінші сыныпта оқушылар оларды ажырата білуі тиіс.

Әлеуметтік қызметкердің отбасымен жұмыс жүргізуіне тиісті кәсіптік білім ғана емес, сондай – ақ жеке дайындығы болуы, белгілі кәсіптік – этикалық норма мен принципті ұсатуы керек. Өз клиенттеріне ықпал етуі, кәсіби мәселелерді, әлеуметтік жұмыс туралы білімді, тәжірибені игеруде, оның заң жүзіндегі өкілеттілігі мен мәртебесі және беделі, харизматикалық (харизма – бедел, жеңімпаз (М. Вебер) , ерекше қасиеті мен таланты және жеке өзіне тән тартымдылығымен ғана шешуге болады. Әсіресе, оның интеллектуалды, жалпы мәдениетті, адамгершілік әлеуметтілігі ретінде қызметкердің жеке қасиеті маңызды. Осындай қалыптасқан және бекітілген қасиеттерінің арқасында әлеуметтік қызметкер өзінің кәсіптік қызметін неғұрлым тиімді жүзеге асыра алады. Жеке алғанда, бұл оның халықтың әртүрлі әлеуметтік топтары және олардың ерекшеліктері туралы мәлімет алуына, өз ісінің салдарын алдын – ала білуіне, адамдардың әртүрлі категорияларымен (жеткіншектерімен, жетім балалармен, мүгедектермен, жалғыз басты аналармен, егде адамдармен және т.б.) қарым – қатынас жасауға, клиенттерге мейірімділік танытуға, олардың сеніміне енуге, қақтығыс, сәтсіздік, жұмыс қиын кездерде клиент өмірінің жыныстық мәселелеріне сыпайыгершілік және сезім тұрақтылығын танытуға, клиентке деген ізгі ниеттілікті, сабырлықты және ілтипаттылықты сақтай отырып, өз борышын адал орындауға мүмкіндік береді.

Осының бәрі әртүрлі жеке тұлғалық қасиеттің болуын шынымен талап етеді. Арнайы әдебиетте жеке тұлғаның мейірімділік бағыты, жеке және әлеуметтік жауапкершілігі, ізгілік пен әділеттіліктің күшейтілген сезімі, өз басының беделін сезіну және басқа адамның беделін сыйлау, шыдамдылық, мейірімділік, тәртіптілік, эмпатиялық(қоса уайымдау) , басқаны түсінуге және оған көмек көрсетуге дайын болу, сезім тұрақтылығы, өзінің бағалауы, талап етуі және әлеуметтік дағдылануы бойынша қасиеттерді жиі атап көрсетіледі. Айтылған қасиеттер әлеуметтік қызметкердің кәсіптік,еңбек этикасын көрсетеді. Оның мазмұны моральдық құндылық пен норманың жиынтығына біріктірілген адамның еңбекке деген қатынасымен анықталады, ол еңбек қызметі саласындағы адамның мінез – құлқында сипатталады.

Әдебиеттер

1. Василькова Ю.В., Василькова Т.А. Социальная педагогика. Уч. пособие.-М., 2006.
2. Мардахаев Л.В. Социальная педагогика: учебник.-М.: Гардарики, 2005.-269с.
3. Мудрик А.В. Введение в социальную педагогику.-М., 2006.
4. Басов Н.Ф., Басова В.М., Кравченко А.Н. Социальный педагог введение в профессию: учеб.пособие – М: Издательский центр “Академия”, 2006,-256с.
5. Мардахаев Л.В. Методика и технология работы социального педагога. Уч.метод.пособие – М.: 2003.
6. Загвязинский В.И. Методология и методика социально-педагогического исследования: Книга для социальных работников и социальных педагогов. – М., 2005.
7. Сапис М.,Уэллс К. «Опыт социальной работы». Введение в профессию. – М., 2004.

Резюме

В статье рассматриваются теоретические аспекты семейно-брачных отношений. Анализируются основные параметры социальной работы с семьями, а также морально-этические нормы поведения социального работника с клиентами.

Summary

The article discusses the theoretical aspects of family relations. Analization basic parameters of social work with family and moral norms of behavior social work with clients.

ӘОЖ 364.4-5

Р.Д.Дарибаева - п.ғ.к., доцент, **А.А. Мамбеталиева** - магистр, аға оқытушы
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ХАЛЫҚҚА ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ ҚӨРСЕТУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Андатпа: Әлеуметтік жұмыс көмек көрсетуге, қолдау жасауға, барлық адамды, әсіресе тұрғындардың әлсіз топтарын қорғауға бағытталған. Сондықтан да мұнда гуманизм басым болып, әлеуметтік жұмыс баға комплексіндегі элементтерден құрылып, тарихи даму барысында оның қайырымдылық жасау, әлеуметтік әділдік пен индивид жетістігі сияқты үрдістері сақталып қалды. Әрбір адам өзінше бағалы, мұны әрқашан ескеріп құрметтеу керек.

Кілттік сөздер: мемлекет, көмек, қолдау, қымсыздандыру, отбасы, әлеуметтік, тұлға, қарым-қатынас, мәдениет, индивид, халық, зерттеу

Қазіргі кездегі концепциялар арасында әлеуметтік жұмыстың жүйелілік-теориялық тәсілі өзекті болып табылады. Зерттеушілердің біразы әлеуметтік жұмыстың мәнін анықтау үшін АҚШ-тың ұлттық әлеуметтік жұмысшыларының ассоциациясы ұсынған түсінікті айтады: «Әлеуметтік жұмыс – бұл индивидтер, топтар немесе қауымдарға көмек көрсететін, олардың әлеуметтік жұмыс істеуіне мүмкіндіктерін және осы мақсаттарға жету үшін қолайлы қоғамдық жағдай жасауын күшейту немесе жандандыратын кәсіби қызмет» [3, с.168]. Әлеуметтік жұмыстың зерттеу пәні ретінде, ең алдымен, адам және оның қоғамда алатын орны, қоғамның адамға және адамның қоғамға қарым-қатынасы болып табылады. Әлеуметтік жұмыстың маманы мемлекет пен оның азаматтарының арасында адам құқығын қорғай алатын емші ретінде қолданылады. Мұндай емшіге қажеттіліктің пайда болу себебі, ең алдымен, мемлекет адамның өмір сүру барысындағы құқықтары мен жетістіктеріне берген кепілдігін әрқашанда орындай бермейді. Негізінде мемлекет тарапынан берілген кепілдіктерді алмаған жағдайда, адамның кері қайтаратын реакциясы ассоциалды, аполитикалық болып табылады. Әлеуметтік жұмысшы адам мен мемлекеттің, тұлға мен қоғамның арасындағы емші ретінде, әлеуметтік заңдық білім мен іс-тәжірибеде жүзеге асатын әртүрлі формалардың арқасында, мемлекеттің адамға және адамның мемлекетке деген қызығушылықтарына бейімдеу іс-әрекеттерін атқарады. Әлеуметтік жұмысшының тәжірибеде көрсететін әрекеті - бұл ең алдымен, әртүрлі жалпы және жеке технологияларды, соның ішінде әлеуметтік диагностика, емдеу, бейімдеу, дамыту, әлеуметтік экспертиза мен болжау, әлеуметтік қамқорлығына алу мен кеңес беру, әлеуметтік қамтамасыз ету мен сақтандыру, асырап алу мен қамқорлығына алу сияқты жағдайларда қолданылады. Қоғамның әлсіз буынына арналған қызмет бұл әлеуметтік көмектің маңызды формасы ретіндегі әлеуметтік жұмыс болып табылады. Әлеуметтік жұмыс – мемлекет немесе жергілікті билік ұйымдастырған және арнайы дайындығы бар қызметкерлер арқылы көрсетілетін әлеуметтік қамтамасыз ету болып табылады [4]. Бұл анықтама қоғамның белгілі бір буынын мемлекеттік қолдау тұрғысынан дәйектелінеді. Әлеуметтік технологиялар әлеуметтік жұмысшы әрекетінің пәндік сферасы ретінде мынандай жағдайларда қолданылады: отбасылық, жұмыссыздық, мигранттар арасындағы шиеленіскен қарым-қатынаста, кедейшілік, жетімдер мен мүгедектерге және жалғыз басты аналармен, т.б. жұмыс атқарады.

Әлеуметтік жұмыс жүйесі оны ешқандай аспектіде қарастырмай, оны экономика, саясат, құқық, мәдениет, этика, экология, тұрмыстық қызмет көрсету және т.б. әлеуметтік жүйелермен тығыз байланысты өрбітетін ашық жүйе ретінде көрсетеді. Әлеуметтік жұмыс жүйесінің басқа жүйелермен және жалпы қоғам жүйесімен байланысын ұғыну, елестету әлеуметтік жұмысты қоғамдық мәдениеттің жоғары деңгейіне көтереді, қоғамды шын мәнінде гуманды етеді, адамды қоғамдық өмірдің ортасына қояды, адамды адам етеді. Соңғы жылдары әлеуметтік қызмет ретінде әлеуметтік жұмысты зерттеу күшейе түсуде. Әлеуметтік жұмыстың жіктелуі стратификациялық-психологиялық белгілерге негізделген. Ол балалар мен ересектер, жастар мен қариялар, дені саулар мен аурулар, физикалық және ой еңбегінің қызметкерлері, мәдениетті, білімді және мәдениетсіз, білімсіз, жоғары білікті және үйретілмеген, тәжірибелі және жаңадан бастап жүргендерді есепке алады. Клиенттің әлеуметтік жағдайы әлеуметтік жұмыстың пәні болып табылатындықтан әлеуметтік қызметкерге ерекше мән беріледі. Әлеуметтік жағдай ұғымы аталмыш клиенттің әлеуметтік проблемасымен тікелей байланысты және оның ықпалы оның оң шешім табуына әсер етіп, өзара әрекеттің байланыстарын көрсете алатын методологиялық құрал болып табылады. Әлеуметтік жұмыстың мәнін түсіну үшін әлеуметтік жұмыстың теориялық негіздерінің үш бағытын бөліп көрсетуге болады. Бірінші бағыт

бойынша әлеуметтік жұмыстың ғылым ретінде басқа пәндер арасында орны анықталады. Екінші бағыт бойынша әлеуметтік жұмыстың өзіндік теориялық негіздерін іздеу жүзеге асырылады. Үшінші бағыт бойынша оның басқа ғылымдармен өзара әрекеті айқындалады.

Әлеуметтік жұмыс құрылымы негізгі екі элементтен тұрады. Олар: объект және субъект. Әлеуметтік жұмыстың объектісі – көмекке мұқтаж адамдар болса, ал, субъектісі – сол көмекті жүзеге асыратын адамдар тобы жатады. Әлеуметтік жұмыстың объектісі болып табылатын адамдар тобын үш категорияға бөлуге болады. Біріншісіне - әлеуметтік қорғалмаған топтар, екіншісіне – маргиналды топтар, үшіншісіне – ауытқымалы мінез-құлқы бар адамдар[5, с.306].

Әлеуметтік жұмыста объект пен субъектіні түсіну үшін маңызды үш кезеңді белгілейміз: олардың айырмашылығы; органикалық өзара әрекеті, байланысы; олардың орын ауыстыруына мүмкінділігі. Объектіні субъектіге, оның тәжірибелік және танымдылық қызметіне қарсы тұрады деп түсіндіруге болады. Ол жай ғана объективті шындықтарға ұқсас болып қана қоймайды – сонымен қатар субъектпен өзара әрекет ететін бөлігі болып табылады. Кең мағынада әлеуметтік жұмыс объектісі болып барлық адамдар табылады. Бұл барлық халық топтары мен қабаттарының өмір-тіршілігінің белгілі бір шамада қоғам дамуының деңгейінің әлеуметтік сала жағдайының, әлеуметтік саясат мазмұны және оның жүзеге асу мүмкіндігінің алдын ала анықталу бағыныштылығымен түсіндіріледі. Сонымен қатар кез келген адам, кез келген уақытта, өзінің өмір сүру кезеңінде өзінің қажеттіліктері мен мүдделерінің толықтай қанағаттануын қажет ететіндігін ескеру керек. Сонымен қоса әрбір тіршілік саласында олар теңдей қанағаттанбауы мүмкін: бай адам стрестік жағдайымен байланыссыз тыныш ахуалда, денсаулығын сақтауды және нығайтуды қажет етеді; ал дені сау аядам өзінің түрлі идеяларын іске асыруға мүмкіндігі жоқ кедей болуы мүмкін; кез келген жанұяда ата-аналар арасында немесе бала мен ата-ана арасында келіспеушіліктер болады (бұндай әрекет әсіресе қоғамның кризистік жағдайында байқалады), - яғни, әрбір адам қандай жағдай болмасын қолдауды, көмекті, қорғауды қажет етеді.

Халық әртүрлі негізде құрылған және одан, өздерінің әлеуметтік және басқада мәселелерінің кейбіреулерін ғана шеше алатын немесе мүлдем шеше алмайтын қиын өмір жағдайындағы адамдар, топтар бөлінеді. Сондықтан, әлеуметтік жұмысты тар мағынада қарастыра отырып біз объект дегенде, дәл осы топтар, халық қабаттары, олардың жеке уәкілдері, индивидтер екенін түсінеміз.

Бұндай объекттер жеткілікті. Олардың басымдылығын есепке ала отырып жіктеп көрейік: өмір қиындықтарын өз бетінше жеңуге мүмкіндік бермейтін *денсаулық жағдайы*. Бұл келесідей халық топтары: мүгедектер, радиациялық әсерге шалдыққан адамдар, мүгедек-балалары бар отбасылар, психологиялық қиындықтағы, психологиялық стрестегі, суицидті іс-әрекетке бейім балалар мен ересек адамдар; *Жедел (экстрималды) әлеуметтік жағдайдағы қызмет және еңбек*. Бұл топқа Ұлы Отан соғысының ардагерлері және Ұлы Отан соғысы кезінде тылда еңбек еткендер, соғыс кезінде қайтыс болған әскери қызметкерлердің аналары және жұбайлары жатады; адамдардың егде, зейнеткерлік жасы, белгілі бір жағдайларға байланысты қиын тұрмыс жағдайындағылар, - олар жалғыз басты қарт адамдар, және зейнеткерлерден құралған отбасылар (жасына, мүгедектігіне және басқада негіздерге байланысты). *Девиянттық мінез-құлықтың әр түрлі формада көрінуі*. Бұл санатқа девиянттық мінез-құлықтағы балалар мен жасөспірімдер; зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалар; денсаулығы мен дамуына қауіп төнетін жағдайға душар болғандар; арнайы оқыту және түзеу мекемелерінде бас бостандығынан айыру орындарында болған адамдар; алкаголь ішімдіктерін, наша қолданатын отбасы мүшелері жатады; *Әр түрлі санаттағы отбасылардың бейберекет қиын жағдайы*. Бұл халық тобына бала асырап алушы отбасыларды және асыраушысынан айырылған балаларды; төмен деңгейлі табысы бар отбасыларды; жас отбасыларды; ата-аналары кәмелетке толмаған отбасыларды; ажырасушы отбасыларды; ата-анасы үнемі конфликтті қарым-қатынаста болатын отбасыларды жатқызуға болады; *Балалардың ерекше жағдайы* (жетімдік, кезбелік және т.б.) Бұл негізде келесі топтарға бөлінеді: бала үйлері мен мектеп- интернаттарының түлектері; жетім қалған немесе ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар; бақылаусыз қалған балалар мен жасөспірімдер; *Кезбелік, баспанасыздық* Бұл топқа тұрғылықты мекен-жайы жоқ адамдар, тіркелген қашқындар, амалсыздан жер аударушылар; *Босанғанға дейінгі және босанғаннан кейінгі жағдай*. Бұл жүкті және емізулі, сонымен қатар бала күтуіне байланысты демалыстағы әйелдер тобы; *Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған және соңынан ақталған адамдардың құқықтық (сонымен қатар әлеуметтік) жағдайы*. Бөгде адамдардың көмегін қажет ететін адамдар *әлеуметтік жұмыс объектісі болады*. Олар: қарттар; зейнеткерлер; мүгедектер; балалар; қиын өмірлік жағдайға душар болған адамдар; жағымсыз ортаға тап болған жасөспірімдер, маскүнемдер, нашақорлар, жыл сайын өзін-өзі өлтіретіндер, жұмыссыздар, жезөкшелер және т.б.

Әлеуметтік жұмыстың бірден-бір маңызды және басты объектілерінің бірі– отбасы, жалғыз басты аналар отбасы, мүгедек балалары бар отбасылары. Сол сияқты ата-аналары мүгедек отбасылар. Әдетте, қиын материалдық жағдайда әсіресе кішкентай балалары бар (3 жасқа дейінгі) отбасылар. Осы отбасыларына қосымша мемлекет қамқорлығында босқындар мен көшуге мәжбүр болған отбасылары

бар. Тағы бір көмек қажет ететін отбасы категориясы - ол кәмелетке толмаған балалары бар жұмыссыздар отбасы. Тағы бір отбасылар – ол маскүнемдер, нашақорлар мен тәртіп бұзушылар т.б. Әлеуметтік жұмыс осы отбасыларының проблемасын шешуге ғана емес, оларды нығайту, дамыту, отбасының ішкі потенциалын, әлеуметтік-экономикалық демографиялық жағдайын тұрақтандыру. Қаладағы қаңғыбастар мен үйсіздер бұл адамзаттың тіршілік ету аралығындағы құбылыс. Бірақ бұл құбылыс, әсіресе әлеуметтік күйзелістер кезеңінде және табиғи апаттар, атап айтсақ: соғыс, аштық, су тасқыны, жер сілкіну, дағдарыс процестері түрлі елдерде кеңінен кездеседі. Ол дамыған, сондай-ақ нашар дамыған елдерге тән. Қазіргі жағдайда көптеген елдерде қаңғыбастық пен үйсіздер проблемасын қиындататын жалпы принциптерге қоса принциптер сипаттамасы: тұрғын үй мен арзан тұрғын үйдің жетіспеушілігі;жұмыссыздыққа байланысты тұрғын үйге төлейтін қаржының жоқтығы;кейбір азаматтар мен көптеген отбасының табасының аздығы;қоғамның әлеуметтік саулығы (маскүнемдік, нашақорлық т.б.);отбасындағы қарым-қатынастың іске асыруда мүмкіндіктердің нашарлығы.

Әлеуметтік жұмыс зерттеушілері, ғылыми жұмысшылар әлеуметтік жұмыс жағдайын сараптайды, әртүрлі әдістерді қолдана отырып ғылыми бағдарламаларды қайта өңдейді, бар және пайда болған тенденцияларды (беталыстар) бекітеді; әлеуметтік жұмыс мәселесі жайлы мақалаларды жариялайды, ғылыми есептер, кітаптар шығарады.

Алайда әлеуметтік жұмыстың басты субъектісі, әрине ұйымдар емес, әлеуметтік жұмыспен кәсіби түрде немесе қоғамдық бастауларда айналысатын адамдар болып табылады.

Кәсіби қызметкерлер айтарлықтай көп емес. Бүкіл әлем бойынша есептегенде кәсіби қызметкерлер саны 500 мыңға жуық адам. Бұлар «әлеуметтік қызметкерлер» маманы екенін куәландыратын дипломы бар адамдар. Соңғы жылдағы жүргізілген іс- шаралар нәтижесінде Қазақстанда бірнеше ондаған мың әлеуметтік қызметкер дайындалған.

Әлеуметтік жұмыс субъектісі болып келесілер табылады: 1) әлеуметтік көмек көрсететін әлеуметтік қызметкерлер, әлеуметтік педагогтар; 2) басқаларды әлеуметтік жұмысқа үйрететін мамандықтар мен оқытушылар құралы; 3) зерттеушілер.Жалпы мұқтаж адамдарға әлеуметтік қызмет көрсету бойынша негізгі ауырлық дипломы жоқ, белгілі бір мән-жағдайларға байланысты әлеуметтік жұмыспен айналысып жүрген бейкәсіби (мамандандырылмаған) әлеуметтік қызметкерлерге жүктеледі.Әлеуметтік жұмыс туралы айтқанда, тағы бір жағдайды ескере кеткен жөн. Жоғарыда айтылған қызметкерлер арасында негізінен әлеуметтік жұмысты ұйымдастырумен айналысатындар бар (оларды *ұйымдастырушылар* немесе *басқарушылар* деп атауға болады) және де кейбіреулері тек қана міндетті түрде әлеуметтік көмек көрсетумен айналысады. Ал оларды *дағдыланушы әлеуметтік қызметкерлер* деп атауға болады[6,с.148].

Әлеуметтік зерттеудің қажеттілігін мына түрде түсіндіруге болады, біріншіден, әлеуметтік мемлекетті құру қоғамдық дамудың бірден-бір мақсаты болып табылады. Іс-тәжірибеде бұл мақсаттың нәтижесі әрбір адамның қазіргі өркениетке лайық өмір сүрумен аяқталады. Екіншіден, жаһандық және аймақтық деңгейде әлеуметтік жұмыстың институционализациялау процесі әлеуметтік жұмыстың пәні ретінде ғылыми талдауда маңызды проблемалардың қатарына жатады. Адам әлеуметтік жұмыстың теориялық оқу пәні болып, абстрактілі индивидпен қатар, нақты бір тұлға ретінде де қарастырылады.Үшіншіден, әлеуметтік жұмыстың жаңа мамандық болғанына қарамастан, оның академиялық және әкімшілік әлемге қатысты ұстанымдарымен түсіндіріледі. Төртіншіден, әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, әлеуметтік жұмыс жеке өмірдің дәстүрлі сферасына белсенді түрде ат салысуда. Бесіншіден, әлеуметтік жұмысқа қатысы жоқ және ең басты себебі, ол қазіргі қоғамға мамандық ретінде тәуелді болып отыр.Алтыншыдан, зерттеудің теоретикалық қажеттілігі әлеуметтік жұмыс институтын әлеуметтанулық аспектіде зерттеу мүмкіндігінің аз болуымен байланысты. Жетіншіден, әлеуметтік жұмыс дамымай қалған әлеуметтік саясаттың жүзеге асыратын негізгі әрекеттерін ғылыми түрде зерттеп анықтап көрсетіп беруі керек. Қазіргі кездегі әдебиеттерде әлеуметтік жұмыстың түрлі тәсілдері мен концепциялары зерттелген. Я.Г.Гуслякова әлеуметтік жұмыстың төрт парадигмасын бөліп көрсетеді: «радикалды-гуманистік», «радикалды-құрылымдық», «түсініктемелік» және «функционалды» [7,с.65].Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс адамдар өмірінің әлеуметтік контекстін, олардың әлеуметтік өзара әрекетін, оларды түзету және жетілдіру әдістерін зерттейді. Сол тәрізді әлеуметтік институттарға, әлеуметтік жұмыстың институтына, ең ақырында мемлекет және қоғам үшін әлеуметтік тұрақтандыру және сақтау мақсатын орындайды. Сондықтан әлеуметтік жұмыс – бұл тек теория ғана емес, сонымен қатар адамдардың өзара қарым-қатынасының өнері, олар көбінесе қиын психологиялық проблемаларды бастан кешеді немесе ауыр өмірлік жағдайда жүреді.Әлеуметтік жұмыс территориясы, өндірістік белгісі бойынша, ұқсас проблемалары бар немесе барлық қоғамның ішіндегі белгілер бойынша біріккен индивид, отбасы, топтар, адамдар қауымдастығының деңгейінде жүргізіледі.

Қазіргі заманғы зерттеулердің теориялық аспектілерінде әлеуметтік жұмыстың интегративті сипаты сақталады. Әлеуметтік жұмыс теориясының дамуына ең көп ықпалды әлеуметтану, сонымен

қатар кейбір теориялық концепциялар да жалғастырып отыр. Бастапқы методологиялық негізі деп қоғам, қоғам және адамның өзара әрекеті мен өзара тәуелділігі туралы жүйелі ұсынысын айтуға болады. Әлеуметтік жұмыс қазіргі қоғамдық тұрмысты игерудің негізгі компоненттері және ойлаудың әлеуметтік стилі ретінде әлеуметтануды білуге негізделген. Идеяға негізделген әлеуметтік кеңістіктің конструктивтілігін минимизациялауда, әлеуметтік қатынастарды эмпирикалық жолмен зерттеу қоғамның шынайы жағдайын оқып білу, әлеуметтанудың әлеуметтік жұмысқа жақындау ерекшеліктері болып табылады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. –Алматы: Жеті жарғы, 2005.
2. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық көтерілу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа Жолдауы // www.minjust.kz
3. Теория социальной работы // Под. ред. Холостовой Е.И. – М., 1998.
4. <http://www.eionet.europa.eu/gemet/concept?cp=7816&langcode=ru&ns=1>
5. Социальная работа . Учебн. пособие//Под общей редакцией В.И.Курбатова. – Ростов на Дону, 2000.
6. Основы социальной работы//Учебное пособие под редакцией И.В. Мартынова.- М.,2003.
7. Гуслякова Я.Г., Григорьев С.И. Теория и методология социальной работы// Учебное пособие. -М.,1994.

Резюме

В статье рассматриваются теоретические аспекты проведения социологического исследования теории развития социального обслуживания и оказания социальной помощи, лицам нуждающихся в поддержке со стороны общества.

Summary

The article deals with the theoretical aspects of the theory of sociological research of social service and social assistance for persons in need of support from the community

УДК 78.03

О.В.Дмитриева - преподаватель

Южно-Казахстанский музыкальный колледж, Шымкент, Казахстан

ЭМОЦИОНАЛЬНО-ЭСТЕТИЧЕСКИЙ КОМПОНЕНТ В ФОРМИРОВАНИИ АРТИСТИЗМА БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ МУЗЫКИ

На уроках музыки приходится неоднократно входить в контакт с музыкальными произведениями различного характера и в силу этого каждый раз перестраивать собственное эмоциональное состояние. В связи с этим преподаватель должен заново создавать и "партитуру" физических действий - "подстраивать" свой голос, менять мимику, жест. Эмоциональная деятельность подобного рода может создать для учителя музыки значительные трудности, если он в достаточной степени не владеет искусством саморегуляции - своеобразным механизмом управления своей психофизической природой (1).

Саморегуляция позволяет учителю достигать адекватного состояния для осуществления творческих задач. В процессе эмоциональной саморегуляции наблюдается три фазы:

собственно эмоциональное "заражение" художественным материалом и идентификация с музыкально-поэтическим образом при подготовке к исполнению; реализация своей эмоционально-эстетической установки в процессе исполнения; анализ и корректировка произведенных действий.

Эмоционально-эстетический компонент, прежде всего, связан с сенсорным опытом педагога-музыканта, с экспрессивными сторонами его личности. Особое значение здесь приобретает способность учителя-музыканта пропускать все явления педагогического процесса через свой "эмоциональный фильтр".

В силу этого педагогу-музыканту необходимо быть эмоционально воспринимающим человеком и перестраивать собственные эмоционально-эстетические состояния, владеть чувством темпоритма.

Эмоциональный компонент артистизма предполагает развитие способности к острому и активному реагированию будущего учителя музыки на реальную обстановку в классе, на изменения эмоциональной атмосферы. Эта способность должна также органично сочетаться с яркими экспрессивными проявлениями педагога, основой которых являются голосовые, мимические, визуальные и моторные процессы. Таким образом, мы можем в связи с этим говорить о том, что только взаимодействие внутреннего: эмоционального, и внешнего: экспрессивно-

выразительного действия способствует формированию у будущего педагога-музыканта способности к созданию оптимальной драматургии урока и созданию условий для творческой самореализации всех участников педагогического процесса.

Активное эмоциональное состояние учителя влияет на сознание и деятельность учащихся, поэтому ему необходимо владеть своими эмоциями и знать, способен ли он к творческому восприятию действительности и соответствующему воздействию на коллектив класса в непрерывно меняющейся атмосфере урока-спектакля, сохраняя при этом адекватность самому себе, что можно отнести к принципам перевоплощения.

Практика показывает, что слабое проявление эмоционального начала негативно сказывается на общем качественном уровне решения коммуникативных задач.

Артистизм формируется на фоне активной мыслительной деятельности педагога-музыканта, поэтому внимание к этому аспекту вполне оправданно. Данный компонент предполагает способность логически выстраивать систему действий, подвергать ее анализу и корректировке. Он включает в себя так же и такое профессиональное личностное качество как "режиссирование" своего творческого самочувствия и психофизических состояний в ходе педагогического общения (1).

Поиск форм выражения охватывает эмоциональную и интеллектуальную сферы личности музыканта. Это выражается в выборе средств педагогического общения, в способности моделирования ситуаций, в логике преподнесения музыкального и дидактического материала. Все эти действия включают следующие стороны педагогического мышления педагога-музыканта: анализ, синтез, обобщение, сравнение и т.п.

Мышление музыканта концентрируется главным образом на следующих аспектах деятельности:

- образного строя произведения - возможных ассоциаций, настроений, скрытых за ними мыслей;
- открытие логики развития мысли в произведении. Анализ особенностей мелодии, гармонии, ритма, фактуры, динамики, агогики, формообразования;
- нахождение более совершенных путей, способов и средств воплощения на инструменте или на нотной бумаге мыслей и чувств (5).

Для музыканта очень важно развитое художественно-образное или "театральное" мышление. Театральное мышление - это особое качество личности, которое позволяет воспринимать другие искусства с точки зрения режиссера или актера, наблюдать в них особенности театральных жанров (2).

Искусство, художественная деятельность - это область, где живет игра на протяжении всей человеческой жизни. Именно искусство позволяет взрослым говорить на одном языке с детьми, возвышая их внутренний мир к фантастическим вершинам (3).

Если речь идет об артистизме личности учителя, об умении владеть собой в полной степени, то в игре есть элемент мастерства, педагогической целеустремленности и психологической "эластичности" воспитателя (6).

А.С. Макаренко прямо говорил о том, что педагог должен быть веселым и бодрым и указывал на необходимость театрализации тона, движений, мимики, которая требуется для проявления всей палитры учительских чувств. Он призывал учиться этому и требовал этого от своих коллег. Для создания радостного, бодрого настроения педагог должен обязательно уметь немного играть. Конечно, говоря об актерской игре учителя, нужно подчеркнуть, что по своей специфике она коренным образом отличается от игры актера в спектакле: учитель не перевоплощается в новую личность, а остается самим собой. Его основная сила — свойственные ему личностные качества, его духовное богатство.

Актерское искусство предполагает действие в условно предлагаемых действиях спектакля на глазах зрителей, которое должно быть целенаправленным, продуктивным и органичным. Действия учителя на уроке совпадают с действиями актера. "Если артист действительно личность, если он человечески богат и неординарен, он будет интересен залу,... потому что человеческое богатство уже само по себе артистично" (4).

Многие исследователи отмечают, что одним из самых существенных условий творчества, как актера, так и педагога, для раскрытия их возможностей и способностей является публичность. Публичность творчества является источником переживаний учителем своего успеха, или неуспеха, самооценки своих возможностей и даже профессиональной пригодности. Учитель на уроке, как и актер на сцене, постоянно мыслит, говорит, двигается, переживает, непрерывно реагирует на всевозможные раздражители, и все эти процессы, так или иначе, составляют действенные проявления.

Публичность является одним из самых сильных факторов, препятствующих развитию творческой свободы учителя, так как на него возлагается роль лидера, способного воздействовать на умы и сердца ребят. Поэтому необходимо знать, как в этих условиях будущий учитель будет реализовывать то или иное режиссерское действие урока, проявлять свои действия и эмоции.

Главный методологический принцип в использовании приемов актерского мастерства в педагогических заведениях - это освоение закономерностей человеческого поведения в специфических

сценических условиях школьного урока, при которых обычная атмосфера учебного класса постепенно преобразуется в особую атмосферу сценической площадки и зрительного зала.

Литература

1. Возрастная и педагогическая психология: Хрестоматия. /Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений /Сост. И.В. Дубровина, А.М. Прихожан, В.В. Зацепин. - М.: Изд. центр «Академия», 2001. - 368 с.
2. Дубровина И.В. и др. Психология: Учебник для студ. пед. учеб. заведений /И.В. Дубровина, Е.Е. Данилова, А.М. Прихожан; Под ред. И.В. Дубровиной. - 2-е изд., стереотип. - М.: Изд-ий центр «Академия», 2001.-464с.
3. Лапшин И.И. О музыкальном творчестве //Музыкальная психология: Хрестоматия. Сост. М.С. Старчеус. - М., 1992. - 210 с.
4. Майковская Л.С. Артистизм учителя музыки: Учебное пособие – Изд. 2-е, допол. – М.: МГУКИ, 2005. – 68 с.
5. Петрушин В.И. Музыкальная психология: Учеб. пособие. - М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 1997. - 190 с.
6. Психология одаренности детей и подростков: Учеб. пособие для студ. высш. и средн. пед. учеб. заведений /Ю.Д. Бабаева, Н.С. Лейтес, Т.М. Марютина и др.; Под ред. Н.С. Лейтеса. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Изд. центр «Академия», 2000. - 336 с.

Түйін

Мақалада мұғалімнің әртістік тұлғасының қалыптасуы мен дамуына байланысты сұрақтар қаралған. Автор болашақ педагог-музыканттың педагогикалық үрдіске қатысушылардың шығармашылықпен айналасуына жағдай жасай білу қабілетін қалыптастыруына байланысты кейбір сұрақтарды қарастырған.

Summary

The questions of formation and development of virtuosity of teacher`s personality are considered in this article. The author considers some peculiarities of formation of future musician-teacher`s ability to create conditions for creative self-realization of all participants of pedagogical process.

УДК 378:057.95

С.С.Естемесова – к.п.н., доцент
ЮКГУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ТЕСТОВОЙ ДИАГНОСТИКИ В МУЗЫКАЛЬНОЙ ПЕДАГОГИКЕ

В современном обществе информационные технологии активно внедряются в сферу образования. Кроме того, в наши дни наблюдается повышенный интерес к проблеме компьютерного тестирования как вида объективного контроля знаний, умений и навыков обучаемых и одного из способов повышения качества образования.

В последние годы тесты разрабатываются и применяются в отдельных дисциплинах музыкального образования на разных его ступенях, начиная с ДМШ и предмета «Музыка» общеобразовательной школы и заканчивая музыкально-педагогическими факультетами и консерваториями.

Следует отметить, что в музыкально-теоретических и музыкально-исторических дисциплинах форма теста, но под иным названием, применяется многие десятилетия. Например, в курсе «Музыкальная литература», а позднее в «Истории музыки» слуховое знание музыкальных произведений различных композиторов определяется при непосредственном восприятии звукового материала, транслируемого с помощью технических средств обучения (раньше это были проигрыватель, магнитофон или музыкальный центр, а сейчас – компьютер). Такой вид теста известен под названием «музыкальная викторина». В курсе сольфеджио используется другой вид слухового тестирования – музыкальный диктант (мелодический или гармонический). Методика применения этих традиционных видов слуховых тестов известна. Изучается творчество композитора или ряда композиторов определенной школы или направления (венские классики, романтики, импрессионисты

и т.п.) и в качестве контроля знания музыкального материала данных композиторов студентами используется «викторина».

Аналогично в соответствии с тематической программой курса сольфеджио отбираются и применяются музыкальные диктанты. Несмотря на широкое применение выше указанных видов слуховых тестов, система оценивания их совершенно не разработана. Создается парадоксальная ситуация: тест дает *объективный* результат уровня знаний студентов, но предполагает *субъективную*, зависящую от педагога оценку выполнения теста и как следствие, оценку качества знаний обучающихся. Сложность оценки слухового теста по Истории музыки заключается в том, что тестируемому приходится давать не один ответ, а как минимум два, указывая имя композитора и название произведения, если это миниатюра типа прелюдии, написанная в одночастной форме. Однако звуковое задание крупного циклического музыкального произведения (опера, симфония, сюита и т.п.) может содержать значительно большее количество ответов:

- 1 - имя композитора;
- 2 - название музыкального произведения;
- 3 - номер действия или части цикла;
- 4 - название музыкальной темы (ария, дуэт, хор; главная или побочная, связующая или заключительная тема и т.п.);
- 5 - местоположение данной темы в музыкальной композиции (экспозиция, разработка или реприза).

Еще сложнее дело обстоит со слуховым тестом в виде мелодического диктанта, который содержит следующие компоненты, которые студенту необходимо определить и записать:

- 1 - тональность;
- 2 - тактовый размер;
- 3 - абсолютная высота каждого звука;
- 4 - ритмическая длительность каждого звука;
- 5 - метрическое положение каждого звука в определенном такте.

И это только в одноголосном диктанте, а в двух- и трехголосном диктанте компоненты №№ 3-5 удваиваются или утраиваются. Какие из выше перечисленных компонентов важнее не ясно, корреляция между ними требует измерения. И здесь мы сталкиваемся с мнением многих музыкантов-педагогов, что это искусство, и невозможно «проверить алгеброй гармонию».

Существует множество пособий по музыкальному диктанту, в том числе и методических, которые разъясняют студентам порядок анализа и запоминания материала, его записи, но нет никаких рекомендаций, адресованных педагогам как оценивать данный музыкальный тест. Тесты в основном выступают как инструмент оценки качества уровня знания обучающихся, с нашей точки зрения в современном образовании, которое должно стать постоянным, непрерывным, тесты должны стать мощным инструментом такого раздела обучения как самостоятельной работы. Следовательно, они должны быть методически выстроены по иному, нежели контролирующие тесты.

Широкое использование компьютера в учебном процессе значительно упрощает задачу – обращение к первоисточнику (учебнику, учебному пособию), т.к. многие последние издания учебников имеют электронную версию, и доступ к ним может осуществляться по сети. При использовании тестовых заданий в качестве промежуточной или итоговой аттестации преподавателю следует учитывать форму подачи материала (бланковый или электронный вид тестов). Временной критерий решения контрольных тестов на бумажных и электронных носителях различен. Для теста на бумажных бланках временной диапазон может быть установлен только общий для всех заданий. Электронная форма теста может предусматривать различные варианты, например:

- ☐ строго регламентировано общее время для всего теста и для каждого задания;
- ☐ строго регламентировано общее время для всего теста, но нет жесткого регламента для отдельного задания подобно бумажному варианту.

Электронная версия тестов позволяет свободно комбинировать тестовые задания.

Есть и специфические сложности в работе с электронной версией тестов. Программа не позволяет учащемуся бегло ознакомиться со всем тестом, т.к. выдает испытуемому каждое задание последовательно и в строго определенном порядке, в то время как на бумажном носителе тестируемый может выбирать последовательность ответов по собственному усмотрению, пропускать задания и вновь возвращаться к ним. Таким образом, более жесткие условия компьютерного тестового контроля по сравнению с бланковым вариантом очевидны. Конечно, компьютерное тестирование представляет собой в основном автоматизацию бланкового варианта, т.е. текстовые вопросы и текстовые ответы. Но и в этом видится множество плюсов, такие как активизация и интенсификация тестирования, а в целом и учебного процесса (ведь до появления этих форм при проверке теоретических знаний в музыкальном

образовании доминировала форма устного опроса). Еще одна важная черта компьютерного тестирования в том, что оно помогает решить такую проблему как объективность оценки.

Мультимедийные программы позволяют подключать к персональному компьютеру MIDI-клавиатуры или другие электронные клавишные инструменты, а программы нотного набора (Sibelius, Finale и др.) дают возможность студенту непосредственно работать на нем с нотным материалом. Все это открывает практически неограниченные возможности для создания музыкальных тестов как контролирующего, так и обучающего типа.

Литература

1. Батаршев А.В. Тестирование: Основной инструментальный практического психолога: учебное пособие. - М.Дело, 2009. – 240 с.
2. 2.Вербицкий А.А. Тестирование в образовании: проблемы и перспективы // Педагогика. - 2012.-№8 – С.3

Түйін

Музыкалық педагогика бойынша өткізілетін компьютерлік тестілеу білім берудің сапасын арттырады.

Summary

Computer testing in musical pedagogics increase the quality of education.

ӘОЖ 364-785-14

М.К.Жақсылықова - магистрант, **И.Б.Сихымбаев** - п.ғ.д., профессор,
А.А.Жиенбекова - ф.ғ.к., доцент
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ЖЕТІМ БАЛАЛАРДЫ ӨМІРЛІК ІС-ӘРЕКЕТКЕ БЕЙІМДЕУ ЖҰМЫСЫ

Аңдатпа: Қазіргі таңда Қазақстанда жетім балалардың жағдайы өзекті мәселе болып табылады. Жетім бала – ата-анасының екеуі немесе біреуі қайтыс болған жалғызбасты бала. Кейбір өмірлік ерекше жағдайлар балалардың психикалық артта қалуына себепші болады. Сондықтан олардың ерекшеліктерін ескере отырып балалармен әлеуметтік, педагогикалық, әлеуеттік педагогикалық, түзету дамытушылық, дәрігерлік бағытта жұмыс жүргізіледі.

Кілттік сөздер: жетім, әлеуметтік жетім, қоғам, әлеуметтік педагогика, әлеуметтену.

Кейінгі жылдары әлеуметтік-экономикалық себептерге байланысты және әртүрлі себептер тұрғысынан жетім балалар саны артуда. Осыған байланысты жетімдер мәселесі және оларға білім беру, тәрбиелеу үрдісі, сонымен қатар, психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз ету, тек арнайы педагогикада ғана емес, жалпы педагогика, психология, әлеуметтік педагогика және т.б. ғылымдардың ғылыми білім саласында көкейкесті болып отыр. Бұл жағдайда аталмыш балалар тобы психологтар мен педагогтар, дәрігерлердің зерттеу нысанына айналууда.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары жетім балалар мен ата анасынан ажыратылған, яғни, олардың қамқорлығынсыз қалған балалардың жағдайы көпшілікті толғандыруда. Әртүрлі жағдайларға байланысты ата ананың қамқорлығы мен сүйіспеншілігінен тыс қалғандардың мәселелері өзекті болып отыр.

«Жетім балалар» сөзінің мағынасын Қазақстандағы балалар үйі мен ондағы жетім балалардың жай күйін сараптау арқылы түсіндіруге болады.

Жалпы, жетім бала ата анасының екеуі де немесе біреуі қайтыс болған жалғызбасты бала. Жетімдіктің екі категориясы бар, ол табиғи және әлеуметтік жетім. Тұл жетім ата анасының екеуі де немесе жалғыз басты ата анасының біреуінің қайтыс болуы тұл жетім деп аталады. Әлеуметтік жетім дегеніміз отбасындағы дағдарыс кезеңіндегі баланың құлықтық қондырғыларының құлдырауында панасыздықтың, қараусыздықтың өршуі кезеңінде пайда болды. Ажырасулардың көбеюі, ата аналардың біреуі баланы тәрбиелеуде әкесі немесе шешесі, некеден тыс туылған балалардың санының ұлғаюы. Ата аналардың ажырасуы баланың мінез құлқына, психикасына әсер етеді. Қазіргі таңда әлеуметтік жетім тұл жетімге қарағанда 80% құрап жатыр. Қалған пайызы ғана тұл жетім.

Қоғамдағы «жетім» ұғымының анықтамасы кезеңдер бойынша:

- 1) X-XIV ғғ. Жетім кедей шаруа балалары
- 2) XIV-XVIII ғғ. Жетім ата анасы жоқ балалар

3) XIX-XXI ғғ. Жетім ата анасы немесе шешесі (әкесі) қайтыс болған 18 жасқа толмаған бала.

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың проблемалары ғылым мен іс-тәжірибенің ең әртүрлі салаларындағы көптеген зерттеушілердің: дәрігерлердің, психологтардың, педагогтардың, философтардың, социологтардың назарын аударып келді және аударуда. Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың проблемаларын зерттеуді қарастыруға болады.

Балалар үйінде тәрбиеленуші баланың жеке тұлғасының әлеуметтік қалыптасуының өзіндік ерекшелігі бар. Оның іс әрекеті толығымен тәртіпке салынып қадағаланады, бұл бала дамуында артта қалушылықты, масылдықты, жеке басы еркін ұйымдастырудың төменгі деңгейін туындатады. Сонымен қатар, әлеуметтендіруге байланысты ғылыми педагогикалық әдебиеттерде әлеуметтендіру деңгейлері мен факторлары және «әлеуметтендіру», «бейімдеу» ұғымдары қарастырылған.

Кеңес психиатры М.И.Буяновтың айтуынша, «Жарты ғасырдан аса Боулби жазғандары ішінен тек бір нәрсені: Бала мінінің үйлесімді дамуы үшін ана қамқорлығы қажеттігін мойындауға болады, бірақ бұл қандай қамқорлық, бұл неден байқалу қажет және т.с.с. – бұл әлі шешілмеген және нақтылауды қажет етеді».

Балалар үйлеріндегі өмірлік ерекше жағдайлар баланың психикалық артта қалуына себеп болады. Балаларда ерте жастан отбасындағы олардың құрдастарында болмайтын енжарлық байқалады; ол балалардың бастамасының жоқтығынан және эмоционалдық күйсіздігінен көрінеді. Бұл балаларда жалпы көзқарас, олар отбасында өмір сүретін әрбір балаға жақсы таныс қоршаған ортадағы құбылыстармен, тіпті тұрмыстық заттармен таныс емес. Тәрбиеленушілерде мектепке дейінгі кезеңде қалыптасатын көрнекі-бейнелік ес мектептік бағдарламаны толық игеруде қажетті іргетас болып табылады. Көптеген тәрбиеленушілерде өзінің жүріс-тұрысын өзі басқара алу қабілеті мәнді дамымағандығы, өз еркінсіздікке, ұйымсыздыққа әкелетін ересектер жағынан бақылаудың артта қалуы кезінде тапсырмаларды өз бетінше оындауы анықталған. Е.И.Афанасенко мен И.А.Капров «Интернат-мектептерге бес жыл» жинағының кіріспе мақаласында мектеп интернаттарда балаларда «бөтен ақылмен», бұйрық бойынша өмір сүру әдетін дамыту шынайы қауіпті екендігін келтіреді. Сондықтан да, отбасы баланың жан жақты дамуына үлкен үлесін қосады.

Балалар үйлерінің әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық іс-әрекетінің мақсатын, міндетін назарға ала отырып, Қазақстан және шетелдердегі балалар үйлерінің жұмыс тәжірибесіне негізделе отырып, тәрбиеленушілердің контингентінің ерекшеліктерін ескере отырып, мынадай жұмыс бағыттары анықталды:

1. Әлеуметтік бағыт баланың әлеуметтік статусына сүйенеді. Баланы балалар үйіне орналастырған кезден басталады. Құжаттарды зерттеу, әңгімелесу, тестілеу барысында балалар үйлерінің психологы баланың әлеуметтік статусын анықтап, болашақта психологиялық-педагогикалық көмек көрсету арқылы шешімін табатын баладағы проблемаларды белгілейді. Диагностикалық зерттеу баладан алғаш интервью алудан басталады. Интервью алу барысындағы алынған мәліметтер баламен, тәрбиешілермен әрі қарай жұмыс бағдарламасын құру үшін қажет. Сонымен қатар, интервью барысында баланың қызығушылықтары, әуестері анықталады. Бұл бағыттағы жұмыстың келесі маңызды аспектісі кәмелетке толмаған тәрбиеленушілерді әлеуметтік-құқықтық қорғау: тәрбиеленушілердің мүліктеріне және т.б. құқықтары мен қызығушылықтарын қорғау; қаржы қаражаттардың (жәрдем ақы, алимент, дивидент т.б.) баланың жеке шотына түсіп отыруын қадағалау; сонымен қатар баланың жақын жуықтарын (әкесі, анасы, ағасы, апасы) іздестіру. Бұл бағыттағы жұмысты іске асыру әлеуметтік өзара әрекеттесу нормалары мен ережелеріне жағымды қарым-қатынас қалыптастырады; тәрбиеленушілердің өз құқықтарымен міндеттерімен таныстырады; құқық бұзушылықтармен зиянды әдеттердің алдын алады. Әлеуметтік жұмыстың мына түрлерін ерекше атап өтуге болады: тәрбиеленушілерді болашақ отбасын құруға және отбасылық өмірге дайындау; кәсіби өз-өзінен анықталуын (еңбек әрекетіне мотивациясын тудыру, кәсіптер жөнінде әңгіме, кәсіби білімді алу жолдары, кәсіби қабілеттерін анықтау бойынша тест жүргізу, жұмысқа орналастыру және т.б.) қалыптастыру.

2. Педагогикалық бағытта бірнеше өзара байланысқан аспектілер кіреді. Оқу бағдарламаларын іске асыру және тәрбиеленушілерді жалпы бідімдік дайындықтан өткізу мектептерге жүктеледі. Тәрбиешілер басты қызметтері мектепте алынған білімді бекіту; оқу материалымен өзбетті жұмыс дағдыларын бекіту; тәрбиеленушілердің оқу құралдарды, анықтамаларды қолдануға үйрету; өзбетімен берілген тапсырманы орындау тәртібін сақтауын қадағалау; оларды өз уақыттардың орнымен жұмсауға үйрету; оқылған материалды өзбетімен бақылап, үнемі өзара тексеріп отыруға үйрету. Балалар үйлерінің тәрбиеленушілерінің оқу үрдісі тәрбие мекемесі мен мектептің көзқарастары бір жерден шыққан кезде тиімді болады. Педагогикалық әсер ету бірлігі ортақ ғылыми-практикалық конференциялар, арнайы семинарлар, әдістемелік кеңестерді өткізу барысында қалыптасады. Сонымен бірге тәрбиешілер мектеп мұғалімдерімен бірге әртүрлі шаралар (топтық, класстық жарыстар, дәрістер,

пәндік кештер т.с), үлгермейтін тәрбиеленушілерге бірге отырып жеке жоспарлар даярлайды. Тәрбиеленушілер арасында бос уақыттарында өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру өте маңызды орын алады. Балалар үйлерінде педагогикалық бағытты іске асыру барысында алғашқы балалар ұйымдары пайда бола бастайды. Тәрбиешілердің, мұғалімдердің, психологтың бақылау нәтижелерін салыстыру мен талдау әрбір тәрбиеленушіге, сонымен қатар тұтас ұжымға педагогикалық әсер етудің жолдарын дұрыс анықтауға мүмкіндік береді.

3. Әлеуметтік-педагогикалық бағыт тәжірибеде анықталғандай, ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалардың психикалық дамуында, эмоционалдық салада, өзіндік санасында бірқатар ауытқушылықтар бар. Мекемеде балаларға және педагогтарға психологиялық көмек көрсету, кеңес беру және алдын-алу жұмыстарын педагог-психолог іске асырып отырады. Балалар үйлерінде педагог-психологтың негізгі жұмыс бағыттарына психологиялық диагностика, психологиялық профилактика, психологиялық түзету және кеңес беру бағыттары жатады.

4. Дәрігерлік-әлеуметтік бағыт тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайына байланысты анықталып отырады. Әлеуметтік-дәрігерлік бағыттың негізгі міндеттері: баланың денсаулығындағы ауытқушылықтарды және денсаулық жағдайын анықтап отыру; балалар үйінде алғашқы медициналық көмек көрсету; медициналық тексерістер жүргізу; емхана, аурухана жағдайында арнайы мамандандырылған көмекті ұйымдастыру; санитарлық-гигиеналық тәртіптің сақталуын медициналық қадағалау; емдеу шараларын өткізу; тағам сапасын қадағалау. Арнайы ұйымдастырылған медициналық көмектен басқа, балалар үйінде балаларға жалпы жағымды ауа-райын тудыру қажеттілігі туындайды: күн тәртібін сақтау (серуендер, күндіз ұйықтау, таза ауада сабақтар өткізу, спорттық-емдік шаралар өткізу).

5. Түзету-дамыту бағыты жоғары да аталған бағыттармен өте тығыз байланысты. Түзету-дамыту бағыты баланың дамуы барысында оның негізгі проблемаларын жан-жақты анықтап, тәрбиелеу мәселелерін түзеуді кірістіретін жеке түзеу бағдарламаларын құрумен іске асып отырады. Бала балалар үйіне түскеннен кейін барлық мамандардың тексерісінен өтеді: педиатр, психолог, логопед, тәрбиешілер. Қажет болған жағдай да бала жүйке ауруының дәрігеріне, психиатрға және т.б. мамандарға жолданады. Баланы тексеру барысында оның дене бітімі, психикалық денсаулығы және жалпы интеллектуалдық дамуы бағаланады. Түзету-дамыту жұмыстары екі негізгі бағытта құрылады: балалар үйінде тіршілік етуге жағдай жасау және баланың жеке қажеттіліктеріне байланысты арнайы шаралар ұйымдастыру. Баланың жаңа ортаға бейімделуіне дамыту ортасының болуы ықпал етеді. Дамыту ортасының пайда болуына баланың сүйікті бұрышының, сүйікті затының (ойыншық, кітап, басқа да заттар) болуы маңызды.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген сөзге ерекше мән берсек қана еліміздегі көзі жәуентеген қара домалақ сәбилердің далада қалып қоюы біршама тоқтатылады.

Әдебиеттер:

1. Патронат және патронаттық отбасылармен әлеуметтік жұмыс. Жиенбекова А.А., Саухамбаева М.Ж. Шымкент, 2012
2. Мухина В.С. Психологическая помощь детям, воспитывающимся в учреждениях интернатного типа // Вопросы психологии. - 1989. - №1.
3. Тынышбаева А.А., Закаева Ш.Н. Ата-ана қамқорлығынан айрылған балаларды әлеуметтендіру және бейімдеу. Монография. –Астана, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2009. -150 б.

Резюме

В статье рассматривается проблемы сирот (социальная сирота), их адаптация к жизнедеятельности

Summary

The problem of orphans (social orphans) and their adaptation to the ability to live.

А.А.Жиенбекова, Д.Б.Турдимуратов, Қ.Ж. Жамбаева
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚ МЕРЕКЕЛІК-САУЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ОЙЫНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа: Қоғамның дамуымен ойын сакралдық характерге ие бола бастайды. Сакральдық әрекеттер мен ойын бір-бірін жокқа шығармайды, керісінше бір-бірін толықтырып отырады. Сакралданудың формасы мереке болып табылады. Мерекеде архаикалық ойынның барлық элементтері біріктірілген. “Ойын мерекеленуде” немесе “мереке ойналуда” дегенімізбен екеуінің де мағынасы бір.

Кілттік сөздер: Мереке, Сакральды, ойын, мәдениет, архаикалық, форма

Өркениеттің гуманитарлық диалогтары дамып жатқан ғаламдық үрдістерінің арасында Қазақстан мәдениеті өз даралығын көрсете білетін, өзгелермен терезесі тең әріптес ретінде өз орынын алуы қажет. Өзінің шынайы мәдениетіне сүйене отырып ұлттық өрлеудің жандануына үлес қосуы шарт. Қазіргі жағдайда қазақ мәдениетіне деген қызығушылықтың күрт өсуі қуанышты да өкінішті де жағдайға әкеліп отыр. Олай дейтініміз, мәдени және этникалық сана-сезімнің қалыптасуына ықпал ететін туындылардың тарихи-мәдени сабақтастығынан алшақталып, бірі батыс теориясына, екіншілері ауыз-екі әңгімеге негізделіп беріліп отырған информация, бұхаралық мәдени әрекеттер тұтынушыларды ұлттық дүниетанымнан ажыратып жатыр. Осы мәселе тамыры терең мәдени құбылыстың бірі ойынға да тән.

Қоғамның дамуымен ойын сакралдық характерге ие бола бастайды. Сакральдық әрекеттер мен ойын бір-бірін жокқа шығармайды, керісінше бір-бірін толықтырып отырады.

Сакралданудың формасы мереке болып табылады. Мерекеде архаикалық ойынның барлық элементтері біріктірілген. “Ойын мерекеленуде” немесе “мереке ойналуда” дегенімізбен екеуінің де мағынасы бір. “Егер де ойынның аталған өзіне тән ерекшеліктерін – ойындық әлемнің сиқырлы құрылуын, ойындық қауымдастықтың өзіне тартымдылығын, көрермендердің ойыншылармен тең болуын, адамдық тұрмыстық ойында бейнеленуін, оның символикалық күшін, ойынның адамның өмір сүруінің басты феномендерін, өзін де қоса қамтуын, яғни еңбек, күрес, махаббат пен өлімді ғана емес ойынды да ойнау – осылардың бәрін бірге қосса, онда ойынның мерекелік характері ашылатыны туралы жазылуы жоғарыдағы ұстанымды дәлелдейді. Сонда ғана адам ойынды мерекелеген кезде ғана ойнайтыны – гармониялық сәттің қуанышты сезінуі мен, оны тұрақтандыру үшін әрекеттенуі. Соңғы пікірді мереке теориясына өз үлесін қосқан Д.М.Генкин мерекелік жағдаятпен байланыстырады. Мерекелеу жеке тұлға, қауымдастық, қоғам өміріндегі уақиғаны ойын түрде атап өтумен байланыстыру арқылы әлеуметтік мәнін айқындайды.

2. Әнді орындау, Әнмен алғашқы танысудың мақсаты – оқушыларды әнге қызықтыру, оны үйренуге олардың ынталарын арттыру. Оқушыларға ән қатты ұнап қалатындай етіп, мұғалім жатқа, мәнерлеп орындап беруі керек.

3. Әннің сипатын, мазмұнын, екінін талдау. Талдаудың негізгі мақсаты - әннің көркемдік бейнесін анықтау. Мұғалім мәселелі - іденіс жағдайларын тудыратын, оқушылардың танымдылығын арттыратын сұрақтар қойып, оқушылардың өдері әннің мазмұнын, сипатын талдауға оларды бағыттады.

4. Әнді үйрету кезінде бірлескен техникалық және көркемдік принципті, бірлескен саналық және эмоционалды принципі қолданылады.

Мектеп әндерінің репертуарын таңдауда және оларды орындауда вокалды - хор жаттығуларын орындау техникасы өзінің үлкен үлесін қосады. Вокалды - хор жаттығулары оқушылардың ән айтудағы орындаушылық шеберлігін жетілдіруге себебін тигізеді.

Музыка сабағындағы негізгі іс - әрекеттердің бірі болып музыканы тыңдап, қабылдау іс- әрекеті саналады. Музыка сабағында тыңдауға берілетін мектеп репертуарына енгізілген шығармалар оқушылардың музыканы тыңдап, қабылдау деңгейіне сай болуы тиіс.

Оқушыларға мектеп репертуары бойынша тыңдататын әрбір музыкалық шығарманың мазмұны музыкалық тәрбиенің, білім берудің мақсаты мен білімділік, тәрбиелік, дамытушылық, танымдылық міндеттеріне сай болуы керек. Музыка сабағында мектеп репертуарына енгізілген музыкалық шығарманы тыңдап, қабылдауды дамыту-оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастырады. Музыканы қабылдауды дамыту оқушылардың музыкалық тәрбиесінің негізгі міндеті және ол музыкалық іс- әрекеттердің барлық түрлерінің үрдісінде жүзеге асырылады. Мысалы: әнді үйрену үшін, оны алдымен зейін қойып тыңдап алу керек; әнді орындауда әуенінің интонациясының тазалығына; оның мәнерлі естілуіне көңіл бөлу керек; аспаптарда сүйемелдей отырып, музыкаға байланысты дене қимылдарын жасап, оның өзгеруін, дамуын байқап, шығармаға деген өзінің қатынасын қимылдар арқылы жеткізуі керек.

Музыканы қабылдау - күрделі үрдіс. Оның негізінде тыңдау қабілеті жатыр, музыканың мазмұнын шынайылықтың көркемдік бейнесі ретінде қабылдау қажет.

Тыңдаушының бойында әр түрлі ойлар мен сезімдердің пайда болуы, шығарманың идеясын түсінуі, оның музыкалық ойлау қабілетінің белсенділігіне, жалпы және музыкалық дамуының деңгейіне байланысты болады.

Музыка кешенді мәнерлеу тәсілдерімен әсер етеді. Оның құрамына гармониялық құрылымы, дыбыстар, дыбыс бояуы, екпін, динамикалық күш белгілері, өлшем, ырғақ, штрихтар, осының барлығы шығарманың негізгі ойын, көңіл-күйін жеткізіп, өмірдің құбылыстарына сәйкес келіп, адамды толғандырады.

Әрбір музыканы тыңдау барысында тыңдалатын шығарманың психологиялық әсері мен педагогикалық тәрбиелік маңызы, философиялық мәні, оқушылардың физиологиялық жас ерекшеліктеріне байланысты қабылданатынын ескеру керек. Музыкалық шығарма әр сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай іріктелуі керек. 1-2 сынып оқушыларына тыңдатылатын музыкалық шығарма шағын, жеңіл орындалатын, ұзақтығы 1-1,5 минуттан аспауы қажет. 3-4 сынып оқушыларына тыңдалатын музыканың ұзақтығы 3 минуттай болуы керек. Оқушылардың көңіл қойып тыңдау мүмкіндігі кеңейген сайын тыңдалатын музыка ұзақтығы да кеңейе түсетінін ескеру қажет.

Бастауыш сынып оқушыларынан бастап, мағыналы, күрделі музыкалық шығармаларды тыңдатуға баулып, музыка тыңдату репертуарына вокалдық, аспаптық шығармаларды, халық шығармашылығын, классикалық және қазіргі заман музыкаларын енгізген дұрыс.

Келісім бойынша музыкалық шығармаларды тыңдату төрт кезеңнен тұрады:

1.Кіріспе әңгіме. Кіріспе әңгімеде мұғалім музыкалық шығарманың авторлары туралы, олардың өмірі мен шығармашылығы жайында мәліметтер береді, шығарманың аталуы, жанры, қандай аспап, ұжым ойнауын анықтайды.

2. Музыкалық шығарманы орындау немесе тыңдау. Музыкалық шығарманың жанрына байланысты шығарманы мұғалімнің өзі орындайды немесе үн таспадан, дискіден тыңдатады. Оқушылар музыканы тыңдау барысында өздерінің музыкалық қабілеттерінің даму деңгейіне байланысты әсер алады, олардың бойында тыңдалған музыкалық шығарма жайында ой - пікірлері пайда болады.

3. Тыңдалған музыкалық шығарманы талдау. Музыкалық талдау жасаудың барысында мұғалім оқушыларға қажетті музыкалық терминдерді қолданады. Талдау жасаудың нәтижесінде шығарма

туралы, оның авторлары, аталуы, сипаты, шығу тарихы, оны орындаудағы мәнерлеу тәсілдері жайында түсініктері, танымдылықтары кеңейеді.

4. Музыкалық шығарманы қайта тыңдау. Бұл кезеңнің үлкен мәнісі бар. Себебі музыкалық шығарманы қайта тыңдауда мұғалім балалармен тыңдалған музыкалық шығарма жайында талдау жасап, әңгімелесіп болған соң, олардың музыкадан алған әсерлерін анықтайды, оны қайта естерінде сақтау үшін бекітеді.

Жалпы орта білім беретін мектептегі музыка сабағына арналған типтік бағдарламаларға енгізілген қазақ халық әндері мен күйлері, оқушылардың ұлттық музыка өнерімен кеңінен танысып, меңгерулеріне мол мүмкіндік береді. Халқымыздың ғасырлар бойы туындап ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, төрт-түлік малға, тарихына байланысты шыққан ән, жыр, терме, толғау, айтыс эпостық жырлар, күй өнерімен танысу жүйелі жоспарланып, сыныптан-сыныпқа дейін күрделеніп жүргізіледі. Сонымен қатар бағдарламаға Қазақстандағы классикалық музыканың дамуына үлесін қосқан кәсіби композиторлардың вокалды - хор, симфониялық, опералық, кантаталы – ораториялық жанрларда жазған мұралары, дүние жүзіне танымал болған шет ел композиторларының алтын қорға енген музыкалық шығармалары енгізілген.

Қазіргі оқытылып жатқан музыка сабағына арналған бағдарламаға сәйкес мектеп репертуарына енген музыкалық шығармалар, әрбір сыныптың тақырыптарына байланысты және оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп іріктелген.

Әдебиеттер

1. Касенова Р.К. Танкешова Ф.С. Музыкалық білім берудің әдістемесі - Шымкент ОҚМУ, 2008.
2. Құлманова. Ш., Сүлейменова М., Оразалиева Б. Жалпы білім беретін мектептің мұғалімдеріне арналған музыканы оқыту әдістемесі. 1-сынып - Алматы : Атамұра, 1998.
3. Құлманова Ш., Сүлейменова М., Оразалиева Б. Жалпы білім беретін мектептің мұғалімдеріне арналған музыканы оқыту әдістемесі .2-сынып Алматы: Атамұра, 1998.
4. Құлманова Ш., Сүлейменова М., Оразалиева Б. Жалпы білім беретін мектептің мұғалімдеріне арналған музыканы оқыту әдістемесі. 3-сынып – Алматы: Атамұра, 1999.
5. Құлманова Ш., Сүлейменова М., Оразалиева Б. Жалпы білім беретін мектептің мұғалімдеріне арналған музыканы оқыту әдістемесі. 4-сынып - Алматы: Атамұра, 2000.

Резюме

В данной статье автор раскрывает научно-методическую основу подбора школьного репертуара по музыке.

Summary

In this article the author reveals the basis of scientific and methodical selection of repertoire for music school.

ӘОЖ 342.511

Н.П. Танкиш, А.Б.Шалдарбекова, А.Б.Сәдібек
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа: Бұл мақалада Н.Ә.Назарбаевтың тұлғалық ерекшелігі туралы баяндалады. Н.Ә.Назарбаевтың саяси қолтаңбасының басты сипаттарының бірі-қашанда стратегиялық тұрғыдан ойлауы. Сол ойластырғанын нақты іске айналдыра алатын қасиеті туралы.

Кілттік сөздер: объект, субъект, стратегия, демократия, институт, ресурс, миссия, Ассамблея, элемент, модернизация, символ, атрибут.

Тарихи процестің объективті және субъективті факторлары – қоғамдық дамудың екі түрлі шарты. Адамдарға тәуелсіз және олардың қызметінің бағыты мен ауқымын көрсететін шарттар объективті фактор болып табылады. Мысалы, табиғат жағдайлары, өндірістің дәрежесі, материалдық, саяси және рухани дамудың тарихи пісіп жетілген міндеттері мен қажеттіліктері осы шарттарға жатады. Субъективті факторға бұқараның, топтардың, партиялардың, мемлекеттің және адамдардың белгілі бір мақсатқа бағытталған әрекеттері, олардың санасы, еркі, іс-қимылға бейімділігі жатады. Объективті факторлар әр уақытта негізгі болып табылады. Дегенмен тарихта жаңашыл,

шығармашылық бастау бар. Қоғамдағы әлеуметтік-саяси процестерді басқаруға бола ма деген сұрақ қойылса, «иә, болады» деп жауап беруге болады.

Тарихи процестерді басқару сипаты мен өлшемдері әр түрлі болады және көптеген жағдайларға байланысты іске асырылады. Әсіресе қоғамдық құбылыстарды тану тереңдігіне, саяси мәдениет деңгейіне, экономиканың даму қарқынының, өнер мен моральдық бастаулардың басым болуына тәуелді болады.

Тарихты кім жасайды деген сауал да өте маңызды. Өйткені тарих дегеніміз – еркі, ойлау қабілеті, ұстанымы, талап-тілегі бар адамның іс-әрекетінің нәтижесі. Тарихты ұлы адамдар жасайды немесе тарихты халық жасайды деген бір-біріне қарама-қарсы екі ұстаным бар. Екеуі де бір жақтылық болып табылады. Шын мәнінде, тарихты объективтік жағдай пісіп жетілген уақытта халық жасайды. Бірақ халық өзінің негізгі тарихи миссиясын орындау барысында өзінің арасынан ерекше табиғи-тарихи қабілетінің арқасында сытылып алға шыққан, тізені бүктіретін, басы барлардың басын идіретін, түн баласы ұйықтамайтын, күндіз тыным таппайтын, азды көп ететін, жокты бар ететін, аш-арықтарды тойындыратын, жіңішкені жуан ететін, рухы биік азаматтарына иек артып отырады.

Тарихты халық жасайды, оның алғы шебіне ұлы адамын халық шығарады. Ұлы адам тарихи оқиғаның түрін өзгерту арқылы оны жеделдетуі немесе баяулатуы мүмкін, бірақ ол тарихи процестің жалпы бағытын өзгерте алмайды. Тарихи процестің осы заңдылығы қазақ өркениетінде жан-жақты көрініс тапты.

Еуропа мен Азияны жалғап жатқан қазіргі кең-байтақ қазақ даласы қай заманда да алдыңғы қатарлы ұлдарға кенде болмаған. Анахарсис пен Зоротуштра, Қорқыт пен Әл-Фараби, Махмұд Қашқари мен Қожа Ахмет Иассауи, Асан Қайғы мен Бұқар жырау, Шоқан мен Абай сары даладағы ұлан-ғайыр мәдениеттің ұлы көшінің сорабын аңғартатын, алыстан көзге ілінетін алып шындар іспетті.

Еуразия құрлығының шығысынан батысына, батысынан шығысына сан дүркін жөңкілген жауынгерлік заманда небір зұлматты басынан кешірсе де, өзіне тән бекзат болмысын сақтап қалды. Қазақ халқы аз ғана уақытта, небәрі бір жүзжылдықта көшпелі тұрмысынан социализмге, оның жұмағынан нарықтық экономикаға аяқ басты. Қысқа тарихи мерзімде «100 жылға татитындай» (Н.Назарбаев) үлкен маңызды істер атқарылды.

Немат Келімбетов «Ұлыма хат» шығармасында өз әкесінің аузынан естіген көне бір оқиғаны баяндаған.

Қауыншы деген Тұран елінің даңқты қамалына жау тарапынан қатты қатер төніпті. Сол сәтте Тұранның ұлы қолбасшысы өз әскеріне мынадай жарлық беріпті: «Бәрің түгел қырылып қалсаңдар да, қамал ішіндегі ғалымдарды, шайырларды, күйшілерді Ханбалық қамалына аман-есен жеткізіндер. Бір ғалым, бір шайыр, бір күйші үшін он мың нөкер қан төксе де қарсы емеспін. Бір ақынды жау қолына бергеннен гөрі бәріміздің қан майданда қаза тапқанымыз артық. Ақынын қорғай алмаған халықтың да, қамалдың да, әскердің де маған керегі жоқ» деп, өз ойын кесіп айтыпты.

Ғалым Тұран елінің ұлы әміршісі дәл сол жолы неге сонша жан түршігерліктей тым қатыгез, рақымсыз бұйрық берді деген заңды сұрақ қояды. Өзі оған былай деп жауап береді: «Иә, Тұран елінің ұлы қолбасшысы ел басына қатерлі күн туғанда, сын сағатта мемлекеттің ең қымбат қазынасы не екенін бірден ұқты. Өзі тірі тұрғанда ажырап қалуға болмайтын киелі қаруы-қырық жыл бойы қырылса да, жауға берілмей келе жатқан қайсар халықтың биік рухы. Сол құдыретті рухты жасап, қайрап, жауға қарсы бағыттап отырған жандар ғалымдар, шайырлар, күйшілер» еді.

XX ғасырда қазақ даласында халықтың рухын көтеріп, оған жігер беріп отыратын көш бастаушылардың жаңа легі пісіп жетілді. Олардың арасында талантты ғалым да, сөз шебері ақын да, майталман кәсіпкерлер де бар.

Халықаралық дәрежеде халықтың мұнын мұндап, жоғын жоқтайтын, оған жол көрсететін саясаткерлер де пайда болды. Осы қатарда Қазақстанның тәуелсіздігімен бірге өсіп, біте қайнасқан, бүгін де аты бүкіл дүние жүзіне таныс лидер Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болмысы ерекше көзге түседі. Н.Ә.Назарбаевты болмысы тұрғысынан алып қарасақ, Ол – сыншы, бірақ жасампаз сыншы. Сынап қана қоймай, өзі сынап отырған мәселе бойынша тың ұсыныстарды енгізе біледі және олардың бәрі де ең негізгі мүддені – адамдар өмірін жақсарту мүддесін көздейді.

АҚШ-тың экс-президенті Билл Клинтон Қазақстан басшысымен кездесуінде «Мен сіздердің елдеріңіздің экономикалық өсу қарқынынан айырықша әсер алдым. Біз қазір Сіздің табысты жүргізген реформаларыңыздың жемісін көріп отырмыз» десе, Францияның экс-президенті Жак Ширак «Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның буырқанған экономикалық өсімі Президент Н.Назарбаевтың еңбегінің, оның әрбір қазақстандықтың тұрмысын жақсарту жолындағы көреген саясатының жемісі» деген болатын. Ал, Қытай халық Республикасының бұрынғы төрағасы Цзянь Цземинь қазақстандық әріптесіне жазған хатында «Тәуелсіз Қазақстан Сіздің басшылығыңызбен мемлекеттігін нығайтуда да, экономикалық өсуде де қарқынды даму мен үздіксіз өрлеудің жарқын үлгісін көрсетіп келеді. Біз Қазақстанның қазіргі аяқалысына аса қызығушылықпен, достық

тілектестікпен қараймыз» дейді. Әрине әлемдік деңгейдегі саясаткерлердің мұндай пікірлерін ондап емес, жүздеп келтіре беруге болады. Дегенмен, осы үш елдің басшыларының сөздерінен-ақ әлем елдерінің Қазақстанның даму үрдісіне қандай баға беретінін байқау қиын емес.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін нығайтып, оны тұрақты ету барысында Н.Ә.Назарбаевтың саяси басшы ретіндегі таланты жан-жақты көрінеді.

Біріншіден, Н.Ә.Назарбаев алыс-жақын елдермен республикаға тиімді қатынас орната білді. Бұл салада өзінің дипломатиялық өнердің майталманы екенін айқын көрсетті. Мұның дәлелі – Еуразиялық, Шанхай ынтымақтастық одақтарының дүниеге келуі. Олардың пайда болуында үлкен белсенділік танытқан Н.Ә.Назарбаев екені бәрімізге белгілі.[1]

Нұрсұлтан Назарбаев елдің алдына «таяу жылдарда әлемдегі бәсекеге қабілетті, тұрмыстық стандарттары ең жоғарғы талаптарға сәйкесетін 50 мемлекеттің қатарына кіру» жөнінде нақты мақсат қойғаны да белгілі. Ол үшін ел экономикасы тұрмыстық қажеттіліктерден оқ бойы оза жүретін инфрақұрылым құруды және шаруашылықтың тың салаларын дамытуды басты бағыт етіп алды. Осындай биік мақсаттар Қазақстанның тек күнделікті күйбіңмен ғана тіршілік кешпейтінін, алысқа көз тіккен қыран қалыпта қалықтайтынын танытып отыр.

Тәуелсіздік алған соң, күні кеше ғана ортақ тарих байланыстырған елдер, бір-бірінен дұшпан іздей бастаған кездері де болды. Бірақ ешбір елмен достық қатнасын үзбеген, керісінше Тәуелсіздік тұғырын көрші елдермен бірлесе отырып нығайтуға болатынын бек түсінген Қазақстан басшысы әрдайым саликалы саясат ұстанды. Осыдан 10 жыл бұрын посткеңестік кеңістікте жүргізілген сауалнамада Н.Ә.Назарбаев ТМД елдері басшыларының ішіндегі ең беделді саясаткер атанды. Бұл Қазақстан басшысының көреген саясатына тек өз халқы ғана емес, барша ТМД елдерінің тұрғындары сенім артқанын байқатады. Ең басты Н.Ә. Назарбаев сол сенімнің үдесінен шықты. Еуразия құрлығындағы ең ауқымды ықпалдастық шараларына бастамашы болып, үзілген байланыстарды қайта жалғады. Нәтижесінде «өгізді де өлтірмейтін, арбаны да сындырмайтын», яғни барлық елдердің тәуелсіздіктеріне нұқсан келтірмей, керісінше мүдделеріне ортақ жұмыс істейтін алып кеңістік-Біртұтас Еуразиялық Одақ пайда болды.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін республика, былайша айтқанда, «жеті желдің өтінде» қалды: Конституциясы да, әскері де, шекарасы да болған жоқ... Президент Назарбаев тақыр жерден бастауға тура келетінін, сондықтан барынша тездетіп мемлекеттік билік институттарын құру, халықаралық аренада танылуға қол жеткізу, түрлі халықаралық ұйымдарға мүше болу қажеттігін бірден түсінді. Күшті президенттік билігі бар егемен мемлекет құру стратегиялық мақсат ретінде анықталды. Себебі, мемлекет неғұрлым күшті болса, оның демократиялық институттарды дамыту және тәуелсіздікті қорғап қалу үшін ресурстары көп болады. Өйткені, билік деңгейлері қақтығысып (Украинаны,Қырғыстанды немесе Грузияны еске түсірейік), экономикалық, құқықтық және саяси біртұтас кеңістігі жоқ әлсіз мемлекет қағидаттық тұрғыда демократиялық та, тәуелсіз де бола алмайды. Ол нақты билік тіктемесін түзіп, мемлекеттілікті нығайтты, әлеуметтік бағдарлы нарықтық экономика қалыптастырып, адамның экономикалық өзін - өзі айқындауы қағидатын іске асыру үшін құқықтық және басқа жағдайлар туғыза алды. [2]

Екіншіден, тәуелсіздік алғаннан кейінгі әрбір жылдың өз ұраны, айдары, миссиясы болғандығы. Мысалы: 1997 жыл- Жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы, 1998 жыл – Халық бірлігі мен Ұлттық тарих жылы. Жалпы ұлттық татулық, халық бірлігі, ұлттық тарих – бұлар қандай маңызды, астарлы, ұлағатты ұғымдар. Олардың әрқайсысының рухты қайтаруға , жігерлендіруге мүмкіндігі мол. Міне, осындай әркімнің жүрегіне жақын киелі сөздерді уақытында дұрыс пайдалана отырып, халықты өзінің айналасына топтастыра білді, оның сеніміне ие болды.

Үшіншіден, дамудың ұлттық ерекшеліктерін терең түйсінудің арқасында Н.Ә.Назарбаев қазақстандық мемлекеттіліктің тағы бір аса маңызды тұсын анықтады. Ол – ұлтаралық және дін аралық келісім. Қазақстан жерінде тұратын 140-тан астам этнос Қазақстанның біртұтас халқын құрайды. Сыйластық пен өзара төзімділіктің, әрбір ұлттық топтың мүддесін ойлайтын бұл модель қазақ мәдениетінің тарихи бастауымен, салты мен дәстүрімен толығымен түскен.

Елбасының өзі айтқандай: «Ұлтаралық келісім – кез келген мемлекет пен халықтың жүйке жүйесі. Біздің барлық жетістіктеріміз – бейбітшілік пен келісімнің арқасы. Бейбітшілік пен келісім – өзінен-өзі туындай қалған нәрсе емес. Біздің тәуелсіздік жылдары құрғанымыз- мемлекет пен қоғамымыздың ұлы жұмысы. Бұл – біздің ортақ байлығымыз, біз оны сақтауымыз керек».

Н.Ә. Назарбаевтың елдегі ішкі саяси тұрақтылықты күшейтуге бағытталған маңызды бастамаларының бірі – ұлтаралық және дінаралық келісімді сақтауға бағытталған бірегей құрал – Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы.

Н.Ә. Назарбаевтың стратегиялық жоспары бойынша, ұлтаралық келісім тетігінің негізгі элементі болып табылатын ассамблея қазақстандық қоғамды мықты, бәсекеге қабілетті мемлекет құру жолында

біріктіретін маңызда факторға айнала алды. Қазақстан Президентінің елдегі қоғамдық келісімнің моделін «Бірлік – көп ұлттылықта, көп дінділікте» деп бағалағаны да тегін емес.

Қалыптасқан тәжірибелерді бекітіп, саяси тұрақтылық пен Қазақстан халқының бірлігін ары қарай сақтап қалу мақсатында Қазақстан халқы ассамблеясының аясында Ұлт бірлігі доктринасы қабылданды. Онда қазақстандық мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін жүйенің негізгі элементтері айқындалып, болашаққа қарай ілгері қадам басудың контуры анықталды.

Ұлтаралық және дінаралық келісім жүйесін тек сақтап қана емес, оны күшейту қажет – бұл міндет тәуелсіз Қазақстанның өмір сүріп келе жатқан жиырма жылының ішінде шешілді. Бұл мақсат қазақстандық қоғамды жүйелі түрде модернизациялау жөніндегі Н.Ә.Назарбаев жариялаған жаңа стратегиялық даму бағыты аясында да басым тақырып ретінде айшықталған. [3]

Төртіншіден, «Еділдің бойы ен тоғай, ел қондырсам деп едім, жағалай жатқан сол елге мал толтырсам деп едім» - Махамбет ақынның осы жыр жолдары ойға оралып отыр. Алтай мен Атыраудың арасындағы қыран ұшса қанаты талатын, құлан жортса тұяғы тозатын алып даланың төсіне ел қондыру, жағалай қонған сол елге мал толтыру – арғы -бергідегі ата-бабаларымыздың баршасының аңсаған арманы еді. Сан түрлі себептермен ол арман орындалмай келді. Егемен ел атанып, көк байрағымызды көк жүзіне желбіреткеннен кейін Елбасымыз алдымен кең-байтақ даламызға ел иесінің, жер киесінің орайлы орналасуын ойластырып, Қазақстанның бас қаласын Еуразияның жүрегіне қондырды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың саяси қолтаңбасының басты сипаттарының бірі – қашанда стратегиялық тұрғыдан ойлауы. Сол ойластырғанын нақты іске айналдыра алатын қасиеті. «Астана» жобасы бәрінен бұрын Қазақстан халқының алға ұмтылуын ұйымдастырған ұлы жұмылдырғыш қуатқа ие екендігімен ерекше бағалы.

Жаңа астана Қазақстанның жаңа символына, тәуелсіздіктің жүйелік атрибуттарының біріне айналуға, кешегі кеңістік кезеңмен қоштасуға берік бел байлағанымыздың белгісі болуға тиісті еді. Солай болды да. [4]

Әдебиеттер

1. Әбдірахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. – Астана: Елорда, 2001. -250б
2. Ғабдуллин Б. Тұлға туралы толғамдар. – Алматы, 2011. - 211 б
3. Нығматулин Н. Тұлға туралы толғамдар. – Алматы, 2011. - 421 б
4. Тасмағанбетов И. Тұлға туралы толғамдар. – Алматы, 2011. - 292 б

Резюме

В этой статье изложены личностные особенности Н.А.Назарбаева. Главным политическим автографом Н.А.Назарбаева является его стратегическое мышление. Свои запланированные планы умеет осуществлять в жизнь.

Summary

This article is about personal peculiarities of N.A.Nazarbaev. The main political autograph of N.Nazarbaev is his strategy made of thinking. He can realize his planned works.

ӘОЖ 81 1.9.

Н.П.Танкиш - магистр, аға оқытушы,

Ж.Б.Абдуллаева -магистр, аға оқытушы, **Ельчибаева М.**-студент
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа: Мақалада ЖОО-да инновациялық технология әдістерін, оқытудың белсенді формаларын қолдану шетел тілін үйретуде жасанды тілдік ортаны қалыптастыруға мүмкіндік беретіндігі туралы айтылады. Модульдік оқыту технологиясы негізінде студенттердің коммуникациялық дағдылары мен қарым-қатынас жасауға жасанды тілдік ортаны қалыптастырудың тиімді әдістері мен тәсілдері қарастырылады. Сонымен қатар, шетел тілі сабағындағы жасанды тілдік орта қалыптастыру арқылы оқытудың тиімділігі оқыта үйрету ойындары арқылы тиімді нәтиже беретіндігі қарастырылады.

Кілттік сөздер: Мотивация, коммуникативтік, акселеративтік, элиминативтік.

Бүгінгі күні білім беру ісінде жаңа көзқарастар пайда болып, оқытудың тиімді де жаңа технологиялары кеңінен таратылып, күнделікті қолданысқа енуде. Қандай да педагогикалық жаңа технология болмасын оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз етуге ат салысады. Сонымен қатар оны педагогикалық мақсатқа жету барысындағы амал-әдістердің белгілі бір жүйеге құрылған жиынтығы деп түсінуге де болады. Тағы бір ерекшелігі – оның студенттерді белсенді әрекетке бастайтындығы.

Студенттің тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларының қай-қайсысын алып қарасақ та, жеткіншек ұрпақтың рухани өсіп-жетілуі оның жеке тұлға ретінде дамуы алғашқы орында тұратынын байқаймыз. Жаңа инновациялық технологиялардың баршасының мақсаты – білім сапасын арттыру.

Қай технологияда әр түрлі орындаушылармен, нұсқаумен немесе шығармашылықпен іске асырылады. Бұл орындауларда жеке шебер компоненттер қатысады, бірақ айқындаушы компонент материалды игеру заңдылығымен сипатталады, қатысушылар әрекетінің дәйектігі мен құрамы. Әрине, нәтижелері әр түрлі болады, алайда маңыздысы берілген технологияға тән болады. Осылайша, жұмыс технологиясы жеке адамдардың қасиетімен белгіленеді, бірақ тек *белгіленеді*, анықталмайды. [1,16-18]

Ғалымның қонымды да жан-жақты қарастырылған айқын анықтамасынан жинақтай келе, біздің ойымызша, технология ұғымы бір нәрсенің алдын-ала моделін жасап, сол әдіске жүйелі түрде жету деп түсінеміз.

Жаңа педагогикалық технология ұғымы тың, белгісіз, жаңа оқыту амалдары, іс-әрекеттерінен ізденуді, яғни, білім мен тәрбие берудегі ғылымның нәтижеге қол жеткізуі, жаңа ізденістерін оңтайлы пайдалану, сол арқылы жоғары көрсеткіштерге жету деген сөз.

Оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жаңа білім парадигмасына сүйене отырып, жылдар бойы эксперимент жасалынып, бүгінгі күн талабына жауап бере білген М.М.Жанпейісованың «Оқытудың модульдік технологиясы» елімізде бүгінгі таңда көпшілік мұғалімнің бірден-бір жетекші құралына айналып отырғандығы белгілі.

Ғалымның айтуынша, зерттеу нәтижелері мен тәжірибелік-эксперименталдық жұмыс технологияны ЖОО-да, орта мектептерде, гимназияларда, лицейлерде, колледждерде, институттарда және т.б. қолдануға болатындығын көрсеткен.

Интерактивтік модульдік оқыту технологиясы негізінде жүргізілген шетел тілі сабақтары бізді келесі шарттарды анықтауға мүмкіндік берді. Олар:

- 1) лексикалық және грамматикалық тақырыпты терең және жедел меңгеруіне тірек-сызба, кестелердің тиімділігі.
- 2) студенттердің тілді меңгеру барысында психикалық жағдай жасау, қызығушылығын, белсенділігін арттыру мақсатында оқыта үйрету ойындарын пайдалану.
- 3) студенттердің қабылдау деңгейі әр түрлі болғандықтан, деңгейлік тапсырмалардың қажеттілігі.

Шетел тілін үйретудегі ең негізгі қиыншылықтардың бірі- ортаның болмауы болатын болса, оны сабақта жасанды тілдік ортаны қалыптастыру арқылы шешуге болады деп есептейміз.

Шетел тілін үйретудегі коммуникативті жүйелі әдістемеге жалпы (мысалы, педагогикалық), тілдік қызмет жүйесі, тілдік сөйлеу жүйесі (коммуникация), үйреніп жүрген шетел тілінің жүйесі, ана тілі мен шетел тілі арасындағы жүйелі ара-қатынас, тілдік механизмдер жүйесі, мәтін, құрылымды-тілдік жүйе(диалог, монолог, диалогтағы монолог) жатады. Осындай іс-әрекеттер нәтижесінде шетел тілін үйрету жүйесі қалыптасады, жүзеге асады және қызмет етеді.

Шетел тілін үйретудегі анықтаушы болып табылатыны:

- 1) тілдік және оқу материалдарын таңдау және ұйымдастыру
- 2) оқу үрдісінде оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру тәсілдері мен жағдаяттарын үлгілеу
- 3) сабақта және өздік жұмыстарда оқу іс-әрекеттерін басқару әдістері.[2,321]

Қатынас құралы ретінде шет тілін үйрету жүйелілігі негізгі үш талапқа жауап беруі керек:

1. шетел тілін үйретудің лингвистикалық негіздерін құру
2. оларды тіл жүйесінің белгілі-бір нұсқасына үйрету
3. тілдің коммуникативті қызметтерін үйретудің іске асуы мен оны студенттердің қабылдауының сәйкестігі.

Шетел тілін үйретудің лингвистикалық негізі - барлық тіл бірліктері мен тілдік қатынас құралын біріктіру.

- 1) тілдік және шетел тілінде сөйлеуге үйрету материалдарын таңдау және ұйымдастыру
- 2) оқу үрдісіндегі тілдік және сөйлеу бірліктерінің динамикалық сәйкестігі
- 3) шетел тілі мен ана тіліндегі дағды сәйкестіктерінің қалыптасуы.

Мұндай сәйкестік, бір тілден екінші тілге тез көшуге мүмкіндік беретін және екі тілдің белсенді салыстырмаларын қамтитын арнайы коммуникативті анықтамалар мен оқу әдістемелерін құруды талап етеді.

Студенттердің коммуникативті дағдыларын қалыптастыру үшін пайдаланып жүрген технология ерекшеліктеріне тоқталғмыз келіп отыр. Студенттер шетел тілін меңгеру үшін тілді үйретуге мүмкіндік туғызатын жасанды тілдік орта қажет деп есептейміз, өйткені тілдік орта оқыту мүмкіндігіне ие. Шетел тілі сабақтарында оқытудың белсенді формаларын қолдану жасанды тілдік ортаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Шетел тілін оқытудың мақсаты студенттерді белсенді сөйлеуге баулу болғандықтан, оқытушы жұмысының ең бастысы - студенттер бойында оқып отырған тілге деген қызығушылығын қалыптастыру, практикада тілді қолдану дағдысы мен шеберлігін дамыту.

Ағылшын нұсқасында Дж.ван Эк және Дж. Трим атап көрсеткен негізгі 9 компоненттен біздің тәжірибемізде іріктеп алғанымыз:

- өзара әрекеттің тілдік үлгілері (мысалы, сауда жасау, тапсырыс беру, адамдармен кездесу, қалада қыдыру, уақытты үйрену).
- хабарламаның көзі болатын мәтіндер, жазба материалдар
- әлеуметтік-мәдени контексттерде тілді үйренуге мүмкіндік беретін материалдар тізімі (ұлттық салт-дәстүрлер, сөйлесу мәнерлері, әдеттері, сыпайылық формалары)
- шет тілін үйретушіге тілдік іс-әрекеттің барлық түрінде қажетті дағдылар тізімі, мысалы әр түрлі әдебиеттермен жұмыс жасағанда, өздік жұмыста және өзін-өзі бағалауда.[2,323]

Бұл іріктеп алынған компоненттердің шет тілін үйретуде тиімділігі байқалды. Біз өз тәжірибемізде мәтінмен жұмыс жасау кезеңінде төмендегі методикалық әдістерді, тапсырмаларды және жаттығуларды орындаймыз: сөз мағынасын ашу, сұрақ-жауап жұмысы, таныс тілдік бірліктер, сөйлемдерді аяқтау және толықтыру, шешім қабылдау және оны шешу, өзекті жағдаяттар мен тапсырмалар.

Тілдік орта сипаты белгілі-бір жағдайдағы студенттің танымдық қызметінің қасиеті мен құрылымын өзгертеді. Оған төмендегідей шарттар жатады:

- 1) оқу-танымдық кеңістігін ұйымдастыру: студенттердің кеңістікте топтасуы, психологиялық сәйкестік, социометриялық статус, жеке қалауды есепке ала отыра рольдердің бөлінуі.
- 2) диалогты және рольдік форманы әлеуметтік өзара әрекет ретінде студенттердің кеңістіктегі тәртібін қамтамасыз ету.
- 3) оқу материалының тиімді іріктелуі және құрылуы, танымдық келісімнің ұжымдық формалары мен белсенді әдістерін қолдану.

Шетел тілін оқытуда жасанды тілдік ортаның әсері туралы мәселе тек теория жүзінде ғана емес, практика жүзінде де негізгі мәселе болып отыр. Тілдік орта мүмкіндігі студенттер үшін маңызды ортаға айналған кезде ғана жүзеге асады. Тілдік ортаның ролі, оның қалыптасу әдістері, тілдік орта компоненттерінің қолданылуы мен белсендірілуі Л.П.Федоренко, В.П.Ниорадзе, А.А.Жеглова және т.б. еңбектерінде қарастырылған.

М.Р.Львовтың пікірінше тілдік орта бұл «табиғи жағдайдағы ересектер мен баланың еститін сөздері: жанұя мүшелерінің, достарының, таныстарының сөздері, теледидар мен радио тілі, газет тілі және т.б... Қабылданатын тіл сапасы тілдік ортаның мүмкіндігін анықтайды».

Басқаша айтқанда, тілдік орта бұл – субъект тілдік икем мен білімді қабылдап алатын орта.

Л.П.Федоренконың пайымдауынша, тілдік ортаның даму мүмкіндіктері жеке тұлғаға қандай тіл материалдарын ұсынғанымен, тілдік қызмет қандай дәрежеде ынталандырылатындығымен анықталады.

А.М.Кумарованың айтуынша, тілдік орта - бұл қоғамдық өмірдің әр түрлі саласында тілдің түрлі формаларын қолданатын адамдардың тілдік тәжірибесі.[3,40]

Ғалым тілдік ортаны сипаттауда төрт жағдайды ерекше атап көрсетеді:

- 1) тілдік орта өмірдің бір саласы болып есептеледі.
- 2) белгілі-бір кеңістікте қызмет ететін тілдің кез-келген өмір сүру формасы – тілдік орта ретінде қарастырылады.
- 3) тілдік ортаның негізін сөйлеудің 2 түрі – ауызша және жазбаша сөйлеу құрайды.
- 4) тілдік орта бір адамнан емес, белгілі-бір социумнан құрылады.

Ғалымдардың айтуынша, тілдік ортаның екі формасы бар: табиғи және жасанды, яғни оқушылардың тілін дамыту мақсатында арнайы ұйымдастырылатын орта.

Жасанды тілдік орта – бұл педагогикалық шарттарды қалыптастыру мақсатында арнайы ұйымдастырылған, нақты бір тіл аймағында оқушылардың білім, икем, шеберлік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған орта.[4,22]

Модульдің сөйлесу бөлімі студенттердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға барлық жағдай жасайды. Сөйлесу бөлімінде оқыта үйрету формалары арқылы жасанды тілдік орта қалыптасып, студенттердің сөйлеу дағдысының дамуына ықпал етеді. Тілдік орта төмендегідей бірнеше қызметтер атқарады:

Мотивациялық қызметі- сабақ кезінде оқыту және тіл дамыту мотивтерін құруға мүмкіндік береді.

Коммуникативтік қызметі- студенттердің тілдік өзара әрекеті, өзара белсенділігімен тілдік қарым-қатынас құруға негізделеді.

Акселеративтік қызметі- тіл қабылдау үрдісін жылдамдатады және жеңілдетеді.

Ақпараттық қызметі- елтану, лингвоелтану, тілдік хабарламаларға қызмет ету тәсілі ретінде түсіндіріледі.

Түзету қызметі- осы орта үлгілерімен салыстыру негізінде өз білімдерін түзетуге мүмкіндік береді.

Элиминативтік- әр түрлі психологиялық кедергілерді шешуге көмектеседі.

Ынталандыру – студенттердің тілдік білімін игеруін және коммуникативті шеберлігін қамтамасыз етеді.[1,16-18]

Шетел тілі сабағында жоғарыда көрсетілген қызметтерді атқаратын жасанды тілдік ортаны қалыптастыру – бір әдістемеге сүйеніп қана қоймай, оқыту процесін ұйымдастыруды бүтін жүйе ретінде қарастырғанда ғана шешімін табатын қиын міндет, бірақ шетел тілі сабағында тілдік орта төмендегідей қалыптасады:

- адамның екі сигналдық жүйесіне сүйену: сөйлесу бөлімінің әр сабағында оқушы оқиды (көреді), тыңдайды, жазады, оқыған материалын түсіндіреді.
- сөйлесу бөлімінің барлық сабақтарында оқытудың түрлі және белсенді (ойын арқылы оқыту, дискуссия, жұптық, топтық жеке-топтық жұмыс) формаларын міндетті түрде қолдану.
- белсенді сөздік қорын молайтуға, тыңдау және сөйлеу дағдыларының дамуына ықпал ететін оқытудың диалогтық формасы басымдық.

Нақты бір тақырып модулінің 2 сағаты кіріспе және қорытынды бөліміне кететін болса, қалған сағаты сөйлесу бөліміне арналады. «Оқушылардың өз бетімен танымдық процестерін ұйымдастыру сөйлесу бөлімінде жүзеге асады».

Оқу жұмыстарын топтық формамен ұйымдастыру төмендегідей белгілермен айқындалады:

- студенттер топқа нақты бір мәселені шешу үшін бөлінеді.
- әрбір топ тапсырма алады және оны барлығы бірлесіп топта орындайды.
- Топтық тапсырма, топтың әрбір мүшесінің жеке ат салысуы арқылы орындалады.

Әрбір студенттің әр сабақта оқу материалын тыңдап, жазып, көріп және айтуға мүмкіндігі бар. Екі сигналдық жүйені қолдану жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін ғана емес, сонымен бірге танымдық үрдістерін дамытуға да мүмкіндік береді.

Студенттер оқу материалымен жұмыс жасағанда «өсу» бағытымен 7 рет оралу арқылы меңгерілген білімдерін бекітеді. Автор бұл жерде «қайта оралып отыру» қағидасын қайталаумен шатастыруға болмайтындығын атап көрсетеді.

Қорыта айтқанда, технология негізінде оқытудың студенттерге тіл үйретуде барлық жағдай жасалынып, жеке тұлғаның дамуына әсері мол екендігі байқалды. Сонымен қатар, шетел тілі сабағындағы жасанды тілдік орта арқылы оқытудың тиімділігі оқыта үйрету ойындары арқылы тиімді нәтиже беретіндігі анықталды.

Әдебиеттер

1. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. Учебное пособие, -М.: Народное образование, 1998 – 256 с.
2. Е.А.Маслыко, П.К.Бабинская, А.Ф.Будько, С.И.Петрова. Настольная книга преподавателя иностранного языка Минск «Вышэйшая школа» 2000
3. Кумарова А.М. Социально-лингвистические проблемы формирования казахской языковой среды в РК (Автореферат дисс. На соиск. Уч. Степени к.ф.н. Алматы, 1996)
4. Артыкова Т.М.. Формирование учебной языковой среды при обучении казахскому языку (Под ред. Н.М.Байганиной –Алматы: КИЦ ОО «ДОИВА», 2002. 84с.)

Резюме

В статье раскрываются возможности формирования искусственной языковой среды в процессе обучения иностранным языкам в ВУЗе средствами инновационных технологий. На примере технологии модульного обучения раскрываются эффективные методы и приемы создания необходимой среды для коммуникации и общения студентов на иностранном языке. Также рассматривается улучшение усвоения иностранного языка создавая искусственной языковой среды в образовательном процессе.

Summary

In this article opened by important the forming language art spheres an education process, that is usefully new innovational technology by studying foreign language at Higher education's. For example, the module technology studying process opened by many effectiveness methods and acceptable building an important spheres for communication and students communicate in foreign language. And so as provide foreign language skills in a build in language art spheres an educational process.

Е.Х. Төлеміс, А.Д.Тажиева, А.Х.Жанконсова
(Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі)

Өңірлік табиғи парктің аумағындағы фенологиялық алаңдардың орналасуы

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Сырдария-Түркістан өңірлік табиғи паркінің негізгі қызметіне Табиғат жылнамасы бағдарламасы бойынша экологиялық жүйелер мен жекелеген табиғи объектілердің мониторингін жүргізу жұмысы жатады. Парк аумағында Табиғат жылнамасын жүргізу Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің 2007 жылғы 18 сәуірдегі №156 бұйрығымен әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады. Табиғат жылнамасын жүргізуде ауа райының жағдайларының өзгеруіне, фенологиялық бақылаулар жасаулар арқылы өсімдіктер тіршілігіндегі маусымдық құбылыстарға назар аударылады.

Табиғат жылнамасының негізгі мақсаты өңірлік табиғи парк аумағындағы табиғи-аумақтық кешендердің жай-күйін бағалау арқылы табиғи процестерді зерделеу болып табылады.

Өңірлік табиғи парктің аумағы бір-бірінен өзгеше екі табиғи кешендерден тұрады:

- Тау аймағы- Боралдай филиалының аумағындағы Қаратау тауларында орналасқан Боралдайтау жоталары- жер көлемі 36255 га:
- Жазықты- Түркістан және Сырдария филиалдарының аумақтарындағы

Сырдария мен Арыс өзендерінің аңғарлы жайылмалары, жер көлемі 83723,4 га. Олардың өсімдіктер мен жануарлар әлемі құрамы жағынан күрт айырмашылықтары бар. Бұл екі аймақта да бағалы сирек кездесетін экожүйелер бар екендігін атап өткеніміз жөн мұның ішінде атап айтқанда, тау аймағында арша, кәдімгі пісте, долана, тау тоғайларының, прангос қопаларының, тасты шөгінділердің экожүйелері кездессе, ал Сырдария, Арыс өзендерінің бойында құрамында көне тораңғы мен тораңғыл, үшкіржемісті жиде ағаштарының қатысуымен жайылма ормандары, қызылмия шалғындарының, шөптесін батпақтар мен шалғындардың, батпақты шалғындардың экожүйелері бар.

Негізгі экожүйелердегі өсімдіктер қауымдастықтарындағы жекелеген негізгі өсімдіктердің фенофазаларына бақылау жүргізу үшін Боралдай филиалында 6, Сырдария филиалында 4, Түркістан филиалында 4, өңірлік парк бойынша барлығы 14 фенологиялық бақылау алаңдары таңдап алынды. Алаңдар бойынша бұрыштарына бағаналар орнатылып, өсімдіктердің құрамдары және GPS приборы арқылы координаттары анықталып, паспорттары ресімделді. Паспорттағы мәліметтер темір тақтаға жазылып, фенологиялық алаңдардың ішінде темір дінгектерге орнатылды.

Фенологиялық алаңдар ТМ 4-2-25-25 топырақ термометрлері және ВИТ-2ТУ гигрометрлерімен қамтамасыз етілді, ал әрбір филиалға желдің жылдамдығын анықтайтын бір анемометр және жауын-шашын мөлшерін өлшейтін құралдар берілді. Осы құралдар арқылы жүргізілген бақылаулардың нәтижесінде ауа-райы жағдайлары жөнінде мәліметтер жинақталды.

Жалпы өңірлік табиғи парк аумағындағы орналасқан фенологиялық алаңдардың ішінен үш филиал бойынша іріктеп алынған кейбір фенологиялық алаңдардың паспорттарын негізгі мәліметтерімен бірге көрнекілік үшін төменде келтіріп отырмыз.

Боралдай филиалы

№ 1 Фенологиялық алаңның паспорты

Фенологиялық алаң орналасқан жері: ОҚО, Бәйдібек ауданы, Боралдай филиалы, Төменгі Боралдай шатқалы, № 9 айналым, № 67 орам.

Фенологиялық алаңның GPS деректері бойынша координаттары:

с.е. 43°52'537", ш.б. 69°52'956", т.д.б 819м

Сипаттамасы: сары долана, кәдімгі пісте селдір ормандарының қауымдастығы.

Өсімдік түрлерінің тізімі: долана, шие, бадам, Қаратау ырғайы.

Рельефі: тау беткейлері.

Алаң жасалған күн: 08.02.2013

Жауапты мемлекеттік инспектор: Ізетбаев Тұрар

№ 2 Фенологиялық алаңның паспорты

Фенологиялық алаң орналасқан жері: ОҚО, Бәйдібек ауданы, Бәйдібек ата ауылы. Боралдай филиалы. Теректі шатқалы № 2 айналым, № 45 орам.

Фенологиялық алаңның GPS деректері бойынша координаттары:

с.е. 43°00'476", ш.б. 70°00'842", т.д.б 847м

Сипаттамасы: долана, шаған, ұшқат аралас сирек ормандар қауымдастығы.

Кордонның қашықтығы 250 м, өлшемдері: ені 60м, ұзындығы 70м.

Өсімдік түрлерінің тізімі: долана, ақшешек, ұшқат, тобылғы, шие сабақ, шайкұрай, салаубас, киікоты, тау шай, алғы, қалақай, қызыл мия.

Рельефі: тау беткейлері.

Алаң жасалған күн: 04.05.2014

Жауапты мемлекеттік инспектор: Көлтаев Мұрат

№ 3 Фенологиялық алаңның паспорты

Фенологиялық алаң орналасқан жері: ОҚО, Бәйдібек ауданы. Боролдай филиалы. Ақбастау (орталығы Боралдай) № 12 айналым, №87 орам.

Фенологиялық алаңның GPS деректері бойынша координаттары:

с.е. $43^{\circ}00'473''$, ш.б. $70^{\circ}00'842''$, т.д.б 737м

Сипаттамасы: долана, шаған, ұшқат аралас сирек ормандар қауымдастығы.

Кордонның қашықтығы 250 м, өлшемдері: ені 60м, ұзындығы 70м.

Өсімдік түрлерінің тізімі: долана, ақшешек, ұшқат, тобылғы, шие сабақ, шайкұрай, салаубас, киікоты, тау шай, алғы қалақай, қызыл мия.

Рельефі: таулы аймақ, өзен жағалауында.

Алаң жасалған күн: 04.05.2014

Жауапты мемлекеттік инспектор: Дәулетбахов Әуесхан

№ 6 Фенологиялық алаңның паспорты

Фенологиялық алаң орналасқан жері: ОҚО, Бәйдібек ауданы, Ақтас ауылы. Боролдай филиалы. Аяқ Сүңгі № 3 айналым, №47 орам.

Фенологиялық алаңның GPS деректері бойынша координаттары:

с.е. $42^{\circ}58'323''$, ш.б. $70^{\circ}03'182''$, т.д.б 804 м.

Сипаттамасы: шаған ормандарының қауымдастығы. Кордонның қашықтығы 250 м, өлшемдері: ені 100м, ұзындығы 100м.

Өсімдік түрлерінің тізімі: долана, шаған, алма, сәмбі тал, шайкұрай, салаубас, киікоты, тау шай, қалақай.

Рельефі: таулы аймақтағы өзен жайылмасы.

Алаң жасалған күн: 05.05.2014

Жауапты мемлекеттік инспектор: Қамбарбекұлы Шынарбек

Түркістан филиалы

№ 7 Фенологиялық алаңның паспорты

Фенологиялық алаң орналасқан жері: ОҚО, Отырар ауданы, Балтакөл ауыл округі, Ақкөл елді мекені, Қарамола тоғайы. Түркістан филиалы. Балтакөл орманшылығы №7 орман қарау аймағы, №3 орам.

Фенологиялық алаңның GPS деректері бойынша координаттары:

с.е. $43^{\circ}09'513''$, ш.б. $067^{\circ}50'384''$, т.д.б. 194м

Сипаттамасы: Тораңғының сирек ормандар қауымдастығы. Шеңгелді елді мекенінен қашықтығы 2,9 км, өлшемдері: ені 65 метр, ұзындығы 60 метр.

Өсімдік түрлерінің тізімі: тораңғыл, жиде, жыңғыл, шеңгел, қамыс, бидайық.

Рельефі: жазық жерлер.

Алаң жасалған күн: 16.04.2014 ж.

Жауапты мемлекеттік инспектор: Досан Сапар

№ 10 Фенологиялық алаңның паспорты

Фенологиялық алаң орналасқан жері: ОҚО, Түркістан қаласы, Үшқайық ауылдық округі, Күйікасар елді мекені, Бұғы тоғай. Түркістан филиалы. Қызылшаруа орманшылығы №5 орман қарау аймағы, №21 орам.

Фенологиялық алаңның GPS деректері бойынша координаттары:

с.е. $42^{\circ}32'052''$, ш.б. $068^{\circ}09'968''$, т.д.б. 92м

Сипаттамасы: Тораңғының сирек ормандар қауымдастығы. Қызметтік тұрғын үйден қашықтығы 50 м, өлшемдері: ені 60 метр, ұзындығы 70 метр.

Өсімдік түрлерінің тізімі: тораңғыл, жыңғыл, қарабарын, жусан, жантақ.

Рельефі: жазықтық жер.

Алаң жасалған күн: 16.04.2014 ж.

Жауапты мемлекеттік инспектор: Өсеров Жәнібек

Сырдария филиалы

№ 11 Фенологиялық алаңның паспорты

Фенологиялық алаң орналасқан жері: ОҚО, Арыс ауданы. Сырдария филиалы. Байыркұм орманшылығы, №23 орман айналымы, №20 орам.

Фенологиялық алаңның GPS деректері бойынша координаттары:

с.е. 42°13' 204'', ш.б. 068° 14' 526'', т.д.б. 195м

Сипаттамасы: тораңғы, жыңғыл қауымдастығы, тораңғы бекеттен қашықтығы 250 м, өлшемдері: ені 100 м, ұзындығы 100м.

Өсімдік түрлерінің тізімі: тораңғы, жыңғыл, шеңгел, жантақ, (шөптесін өсімдіктер)

Рельефі: жазық жерлер.

Алаң жасалған күн: 09.04.2014 ж

Жауапты мемлекеттік инспектор: Сапар.Е

№ 13 Фенологиялық алаңның паспорты

Фенологиялық алаң орналасқан жері: ОҚО, Арыс ауданы. Сырдария филиалы. Байыркұм орманшылығы, № 29 айналым, №60 орам.

Фенологиялық алаңның GPS деректері бойынша координаттары:

с.е. 42°11' 688'', ш.б. 068° 00' 943'', т.д.б. 228 м

Сипаттамасы: сексеуіл, жүзгін қауымдастығы, өлшемдері: ені 100 м, ұзындығы 100м.

Өсімдік түрлерінің тізімі: сексеуіл, жүзгін, қоянсүйек (шөптесін өсімдіктер)

Рельефі: жазық, құмды жер.

Алаң жасалған күн: 09.04.2014 ж

Жауапты мемлекеттік инспектор: Бекбосынов. Н

Фенологиялық бақылауларды жүргізу орман қорғау аймақтары бекітіліп берілген мемлекеттік инспекторларға жүктелген. Шөптесін өсімдіктерге фенологиялық бақылау вегетацияның басталуы (өсе бастауы), шанақтануы (түйіндеу), алғашқы гүлдеуі, жаппай гүлдеуі, гүлдеудің соңы, тұқымдарының пісе бастауы, толық пісуі сияқты фенологиялық фазалары бойынша, ал ағаштар мен бұталарға бүршіктің ашыла бастауы, гүлдеудің басталуы, жаппай гүлдеуі, гүлдеудің соңы, жемістердің пісе бастауы, толық пісуі, жапырақтардың күзгі түстерінің өзгере бастауы, толық өзгеруі, жапырақтардың түсе бастауы, жаппай түсуі, түсуінің соңы сияқты фазалары бойынша жүргізіліп, фенофазалардың өту мерзімдері тіркелуде.

Фенологиялық бақылау жүргізу барысында өсімдіктердің гербарийлері жиналады, қазіргі кезде олардың саны 400 данадан асты. Негізгі индикаторлық ағаштар мен бұталардың түрлері бойынша В.Г. Каппер мен А.Н. Формозовтың шәкілінің 6 баллдық жүйесі мен тұқымдар мен жемістердің өнімін бағалау жүргізіледі.

Сол сияқты фенологиялық алаңдар орналасқан учаскелердегі сүтқоректілер, құстар бойынша фенологиялық құбылыстарға бақылау жасалып, тиісті кестелер толтырылуы қаралған. Фенологиялық бақылаулар жөніндегі мәліметтер әр ай біткен соң келесі айдың 15-не дейін ғылым, ақпарат және мониторинг бөліміне филиалдың жауапты қызметкері жинақтап тапсырады. Фенологиялық бақылауларды белгіленген фенологиялық алаңдардың мемлекеттік инспекторларымен қатар өңірлік парктің барлық мемлекеттік инспекторлары да жүргізіп, тиісті мәліметтерді жинақтап тапсырады. Сондықтан жыл басында мемлекеттік инспекторлармен ғылым бөлімінің қызметкерлері арнайы сабақтар өткізіліп, білімдері тексеруден өткізілді. Алдағы жылдары да осы тәртіп жалғасатын болады. Жиналған мәліметтер талданып, Табиғат жылнамасының жылдық кітабын құрастыру үшін енгізіледі.

Қазіргі таңда фенологиялық бақылаулар жүргізуге өңірлік табиғи парктің үш филиалы бойынша 84 мемлекеттік инспектор тартылып отыр. Жыл сайын олардың фенологиялық бақылауларды жүргізу жөніндегі жұмыстары сарапталып, мәліметтерді жинақтау машықтары жетілдіріле беретін болады.

Әдебиеттер

1. Занды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда табиғат жылнамасын жүргізу жөніндегі нұсқаулық. (Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы Комитетінің 2007 жылғы 18 сәуірдегі №156 бұйрығымен бекітілген) Астана 2007
2. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі №175-ІІ Заңы.
3. Брагина Т.М, Гельдыева Г.В, Огарь Н.П. Ключевые природные территории экологической сети Казахской части Арало-Сырдарьинского бассейна. Алматы-2012ж.

Резюме

В статье приводятся сведения и характеристики постоянных фенологических площадок размещенных с учетом различных экосистем на территории Сырдарья-Туркестанского государственного регионального природного парка. Также излагается проводимая работа в указанном природном парке по организации фенологических наблюдений и сбора материалов для составления Летописи природы.

Summary

Data and characteristics of the constant phenological platforms placed taking into account various ecosystems in the territory of Syr-Darya-Turkestani state regional natural park are provided in article. Also the carried-out work in the specified natural park on the organization phenological supervision and collecting materials for drawing up the Chronicle of the nature is stated.

ӨОЖ 364-43

С.Е.Төлегенова -1 курс магистр, **Р.Д.Дарибаева** - п.ғ.к.,доцент
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА МАМАНДАРЫНЫҢ САПАЛЫҚ ДАМУ ФАКТОРЛАРЫ

Аңдатпа: Қазіргі таңда әлеуметтік жұмыс қоғамның ажырамас бөлігі болып табылатындықтан, әлеуметтік сала мамандары кәсіби білікті, шығармашылық қабілетті, білімді болуы тиіс. Сондықтан маманның кәсіби тұлғалық дамуы коучингтік технология арқылы жүзеге асады. Коучинг – әлеуметтік жұмыс деңгейін біршама жақсартады.

Кілттік сөздер: әлеуметтік жұмыс, коучинг, технология, даму, фактор, принцип

Бүгінгі білім беру жүйесінде қазіргі еңбек нарығының талаптарына байланысты әртүрлі міндеттер мен саналы танымдық іс әрекеттерді шешу үшін жеке тұлғадан өзінің шығармашылық әлеуетін дамытуды талап ететін маманның субъектілігі мен дербестігі адыңғы орынға шығады. Қазіргі заманда өзінің дербестігін, шығармашылық белсенділігін көрсетуге қабілетті, болашаққа бағыттала алатын, белгісіз жағдайда да әрекеттің жаңа түріне икемді ауыса алатын, болжай алатын, шынайы кәсіби мақсатқа жету үшін өз қадамын нақыт есептеп, оны тәжірибеде жүзеге асыра алатын мамандар аса қажетті болып отыр.

Жеке адамның көптеген әлеуметтік іс-әрекет мәселесі және соған байланысты жеке адамның дамуындағы кәсіби өзіндік анықталу сұрақтары маңызды орын алады. Кез келген кәсіби іс-әрекет белгілі бір талаптар, ниеттер негізінде жүзеге асады. Әрбір кәсіби іс-әрекет – жеке адамның қиындықтарды жеңу қабілеттілігін, әрекеттерді орындауға байланысты жеке бастың кәсіби бағдарды, іскерлікті, кәсіби сананы қалыптастыруды, білімділікті, шеберлікті талап етеді. Кәсіби іс-әрекеттің тиімді, жемісті нәтижесіне жетуге тұлғалық қасиеттердің дамуы мәнді сипат алады.

Жаңарған еліміздегі жаңаша өзгерістерге сәйкес, кәсіби бағыттылықты құндылық сипатта оңтайлы ұйымдастырудың ғылыми педагогикалық негіздерін жаңаша зерделеу қажеттілігі күн тәртібіндегі көкейтесті мәселе. Қазіргі экономикалық және рухани жаңарулар жеке тұлғаның кәсіби бағдар аясын кеңейтіп, әлеуметтік жағынан өмірге батыл араласуын тездетуде.

Қазіргі кезде әлеуметтік жұмыс қоғамның және мемлекеттің ажырамас бөлігі, бұл әлеуметтік қызметкерлер саясатқа, экономикалық қоғамның әлеуметтік құрылымына және қоғамдық қарым-қатынастарға қосылады, халықты әлеуметтік қорғау саласында этикалық нормативтік қарым-қатынасты қызметкерін жүйелеу үшін қажеттіліктерді қалыптастырады. Соған сәйкес мемлекет және қоғам үшін барлығы әлеуметтік институттарға, әлеуметтік қорғау институттары мен әлеуметтік жұмысқа қатысты барлық міндеттерді орындайды – социумды сақтау мен тұрақтандыру міндеттері, болашақта жан-жақты дамыту үшін қоғамдық қарым-қатынастарды қолдау мен үйлестіру, сондай қажетті шарттарды қамтамасыз етуге, яғни мемлекетті қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету факторларының бірі болып табылады.

Әлеуметтік саланың мамандарын кәсіби-тұлғалық дайындау, өкінішке орай, білім беру бағдарламалары арқылы толығымен қамтамасыз етілмейді. Сондықтан, маманды кәсіби тұлғалық дайындау міндеттері коучингтік технологиялар арқылы жүзеге асады.

Коучингтік технология психологияның, менеджменттің, философияның, аналитика мен логика ғылымдары әсерінен туды. Қазіргі іскерлік әлемде адамзаттың ресурстарын басқару, стратегиялық жоспарлау, тайм менеджмент, келіссөздер жүргізу, мотивация жүйесі, шешім қабылдау, табыстау,

конфликттерді басқару және т.б. кілттік бағыттар коучингтің призмасы арқылы бизнес жүйеге тиімді әсер етеді.

Коучинг – өзіне іс-әрекеттің әртүрлі технологиясын игерген бизнес-консалтингтік, тренингтік, психологиялық, психотерапиялық, менеджменттік, спортсмендерді оқыту моделдік, тәлімгердің технологиялық көмек беретін кеңес берудің бір түрі.

Қатысушылар коучингте жұмыс істеу арқылы әдістің теориялық ұстанымдарын қолдана отырып, саналы мақсатқа бағытталып әрекет етеді және серіктестік (эксперт емес) позицияны иеленеді.


Коучингті әлеуметтік сала мамандарының жұмысында әлеуметтік технология ретінде мынадай қағида бойынша қолдануға болады: мақсат – құрал – нәтиже; базалық технологияларға стратегиялық жобалау, яғни әлеуметтік субъектке (тұлғаның үйлесімділігі, мақсатты жүзеге асыру, шығармашылық қабілетті дамыту) ұзақ уақыттық жобалауды қосу. Әлеуметтік қызмет клиентінің алғашқы жүгіну кезінде-ақ, коучинг өз мәселесін шешкісі келетіндер мен өз мәселесімен бүркену арқылы басқа мақсатпен келетін клиенттерді айыра алу механизмі ретінде қолданылуы мүмкін. Мұндай дифференциация әлеуметтік қызметкердің әрекетін әлдеқайда жеңілдетеді. Коучинг ұйымдастырудан бастап осы саланың әрбір жеке мамандарына дейінгі әлеуметтік жұмыс жүргізу үдерісін жақсартады. Әрбір сала мамандарының кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың динамикасын, тұтастықты, құндылықты, осы үдерістің нәтижелілігін қамтамасыз ететін факторлар мен нақты шарттардың болуымен іске асырылады.

Әлеуметтік сала мамандарының кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың психологиялық факторлары: жеке тұлғалық; интерактивті-топтық; ұйымдық-әрекеттік; контекстті-түрлендіргіш; мәселелі-ситуациялық (сурет – 1).

Соңғы екі факторды әлеуметтік сала мамандарының кәсіби-тұлғалық сапаларын коучингтің шарттары арқылы дамытудың қосымша факторлары ретінде бағалауға болады.

Жеке тұлғалық фактор кәсіби бағытта аз өзгереді және тұрақты сипатқа ие. Сонда да бұл фактор жағымды әсерімен қатар жағымсыз(кәсіби жетістік тұрғысынан) да әсер етуі мүмкін.

Мамандықтың психологиялық ерекшеліктерін зерттеуде көбіне назар аударылатын фактордың бірі психомоторика. Интеллект басқа да тұлғалық сипаттамалар сияқты маманның кәсіби сапаларын дамытудың жеке тұлғалық факторлардың ерекшелігі болып табылады.



Сурет-1. Әлеуметтік сала мамандарының кәсіби-тұлғалық сапаларын коучинг технологиясы арқылы дамытудың психологиялық факторлары

Интерактивті-топтық фактор маманның әріптестері, клиенттер мен коучты қосқанда топпен өзара қарым-қатынасын көрсетеді. Мамандар топпен белсенді қарым-қатынасқа түсе отырып, нақты икемділік пен дағдыны, кәсіби сапаны дамыта алады.

Әлеуметтік қызметкер өз қызметінің кәсіби сапасын ғана емес, сонымен қатар тұлғалық сапасын қажет ететін күнделікті түрлі жағдаяттармен жолығады.

Әлеуметтік қызметкер және оның клиенті ең бірінші рет клиенттің өміріндегі өте қиын жағдайда кездеседі, яғни адамға қауіп төнген жағдайда кездеседі. Клиент үшін әлеуметтік қызмет мекемесіне келу ол үшін сыннан өту болып табылады. Сол себептен де, бұл мәселені сәтті шешу ұмтылыс қана болмайды, сонымен қатар өзінің толық жауапты емес екендігін мойындайды, яғни өзінің тәуелді болғанына қарамастан адам ішкі дүниесін мойындағанмен бұл әрқашан да тұлға үшін мойындау өте қиын. Бұндай жағдайда әлеуметтік қызметкердің клиентті өзінің күшіне және өз-өзіне сенімсіздікті жеңе ала ма, өзіне сенімді бола ала ма, өзінің қоршаған ортасы жағынан өзінің қадір

қасиетін сақтай ала ма, мұндай кезде әлеуметтік қызметкердің жеке адамгершілік құндылықтарына да тәуелді екені белгілі.

Ұйымдық-әрекеттік фактор әрбір маманның өз белсенділігін, ықыласын, шығармашылығын көрсететін тұлға мен ұжымның өзара әрекетін ұйымдастырады.

Енді коучингте қолданылатын негізгі ұстанымдарға тоқтай өтсек:

Қ/сы:	Ұстанымдар	Сипаттамасы
1	Саналылық және жауапкершілік ұстанымы	Коучинг қойылған міндетті саралау барысында саналы әрекеттің шекарасын кеңейту үшін қызмет етеді. Адам міндетті шешу үшін коучтың болысуы арқылы қажетті барлық ақпаратты жинайды және оны сараптайды. Саналылық іс-әрекеті үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға көмектеседі. Адам коучингте жұмыс істей отырып өз өмірінде болып жатқан барлық әрекеттің жауапкершілігін алады және өмір қиындығының құрбаны болмайды. Осы үшін маңыздысы коучингтің сұрақты технологиялары болып табылатын арнайы техникалар қолданылады.
2	Бағалау (сараптау) ұстанымының жоқтығы	Коуч-кеңес беру барысында коуч бағалаушы рөлінде емес, кеңес пен дайын шешім бермейді, өз тәжірибесі бойынша әрекет етуді ұсынбайды. Адам әрқашан өз мақсатына жету үшін келесі қадамын өзі шешеді және оның сәттілікке жетуі үшін жауапкершілікті өз мойнына алады. .
3	Өзара байланыс ұстанымы	Бұл ұстаным шеңберінде адам күрделі құрылым ретінде қарастырылады. Коучингті өткізу барысында нақты мақсатпен жұмыс істеу іс-әрекеттің басқа салаларына да әсер етеді. Әрекеттің бір саласының позитивті нәтижесі басқа салада да жетістікке жетуге көмектеседі.
4	Теңдік ұстанымы	Коучинг коуч пен клиенттің серіктестік қарым-қатынасын қалыптастыруға бағытталған және коммуникативті ынтымақтастыққа негізделген.
5	Кезеңдік даму ұстанымы	Коучинг шеңберінде жұмыс істей отырып клиенттің мақсатына жетудегі әрбір қадамы «дамудың жақын аймағында» болуын қадағалап отыру керек.

Әлеуметтік қызметкер өз жұмысына кірісерде, өзінің қызмет дәрежесіне тәуелсіз, клиент пен қоғамға жақсылық әкелуі керек. Маман ретінде, әлеуметтік қызметкер ең біріншіден, клиентке шешілетін мәселелер приоритетін анықтауға көмектесіп, туындайтын қажеттіліктерді реттеп, көмектесіп, сондай – ақ, клиентті өзіндік көмек көрсету қызметіне қатыстыру шараларын қолдануы керек. Әлеуметтік қызметкер клиент пен қоғам жетістіктері үшін жауапты болады. Оның жауапкершілігі клиент жауапкершілігінен әлдеқайда күрделірек. Себебі, клиент тек өзінің қара басының жетістігін ойласа, әлеуметтік қызметкер қабылданған шешімдердің тек клиент үшін ғана емес, барлық қоғамдық мүдделерге де жауапты. Әлеуметтік қызметкер мен оның клиентін жалпы бір мақсат біріктіреді. Бірақ әлеуметтік қызметкер клиентпен бірге өз алдында әрекеттің белсенді бастамасын бейнелейді. Әлеуметтік қызметкер және оның клиенті әріптес болып табылады, бірақта маман мәселелерді шешудің әдістері мен тәсілдерін біледі. Ол өзінің қарым-қатынасы бойынша азамат, тәрбиеші, көмекші, жетекші ретінде өзін көрсетеді. Бірақ та әлеуметтік қызметкердің жағдайын әлеуметтік рольдер және қарапайым қажеттіктер арқылы ғана ақталмайды, сонымен қатар оған моральдық құқығын беретін адамгершілік қасиеттері ақталуы керек.

Қорытындылай келе, коучингтік технологиялар мынадай мүмкіндіктер береді:

- Әлеуметтік сала мамандарының кәсіби міндеттерін орындау үдерісінде пайда болатын әртүрлі жағдайларда өз эмоциясын басқару, өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту;

- Әлеуметтік қызметкерлердің өз кәсіби міндеттерін орындау үшін психологиялық тұрақтылықты дамытуға көмектесу;

- Әлеуметтік сала мамандарының маңызды шешімін табылған жағдайларда эмоциональді-психологиялық тұрақтылықты сақтауға қажетті ұсыныстарды меңгерту.

Әлеуметтік қызметкердің коучинг шарттары арқылы қалыптасатын кәсіби-тұлғалық сапаларын аша отырып, оларды үш топқа бөлуге болады: бірінші – әрекеттің осы түрінің құрама бөлігі болып табылатын психологиялық сипаттамалар; екінші – әлеуметтік қызметкердің тұлға ретінде өзін-өзі

жетілдіруге бағытталған психологиялық-педагогикалық сапалар; үшінші – туындаған қиындықтарды ұтымды шешу және көптүрлі шешімін таппаған мәселелерді ескеруге бағытталған психологиялық-педагогикалық сапалар.

Әдебиеттер

1. Курбатов В.И., Курбатова О.В. Социальное проектирование: Учебное пособие. Ростов н/Д: «Феникс», 2001. 416 с.
2. Холстова Е. И. Профессиональный и духовно-нравственный портрет социального работника. М.: РГСИ, 1993. 365 с.
3. Максимов В.Е. Коучинг от А до Я. Возможно все. СПб.: Речь, 2004. 272 с.
4. Дауни М. Эффективный коучинг: Уроки коуча коучей. М.:Добрая книга, 2007. 288с.
5. Болотов В.А., Сериков В.В. Компетентностная модель: от идеи к образовательной парадигме//Педагогика. 2003. №10. С. 8-14

Резюме

В статье рассматривается коучинговая технология, её роль в социальной сфере и факторы развития профессионального-личностного качества.

Summary

The article discusses the coaching technology, its role in the social and professional development factors and personal qualities.

УДК 78.03

З.В.Митрофанова - преподаватель

Южно-Казахстанский музыкальный колледж, Шымкент, Казахстан

ЗНАЧЕНИЕ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ЗНАНИЙ ДЛЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПРАКТИКИ И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ

Педагогическая психология – отрасль, изучающая психологические проблемы обучения и воспитания. Психологическая психология исследует психологические вопросы целенаправленного формирования познавательной деятельности и общественно-значимых качеств личности, условия, обеспечивающие оптимальный развивающий эффект обучения, возможность учета индивидуальных психологических особенностей детей; взаимоотношения между педагогом и ребенком, а также внутри учебного коллектива, психологические вопросы самой педагогической деятельности (психолога, учителя).

Знание педагогической психологии педагогами, психологами является в настоящее время осознанной необходимостью.

Осмысление, усвоение и последующее применение психологических знаний в педагогической практике – вот основная задача психологов и педагогов.

Роль психологических знаний в профессиональном развитии учителя, психолога

Педагогика должна строиться на основе данных педагогической психологии. Если педагогика хочет воспитать, обучить и развить человека во всех отношениях, то она должна прежде всего узнать его тоже во всех отношениях – эта мысль К.Д. Ушинского остается актуальной и сегодня. Знание психологических механизмов усвоения и педагогических условий, в которых они реализуются, составляет необходимую основу для разработки методик обучения и воспитания, выступающих как главное средство педагогической деятельности.

Невозможно осмысленно пользоваться и тем более разрабатывать методики обучения и воспитания, не зная психологических закономерностей и педагогических принципов, на которых они основываются [2;168].

Для профессионального развития учителям и психологам, прежде всего, следует знать психологические особенности детей школьных возрастов, так как в своей деятельности они должны (и это является необходимым условием) учитывать выявленные особенности их психологии, ибо их отношение к учебной деятельности и другим школьным делам. А также к личности самого учителя и вообще к взрослым в разные возрастные периоды школьного детства существенно различаются.

Как научить ребенка учиться? Как учить школьника мыслить? Как вызвать познавательный интерес? Как воспитывать в процессе обучения? Каковы психологические механизмы усвоения нового

материала, и какие необходимы для этого условия? На эти и другие вопросы могут дать ответ педагог или психолог, вооруженные психологическими знаниями.

Педагогу, психологу помимо программы знаний, подлежащих усвоению, надо иметь программу видов деятельности. Знание для того и даются, чтобы с их помощью ребенок научился выполнять какую-то деятельность или какие-то действия, входящие в ту или иную деятельность.

Психологически грамотный, опытный учитель, психолог обладает той наблюдательностью, которая необходима для тонкого понимания личности ученика и его временных психических состояний. Такой педагог по сравнительно небольшим внешним проявлениям делает вывод о переживаниях ученика. Таким образом, он скорее может, например, предупредить нарушение в классе дисциплины, так как вовремя заметит первые признаки этого нарушения.

Наблюдательный, разбирающийся в возрастной психологии педагог в каждом ребенке находит как типические, т.е. общие для некоторой группы детей, так и индивидуальные черты. Для не обладающего психологическими знаниями педагога все ученики кажутся очень похожими друг на друга или же он формально их делит на старательных и ленивых, успевающих и неуспевающих, не вникая в то, что именно в личности и условиях жизни ребенка помогает или мешает ему успешно приобрести знания.

Работа с детьми по самому своему существу не терпит шаблонов, так как не бывает точного повторения педагогической ситуации и нет двух одинаковых детей.

Лучшие педагоги, мастера своего дела, говоря о своей работе, подчеркивают в ней постоянные искания, наличие творческих методов [1;134].

Самостоятельность мышления педагога, психолога заключается в умении анализировать как свой педагогический опыт, так и опыт других педагогов, в отсутствии в работе штампов, рутины, в проявлении инициативы.

Находчивость или быстрота и точное ориентирование позволяет своевременно применять нужное учебно-педагогическое мероприятие. Чем больше у педагога, психолога педагогического опыта и психологических знаний, тем меньше в его работе возникает неожиданностей, требующих быстрой сметливости и ориентировки.

Углубляя свои психологические знания каждый педагог, психолог развивается в профессиональном плане, что позволяет им организовывать учебную и внеучебную деятельность эффективно не только в учебном плане, но и в воспитательном отношении. Организуя детей и в учебном и во внеучебном процессе, педагоги и психологи постоянно взаимодействуют с ними. Их общение с детьми выступает как своеобразный канал управления процесса воспитания, который имеет две основные функции: информационную и интегративно-компенсаторную. Информация здесь идет в двух направлениях: от субъекта управления (педагог, психолог) к объекту управления (дети) и наоборот – от объекта к субъекту. В непосредственном межличностном общении педагог получает самую разнообразную информацию о воспитании, о коллективе, о внутренних процессах в нем, и т.д. и т.п. И в дальнейшем, обладая определенными психологическими знаниями и анализируя, педагог, психолог, может корректировать и направлять свою воспитательную и образовательную деятельность в нужном направлении.

Таким образом, в деятельность педагога, психолога знание детской психологии необходимо, чтобы учитывать возрастные особенности развития детей в организации процесса их учебной деятельности, чтобы она не только формировала у них знание предмета, но и максимально способствовала их психическому и, прежде всего, умственному развитию. А педагогическая психология показывает педагогу механизмы, возможности и пути обеспечения органического единства развития, обучения и воспитания детей, и тем самым открывает реальные перспективы значительного повышения эффективности учебно-воспитательного процесса.

Возрастная и педагогическая психология, будучи изученной педагогом, психологом с сугубо практической целью формируют у него психологический профессионально ориентированный взгляд на собственную деятельность, позволяет исключить из лексикона презрительное прозвище «урокодатель», узаконит и закрепит в народном сознании только уважительные «Педагог» и «Воспитатель».

II Роль психологических знаний в личностном становлении педагога, психолога в системе образования

Личностное отношение учителя, психолога к психолого-педагогическому знанию, потребность в нем, осознание его ценности для практической деятельности – все это в итоге определяется функциональным содержанием самой этой деятельности [3;16]. Вместе с тем процесс реального обращения к психолого-педагогическому знанию имеет глубокую личностную обусловленность. Названный процесс определяется общей позицией учителя по отношению к своей деятельности, а именно тем, в какой мере он идентифицирует себя со своей профессиональной ролью и становится

активным субъектом педагогического труда. Педагогическая психология рассматривает психологический аспект отбора учителем содержания и форм организации деятельности детей, психологический смысл роли учителя в процессе и организации. Отбирая содержание, формы организации учебной и внеучебной деятельности в конкретной группе, учителю надо учитывать, во-первых, насколько они помогают достигнуть цели воспитания. Во-вторых, насколько содержание жизни коллектива позволяет ученикам целесообразно с педагогической точки зрения удовлетворять свои потребности. И здесь очень важно не только формировать у детей различные социально-ценностные потребности, но иметь в виду те социально целевые потребности, которые уже имеются у них, например, потребность в познании, в достижении, в общении, и использовать их, создавать в учебной деятельности коллектива возможности для реализации этих потребностей, опираясь на них, формировать ряд других потребностей [3;148]. Чтобы хорошо обучить и воспитать ребенка, нужно не просто хорошо знать свой предмет (хотя это очень важная черта, отражающая психолого-педагогическую грамотность), но и уметь понимать и чувствовать обучающегося. Все это будет только, если личностное становление педагога происходило и происходит в условиях доброжелательного психологического климата, а также изучение педагогической и возрастной психологии происходило и происходит с практической и индивидуальной целью.

III Понятие психологической культуры педагога

Духовная культура педагога составляет содержание его профессиональной деятельности. Педагог – прежде всего личность, профессионально значимая в той мере, в которой причастна к духовной ценностям, выработанным человечеством, и в которой способна приобщить к этим ценностям других людей.

Система ценностей, принятая педагогом, определяет его личностно-профессиональную позицию и проявляется в этических и психологических установках. Среди них наиболее важными являются следующие:

отношение к обучающимся: установка на понимание, сопереживание, на относительную независимость и самостоятельность обучающихся, на выявление творческого потенциала каждого ученика;

отношение к организации коллективной деятельности: установка на развитие демократического самоуправления, на коллективное творчество, на создание общих дел не только в стенах учебного заведения, но и за его пределами, в том числе и дома, на соблюдение традиций и норм коллективной жизни.

отношение педагога к самому себе: установка на заинтересованность в успешной воспитательной работе, ориентация на профессиональный и личностный рост и самоанализ.

Другие черты личности педагога, особенности его характера и темперамента, интересы и уровень культуры также влияют на его отношение к своему труду. Однако кроме всего прочего, они создают индивидуальный стиль деятельности и общения педагога. Родство этих творческих профессий заключается в их индивидуальном выражении.

Важнейшим элементом педагогического мастерства, обеспечивающим успех деятельности, является психолого-педагогическая культура педагога, уровень его подготовленности к практическому осуществлению учебно-воспитательных задач и степень проявления в его непосредственной деятельности качеств организатора и воспитателя [5,159].

Понятием «подготовленность» обозначаются основные признаки психолого-педагогической культуры педагога, которые можно сгруппировать в следующие блоки.

Признаки и черты, отражающие психолого-педагогическую грамотность. Это важнейшие профессиональные требования к доскональному знанию педагогом своего предмета и методики его преподавания. Только свободное владение предметом может пробудить у обучающихся интерес к знаниям, уважение к педагогу и его требованиям. Иногда говорят: «Учитель не может знать всего. Незнание не порок». Однако эта формулировка очень сомнительна, так как не дает представление о том, что понимается под этим словом «всего». Никто не требует от физика, что он преподавал свой предмет на английском языке, и словеснику не обязательно знать закон Бойля-Мариотта. Однако будет не лишним помнить, что преподаватель должен обязательно знать свой предмет и что культура определяется тем, что человек знает сверх обязательного.

Признаки и черты, отражающие уровень педагогического мастерства. Обучающиеся ценят в педагоге не только его знания, но и умение донести их в наиболее интересной и доходчивой форме.

Признаки и черты, отражающие степень развития педагогических способностей. Общеизвестно, что результат любого вида деятельности в значительной степени зависит от индивидуально-психических качеств человека, названных способностями. Для успешной работы в качестве педагога, человеку нужны педагогические способности, к которым следует отнести способность к педагогическому мышлению, организаторские способности, а также выносливость нервно-психической системы, так как нагрузка в профессии педагога чрезвычайно высока. Особенно важны

для педагога выдержка, способность к торможению, сочетание быстрой реакции с находчивостью, эмоциональная уравновешенность, умение владеть своими чувствами.

Признаки и черты, отражающие нравственно-эмоциональную воспитанность. Они обуславливают моральное право педагога руководить другими людьми, целенаправленно их обучать и воспитывать. Добросовестное отношение к обучающимся и умение чувствовать настроение, понять психологию каждого ребенка формирует такое неотъемлемое качество педагога, как педагогический такт. Педагогический такт – драгоценное профессиональное качество педагога, подсказывающее ему меру проявления эмоций при применении средств педагогического воздействия. С ним связаны такие качества, как выдержка, терпение, самообладание.

Особое место в этом ряду занимает педагогическое общение. В общении требуется абсолютное равенство, так как в чувствах мы все в известном смысле равны. Дар вчувствоваться в другого – это и есть дар общения. И педагогический талант в том и состоит, что педагог умеет почувствовать в ученике равного себе душой и общаться с ним на равных.

Педагогическое общение проходит ряд ступеней: контакт, душевное, а затем духовное общение. Контакт – это проявление дружелюбия, которое может быть мимолетным или длительным. Душевное общение устанавливается тогда, когда налицо общность мнений или общий интерес. Духовное общение – это наивысший уровень общения, который формируется на основе общих устремлений и переживается человеком как счастье иметь рядом человека, который разделяет твои духовные порывы. Инструментами общения прежде всего выступают голос и взгляд.

Заключение

Общественные функции педагога, необходимость быть все время на людях предъявляют определенные требования и к его внешности, и к его стилю одежды. Как правило, педагоги предпочитают деловой стиль одежды, подчеркивающий скромность, аккуратность, символизирующий глубину человеческого характера.

Итак, перечислены лишь основные звенья психолого-педагогической культуры, без которой педагогу невозможно решать учебно-воспитательные задачи. Однако представление о психолого-педагогическом образе педагога не полное, если об его умениях и навыках, без которых становится невозможным педагогическое мастерство. Педагогу необходимы самые разные умения: развивать в детях любознательность, спланировать их вокруг себя, понимать их, вести за собой, завоевывать их абсолютное доверие; осуществлять педагогический контроль не только за получением знаний, но и за тем, чтобы слово превращалось в дело; быть образцом смелости, выдержанности, настойчивости; иметь способность убеждать. Как распространитель научных знаний, организатор и воспитатель педагог должен обладать такими умениями, как ораторские, дидактические, коммуникативные, перцептивные умения, а также владеть педагогической техникой. Набор этих умений объясняется особенностями содержания воспитательной работы и задачами, стоящими перед педагогом.

Педагогическая техника – необходимая составная часть педагогического мастерства. Она проявляется и в умении педагога владеть средствами личного воздействия (голос, мимика, жест, осанка), и в умении педагогически целесообразно организовывать свое поведение.

Мастерство педагога – это высокий уровень творческого владения им современным арсеналом средств психолого-педагогического воздействия; это эффективное применение их в процессе всей деятельности; это постоянный критический анализ своих действий и поступков как воспитателя и систематическое совершенствование умений и навыков.

Литература

1. Бодмаев Б.Ц. Психология в работе учителя: в 2-х кн. – М., Гуманист, 2000. – 240 с.
2. Возрастная и педагогическая психология / Давыдов В.В. Драгунова Т.В. – М., Просвещение, 1979 – 288 с.
3. Митина А.М. Психология профессионального развития учителя. – М, 1998. – 200 с.
4. Психология и педагогика: Учебное пособие / Никтенко Р.Н. Залесов Т.М. – М.: ИНФА. -1998- 175 с.
5. Психология и педагогика / Под редакцией К.А. Абульхановой. – М. Совершенство, 1998 – 320 с.

Түйін

Қазіргі таңда педагогтарға психологиялық білімді болу қажет. Педагогтарға психологиялық білімді меңгеру, игеру оны педагогикалық тәжірибеде қолдану – педагогтар мен психологтардың негізгі міндеті.

Summary

Knowledge of pedagogical psychology of teachers and psychologists in present time is a perceived necessity. Understanding, assimilation and subsequent application of psychological knowledge in the teaching practice is the main task of psychologists and teachers.

УДК [004:378.026.9] (045)

Қ.О.Ханазарова – магистр, Л.Т. Ибрагимова- магистр
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

КОМПЬЮТЕРЛІК БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШІЛІГІ

Қазіргі уақытта компьютерлік технология өмірдің барлық сферасында және облыстарында қолданылады. Компьютер тіпті, өнерге де жетті. Техника және технологияның жетістігі шығармашылыққа жаңа горизонттар ашады. Түрлі ОЙМЕН туған техникалық және ғылыми ашылулар суреттеу мәселесіне немесе өнерге де жол ашады. Бұрынғы уақыттан және қазіргі күнге дейін дизайнерлер мәнерлілік амалдарының көптеген түрлерін қолданады. Киім дизайнерлерінің ішкі жан дүниесін толығымен ашу үшін, олардың сезімдері мен эмоцияларының берілуі үшін, қазіргі заманда киім дизайнерлері үшін ең негізгі құралы болатын жақсы мүмкіндік, яғни компьютерлік технологияның пайда болуы.

Компьютер және интеграция пайда болған сәттен бастап, өнер облысында киім дизайнерлерінің жұмысы жаңа сатыға көшті. Заманға сай біркелкі әрекет ететін нақты алгоритмді технологиялар компьютерді жай құрылғы болып қалатын жағдайға жеткізді. Компьютерде нобайлар жобалау жұмысын жасап отырғанда, ғасырлар бойы жасалған өнер бұл технологияда ешқашан өз мағынасын жоғалтпайтынын есте сақтау керек.

Бір қарағанда, графикалық компьютер бағдарламасының қарпайымдылығы таңдауына қарамастан үлкен көлемді жобалар тудырады. Берілген жобаның массалық өндіріс (тираждау) мүмкіндігі көптеген жетістікке жеткізеді. Бұл массалықтан бірінші кезекте өнер зардап шегеді.

Компьютерлік технология - жаңа профессионалды ойлар мен дағдылар туғызатын жаңа мүмкіндіктерге жол ашады, еңбек базарына қажетті жағдайлар туғызады. Сондықтан берілген аспектіде, «Киім дизайны» мамандығы әрқашан актуалды және қажетті. Дизайн сабағында негізгі орынды жобалау қызметі алады, осыған орай, жобалауда студенттердің өздік шығармашылық ойлары ең оптималды әдістері болып табылады.

Жобалау процесі көп этапты және көп жоспарлы болады. Жобалаудың әрбір сатысы оның мақсатына, тапсырма түріне байланысты, дәреже мәселесі студенттерден өздік шешім немесе өздік қимылдар сәйкестігін талап етеді.

Құрылғы ақпараттары мен бағдарламасын қолдана отырып білім алған уақыттан бастап жұмыстарды орындау тәсілдеріне дейін студенттің өзінің таңдау пайдасымен студенттің өздік жұмысы индивидуалдылықты жетілдіреді. Аналитикалық сатыда студенттер оқу және анықтама әдебиетін зерттейді және жобалау тақырыбына өздік жиын ұйымдастырады. Нобайлар жасау және жақсы үлгі таңдау сатысында студенттерден өз беттерімен қорытынды жасай білу және оларды нобайлардың аяқталу немесе компьютерлік бейнелеу негізінде қиып ала білуді талап етеді.

Оқытушылар үшін жобалау көмегімен студенттің өздік жұмысын ұйымдастыру мағыналы рычагты басқару және оның тану активтілігі болып табылады. Жоба жасағанда оқытушы әрбір этапта студенттің өздік жұмысын ұйымдастырғанда, әртүрлі нұсқалар қолдануға мүмкіндігі бар. Студенттерге оқу әдістемелік, иллюстрациямен және студенттің әдістемелік фондпен оқыту жұмысын істеу мүмкіндігі беріледі. Компьютерлік технологияның қолданылуы (графикалық редактормен жұмыс CorelDraw, Photoshop, 3d Max, САПР бақылау жүйесінің қолданылуы сапалы білім болып табылады (тесттер, тапсырма). Киім дизайн курсы электронды оқу және құрылғылар көмегімен меңгеруге болады.

Осы орайда, жобалауды орындаған кезде студенттер әртүрлі өздік жұмыс түрлерін қолданады, өздері үшін жаңа принципіалды білім және дағдыларды меңгереді және сол білімді өзінің шығармашылық қызметтерін эффекті қолдануға көп мүмкіндік береді. Киім дизайн сабағында компьютерлік технологияларды қолдану, онда компьютер оқыту бағдарламаларын құру мен қолдануды білдіреді. Жоғары оқу орындарында мамандардың кәсіби даярлығын ұйымдастыруда компьютерлік технологияны пайдалану ретгілікті болжайды; оқытудың құралдары, пәнді зерттеу, кәсіби тапсырмалардың шешімін іздестеру болып келеді. Болашақ мамандардың компьютерлік технологияны пайдаланудан практикалық білім негіздерін тәжірибе жинақтауын қажет етеді. Компьютерлік технологиялардың меңгеру: олардың атқаратын міндеттерін; жұмыстың негізгі қағидаларын, қолдану саласын білуді; технологиялардың ұсынған негізгі функционалдық мүмкіндіктерін білуді; бағдарламалық құралдармен жұмыс жасау тәсілдерін жетік білуді, олардың шығармашылықпен практикада пайдалануды қарастырады.

Киім дизайнерлерін компьютерлік технологияны практикалық іс-әрекеттерде пайдалануға даярлығын қалыптастыру; болашақ сәндік-қолданбалы мамандарын оқу компьютерлік технологияны меңгерту процесінде кәсіби даярлау проблемаларды арнайы зерттеуді талап етеді.

Сабақ барысында компьютерді қолдануға негізделген жеке әдістемелер мақсаттары мен жағдайларына байланысты қолданылуы қажет. Кейбір жағдайда студенттердің сұранысын терең ұғыну қажет болады, келесі бір жағдайда пәндік саладағы білімді талдау маңызды рөл атқарады, бір жағдайда оқытудың психологиялық ұстанымдарын ескеру басты рөл атқарады.

Компьютерлік технологияларды пайдаланудың негізгі артықшылықтары студенттердің тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуы тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтуында, білімге бір-бірінен үлкен ара қақашықтықта орналасқан әр түрлі оқу орнында отырып қол жеткізуге болатындығы, оқыту жүйесінің көп деңгейлі жетілдірілуі олардың таралымдауы мен оқу материалының сапасын арттырады. Оқытуда компьютерді және аудиовизуалды құралдары дидактикалық материалдарды, жаңа педагогикалық нәтижелерге жетуге бағыттау оқыту мерзімін қысқарту, интенсификациялау және оқу тәрбие процесіндегі дердестік; оқыту-танымдық шығармашылығындағы белсенділік және студенттердің интеллектуалдық даму қабілеттілігі; сонымен қатар пәнді терең түсіну жетістігіне қол жеткізу. Ақпараттылық және компьютерлік технология оқуда және тәрбиеде адам қабілетінің дамуына оның ақыл-ойының, барлық танымдық үрдістердегі негізгі біртұтас құралы болып табылады.

Соңғы жылдары жаңа технологияның рөлі өмірде әлемдік қауымдастықта өсті барлық саладағы адам қызметі оның еңбектегі алып фактор ретінде ПАЙДАЛАНУ интенсификациясы болып табылады. Материалдық базаның дамуында ғана емес, кәзіргі заманға сай технологиялардың деңгейін интеллектуалды қоғамда анықтау үшін, оны жаңа біліммен толықтыру, пайдалану, меңгеру үшін аса қажетті.

Негізгі педагогикалық мақсаттардағы ақпараттылық технологиялардың ерекшеліктерін құрайтындар: студенттің шығармашылық дамудағы потенциалы, даму қабілеттілігінің қимыл қатынасы, эксперименталды-зерттеу білімділіктерін дамыту. Оқу-тәрбие процесіндегі барлық деңгейдегі сапасын және тиімділігін күшейту: әлеуметтік тапсырыстарды іске асыру, қазіргі **ҚОҒАМДАҒЫ** ақпараттылыққа жағдай жасау.

Компьютерлік прогресс сыртқы ортаны ұйымдастыру ерекшелігін алдын-ала болжайды, жеке немесе ұйымдасқан топ кез-келген жерде және кез-келген уақытта автоматтандырылған байланыс жүйесі арқылы оларға қажетті ақпарат түріне ие бола алады. Осыған байланысты, дизайнерлік бұйым дайындауды жетілдіруде, өндірісте әрбір кезеңінде компьютерлік технологияны пайдалану жүйесінде автоматтандырылған тәртіпте жобаланады.

Кәсіпорынның материалдық және техникалық дайындығында, *тігін* ассортименттерінің каталогтары, техникалық анықтамалары, нормативтік техникалық құжаттары, анықтама әдебиеттері мен материалдары, базалық мәлімет қорының топтастырып жүйеленеді. Технологиялық процесте жаңа модельді жобалауда, компьютерлік технологияны пайдалану жүйесінде қажетті ақпараттарды талдауға, қайта өндеуге, сұрыптауға және бұйым түріне қарай жаңа мәлімет енгізуге, алып тастауға болады, бұл операциялардың барлығы автоматты тәртіпте орындалады.

Компьютерлік процестің екінші кезеңінде, тігін бұйымдарының каталогтарын талдау, әшекейлеп безендіру элементтерін түрлендірудің ыңғайлы әдістері, модель нобайлары ақпараттық жүйеде автоматтандырылған тәртіпте базалық мәлімет негізінде жобаланады.

Тәжірибелік конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру кезеңінде, автоматты БАСҚАру жүйесіндегі GRAFIS, COAT, САПР және т.б. графикалық бағдарламасында, тігін бұйымдарының модель ерекшелігіндегі конструкциялық сызбасын ақпараттық жүйеде құрастыру және лекаласын дайындау автоматтандырылған тәртіпте орындалады. Мата дайындау және пішу төртінші кезеңінде мата ассортименттері мен стандарттық көрсеткіштері және олардың құрылымы мен қасиеттері базалық **мәлімет** енгізу арқылы, модельге материал таңдау автоматты тәртіпте атқарылады.

Тігін кәсіпорында бұйымдарды дайындаудың компьютерлік процесті автоматтандырылған жүйеге енгізу, жаңа модельді өндіріске жіберу мерзімін қысқартты, компьютерлік технологияны пайдалану жүйесінде қажетті ақпараттарды талдауға, қайта өндеуге, сұрыптауға және бұйым түріне қарай жаңа мәлімет енгізуге, алып тастауға қолданылды, бұл операциялар автоматты тәртіпте орындалады.

Қазіргі таңда бұл процесс адамзат өркениеті дамуының қайталанбайтын кезеңі **РЕТІН**де қарастырылып отыр. Компьютерлік ақпараттандыру, әсіресе, оны өнер САЛАСЫ мамандарының іс-әрекетіне өндіру - қоғамды ақпараттандырудың негізгі шарты. Өйткені, өнер саласында жаңа компьютерленген қоғам жағдайында өмір сүріп, жұмыс жасай алатын болашақ ұрпақтың даярлығы жүзеге асады. Осыған орай

студенттердің компьютерлік технологиядан даярлық деңгейін бағалау барысында, проблемалылық әдісті біртіндеп жоғарылату арқылы студенттердің оқу әрекетінде репродуктивтік және шығармашылық әдістерінің үйлесімділігін қамтамасыздандыру; материалдық базаның оқытушылар біліктілігінің мүмкіндіктерін бағалаудың, оқу процесін дидактикалық тұрғыда қамтамасыздандыру арқылы ақпараттық технологияны бірізділікте ендіру; оқыту формасы мен оқу процесін ұйымдастырудың мазмұнына және жетекші әдіске тепе-теңдігі бақылау, рейтингі жүйесін пайдалану – студенттердің дербес жұмысын белсендендіру, саралап көрсетуде септігін тигізді. Оқыту процесінде жаңа компьютерлік технологияны пайдалану:

- оқу процесінің барлық деңгейлерін белсендендіруді;
- болашақ дизайнерлердің көпсалада дамуын;
- қоғамды компьютерлендіру жағдайында болашақ өнер мамандарын өмірге даярлауын;
- көлемді компьютерлік процесіне негізделген әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруды қамтамасыздандырады.

Компьютерлік технология ұғымы компьютердің пайда болуымен және кең көлемде білім беру жүйесіне ендірілуімен байланысты. Компьютерді кәсіби тапсырмаларды шешу үшін пайдалана білу маман даярлығының міндетті компонентінің біріне айнала бастады. Сондықтан білім берудің алдына студенттерді компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалану міндеті қойылып отыр.

Компьютерлік технологияны киім дизайн мамандығында қолдану дегенді -бағдарламалық әрі дербес компьютердің ақпарат құралдарын кең көлемде көркем сурет өнерінің дәстүрлі түрлерінде пайдалану деп түсіну қажет.

Компьютерлік технология негізінен кескіндеме, сурет, сәндік-қолданбалы **ӨНЕР** көркем және кітап графикасы, мүсін және т.б. графикалық пәндерге бағытталады. Әйтсе де, ол компьютерлік пәндерді толығымен ауыстыра алмайды. Компьютерлік технология белгілі бір ақпаратты (текст, аудио жазбалар және т.б.) көруге» бағытталады немесе оқуға кемекші құрал ретінде пайдаланылады. Компьютер технологияның бұл түрі арқылы білім алушы бағдарламаны үйренеді және мультимедиа технологиясының көмегімен кез-келген пәндегі ақпараттарды алып қарауға мүмкіндік алады. Иллюстративті компьютерлік технология, сондай-ақ ғылыми ізденістердің нәтижелері мен графикалық мазмұнда жиі қолданылады.

Компьютерлік технологияны пайдалану, оқытудың мақсаты мен мазмұнын өзгертіп, оқытуды ұйымдастыруда жаңа әдістер мен формалардың төмендегіде мүмкіндіктерін байқатады:

- студенттердің-болашақ өнер мамандарының жеке қабілеттерін ашуға **ЖӘНЕ** олардың жеке тұлғалық қасиеттерінің жетік дамуына;
- студенттердің танымдық қабілеттерінің қалыптасуына және шығармашылығының, өздігімен жетілуіне ұмтылуға;
- оқыту мен тәрбиелеу процесі мазмұнын, формалары мен тәсілдерін үнемі жаңартып отыруға септігін тигізеді.

Студенттер киім дизайн сабағында компьютерлік технологияны меңгеруге ерекше қызығады, әлеуметтік мәнін жақсы түсінеді, өзін-өзі ұдайы жетілдіреді; компьютерлік технологиядан кәсіби білімі терең, мазмұнды, оның әдіс тәсілдері жетік меңгерген, бағдармаларды еркін пайдаланады; компьютерлік технологиядан тапсырмаларды өздігімен дербес, еркін орындайды, бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді, ақпарат материалдарын еркін қолданады; компьютерлік технологиядан ақпарат материалдарын іскерлікпен пайдаланады, қажетті материалдарды жүйелі бірізділікте сұрыптайды, шығармашылық тапсырмаларды орындауда ақпарат материалын ұтымды пайдаланады; өзінің тұлғалық кәсіби қасиеттеріне, жасаған туындыларына әділ баға береді.

Практикалық сабақ барысында бұйым үлгілерін конструкциялау мен моделдеу көркемдеп сәндеу жұмыстарын компьютердің көмегімен атқарады, бұйым эскизін құру, графикалық жұмыстар жүргізу, суреттер салу және т.б. жұмыстар осы ақпараттық құралдармен жұмыс жасау жөніндегі білім негізінде, қажетті программалардың мүмкіндіктерін пайдалануға бағдарлайды.

«Autodesk Maya2013» бағдарламасы бағыттық бейнелеудегі, суреттер салудағы үлкен мүмкіндігімен әйгілі. Ол: күрделі құралдармен, мәтінмен жұмыс жасауға ыңғайлы. Ондағы қолданылатын құралдарды пайдалана отырып, контурларды құруға, басқаруға, суреттер салуға, оларды әр түрлі түстермен бояуға, геометриялық формаларды келтіруге және бірінен - біріне өзгерту арқылы керекті объектіні алуға болады «Autodesk Maya2013» бағдарламасында, әсіресе, суретті бояу мен белгілі бір бұйымға градиенттік түс беру ыңғайлы. Бағдарламада салынған суреттің нәтижелі болуы ондағы түстердің үйлесімділігіне, контурдың дұрыс қойылуына байланысты. Мұнда форманы түрлендіруге, объектінің нобай сызығын орналастыруға, оған «тірі» заттың формасын беруге мүмкіндік бар.

«Autodesk Maya2013» бағдарламасы векторлық сызба жұмысын атқара алатындықтан, қай жерде сурет салу, сызба сызу, кесте сызу қажет болса, оны сол жерде қолдануға болады. Компьютерде

күрделі жұмыстар жасау үшін « **Autodesk Maya2013**» керекті құралдарды пайдалануы болатындықтан, мұндай әрекетті басқа бағдарламалардан іздеудің қажеті жоқ. «Optitex, Julivi cad» бағдарламасының көмегімен жылдам әрі жеңіл түрде түсті плакаттар, күнтізбек, жарнамалық буклеттер, хабарландырулар дайындап алуға болады. Бұл бағдарламаны жетік меңгеру өте күрделі процесс. Сондықтан «Optitex», «Julivi cad», «Corel Draw», «Corel Photo-Paint», «Adobe Photo Shop», «3D Studio Max», «Auto Cad», «Braice», САПР, C1RAFIS, COAT, Autodesk Maya2013 және т.б. бағдарламаларды жетік меңгерген адам ғана білікті «дизайнер» бола алады. Мәселенің шешімін де тез табады. Мәселен, кез келген бұйымның композициялық шешімін: эскизін түзу, түсін айқындау, пропорциялық үйлесімі мен сәндік әшекей тандауда «**Autodesk Maya2013**» бағдарламасы арқылы іске асыруға болады.

Нақты айтқанда, «Конструкциялау», «Жобалау», «Композиция» және т.б. Пәндерді оқыту барысында компьютерлік технологияны тиімді пайдалану заман талабына сай жоғары білікті дизайнерлер мен сәндік-қолданбалы өнер саласы мамаларын даярлауда көмектеседі.

Студенттердің компьютерлік-технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалану даярлығын қалыптастыру мазмұны көрініс алған оқу-әдістемелік құралдарда пәнаралық байланыстарға аса мән беріледі. Өйткені, өнер түрлерінің қайсыбір түрінде болмасын (сәндік-қолданбалы, дизайн, театр, музыка және т.б.) өнердің басқа түрлері көрініс алады. Мысалы, сәндік-қолданбалы өнерде - сурет, кескіндеме, мүсін, этнодизайн, фольклор, археология, қолданылса, дизайнда - сурет, кескіндеме, мүсін, сәндік-қолданбалы өнер, этнодизайн, сәулет, көрініс алады, анимацияда - сурет, Штрих, фольклор, әдебиет, музыка, тарихи туындылар, сәндік-қолданбалы өнер, кескіндеме, мүсін, хореография және т.б. пайдаланылады. Демек, сәндік-қолданбалы **өнер** басқа өнер түрлерімен тығыз байланыста дамып сапалы жаңа біртұтас көркемдік көрініс береді. Оларды бірінен - бірін бөліп қарастыру мүмкін емес.

Компьютерлік нобайларда көпжақты моделінің синхрондық айналуын компьютер экранында көрсетуге жол ашады. Компьютер нобайларында әр түрлі кеңістіктегі фигуралардың студенттер тандаған режиміне орай тез өзгеретін жазық бейнелерінің мазмұнын салыстыру, жинақтау, абстракциялау, жалпылау сияқты ойлау операциялары арқылы талдау арқылы денелердің маңызды белгілерін анықтауға, зерттелетін көп жақты жіктеп жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Сабақ барысында студенттер өздері компьютердің көмегімен шығармашылық нобайларын қадағалай отырып, ол қандай құбылыстарды түсіндіретінін, онда қандай сыр жатқанын ұғатындай дәрежеге көтеріле алады.

Компьютерді тек нобайлар салуға берілген құрал есебінде ғана емес, сондай-ақ студенттердің оқу ақпаратымен өз бетімен жұмыс жасауының графикалық түрде берілген құрал ретінде пайдаланған тиімді. Егер студент өзі шығармашылық нобайларында компьютер экранында қозғалып тұрған кескінді өзі меңгере алса, онда ол нобайлардың сызбасын әлдеқайда жылдам және берік игере алады.

Қорыта келе, компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлау проблемасының теориялық зерттеулерде әлі де болса, нақты шешімін таба қоймағанын, өнер мамандарын компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлау процесінен бірегей тұжырымдаманың жоқтығын дәлелдейді. **Сонымен** бірге бұл процестің жоғары оқу орны жүйесінде теориялық және ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыздандыру мәселелерінің де жеткіліксіз зерттелгенін көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Тухбатулина Л.М., Сафина Л.А., Хамматова В.В, Проектирование костюма -Ростов н/Д: Феникс -(Высшее образование).
2. А.Ф. Бланк, З.М. Фомина «Практическая книга по моделированию женской одежды», Москва, Легпромбытиздат 1992г.
3. Т.О. Бердник, Т.П. Неклюдова «Дизайн костюма». Ростов-на-Дону «Феникс» 2000 г.
4. Козлова Т.В. Художественное проектирование костюма. - М.: Лёгкая и пищевая промышленность, 1982 г.

Резюме

В статье рассматривается важность применения компьютерной технологии в дизайне одежды, разработке эскизов и лекал. Самостоятельная работа студентов в изучении компьютерной технологии.

ӘОЖ 381:71

Ж.С. Қамбарбеков, Г.С.Шойынбетова, Ж.Қ.Наурызбаев, К.Қ.Наурызбаев
ШКК және ЖТК, ОҚМФА колледжі, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ЖАСТАРДЫҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ - ТЕХНИКАЛЫҚ ТАНЫМЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа:Бұл мақалада жастарды ғылым мен білімге және соның ішінде техникалық шығармашылыққа дайындауда қоғамдық бірлестіктер және мұражайдағы тарихи экспонаттар дерегінің алатын орны айтылған. Сонымен қатар қоғамдық бірлестіктердің қажетті жұмыстарының негізгі бағыттары көрсетілген.

Кілттік сөздер: ғылым, техника, мұражай, қоғамдық бірлестіктер, жастар қоғамы.

«XXI ғасырдың ширегі барша қазақстандықтардың ғылым мен білім индустриялы-инновациялы кезеңі болмақ» (Н. Ә. Назарбаев). Сондықтан да, заман талабына сай кәсіптік-техникалық білім беру салаларында талантты өскелең ұрпақтың ғылым мен техника жетістіктерін білуге деген қызығушылығын арттыру көзделіп отыр. Ғылым мен техниканың дамуын «Біз кәсіптік - техникалық білім берудің мазмұнын жаңартпақ ниеттеміз» - деген Елбасының дәстүрлі Жолдауындағы сөзімен байланыстыратын боламыз. Ұшқыр ойлы балаларымызға ғылым мен техника жетістіктерін және олардың қыр - сырын неғұрлым жете ұғындыру арқылы, олардан жаңа заман талабына сай өнертапқыштар, дизайнерлер, инженерлер мен конструкторлардың шығарына сенім артамыз. Олар ғылым мен техника тілін терең меңгеріп, жаңа тың ойлармен әрбір жаңалық ойлап тапқан сайын, еліміздің жетістіктерін паш еткен болар еді.

Еліміздің әлемдік жетістіктерінің бірі, ол әлемдік - «ЭКСПО - 2017» көрмесін өткізуге қол жеткізгені. Енді осы көрмені өткізуге аз уақыт қалса да, егемендікке қол жеткізгенімізге бары жоғы жиырма жылдан асқанына қарамай, жас буындар ұсынған жаңа инновациялық тұрғыдағы жетістіктерімізді ұсынуымыз керек. Ол үшін еліміздің түкпір - түкпірінде жүрген жастарымыз арасынан ғылымға мойын бұрған таланттарды табу жолдарын қарастырып, бір жүйе ұйымдастыру керек.

Уақыт өткен сайын ғылыми-техникалық прогрестің ұшқыр жылдамдықпен алға жылжуы, ол жаңа ойлы ізденіс пен жаңа ойлар және өнертапқыштық жоба ұсыныстардың жүйелі нәтижесі екені аян.

Жастардың ғылыми - техникалық шығармашылық танымын арттырудың негізгі бағыты - Еліміздің өсіп - өркендеуіне сай, заман талабына жауап беретін, білім мен ғылым және шеберлік өнер заңдылықтарын терең меңгерген, өркениетті еліміздің азаматтарын тәрбиелеуге атсалысу.

Қазақстанның қазіргі жағдайдағы индустриялды - инновациялық дамуында өндіріс жаңашылдарына өндіріс негізінің экономикалық және ғылыми техникалық терең білім мен қоса өнертапқыштық пен рационализаторлық бойынша арнайы білімі мен икемділік қажет. Бұл жұмыстардың негізі мектепте және мектептен тыс ұйымдастырылған қоғамдық бірлестіктер жұмысында қолданылуы керек.

Жастардың тың шығармашылығы, бұл ғылымның жетістіктерін жаңартуға мүмкіндік беретін, оларды практикаға енгізетін жаңалық - нәтижесінде біршама жоғарғы экономикалық эффект алатын ғылым мен өндіріс арасындағы өзіндік көпір болмақ.

Осыған байланысты оқушыларды кешенді тәрбиелеудің сапасын көтеру, мектептен тыс жұмыстарды жаңа деңгейде дамыту қажеттілігі туындап отыр.

Қазіргі уақытта техника мәдениет пен тұрмыстық, қоғамдық өмірдің барлық салаларына толық енуде.

Тарихи және техникалық таным бір-бірімен бірлесіп, тұтасып жатқан жаратылыстану, техникалық білімдер және олардың жетістіктері түрінде ғана іске аса алады.

Кез келген жаңалықты ашу үшін, оның өткен тарихын білу керек. Тарихи деректер мен мұражайдағы құндылықтардың өткенін, оның заңдылықтарын білмей жаңаны ойлап табу және салыстырып жобалау мүмкін емес. Өйткені, бұрынғысы мен бүгінгісін және келешектегісін салыстыра білетін ғылыми деңгейде ғана жаңа ұсыныстар ұсынылады.

Осыған орай осы саладағы қоғамдық бірлестіктердің үлесі үлкен болмақ. Мысалы: «Күрең тұлпар» қоғамдық бірлестігі, «АРХИМЕД & *Perpetuum mobile* » жас конструкторлар мен дизайнерлердің Кіші Академиясы, Республикалық «Техника - балғындар әлемінде» балалар

журналының ақылдастар алқасы араларындағы жас ізденушілерге өткізілетін семинар, дөңгелек үстелдерді айтуға болады.

Жастардың тарихи және ғылыми - техникалық шығармашылық танымын арттыруда келесі шараларды қарастырған жөн деп санаймыз:

- жастардың тарихи және техникалық шығармашылығын дамыту мен қолдаудың заманды механизмін сараптау;
- жастардың шығармашылығын дамыту шараларының жүйесін дайындау;
- жастардың ғылыми шығармашылығын негіздеу;
- колледж және мектептердің оқу практикасына жеке тұлғаның шығармашылық даму әдісін енгізу;
- халықаралық «ЭКСПО - 2017» көрмесіне қатысу үшін балама энергия көздері және энергия үнемдейтін технология бойынша жастар шығармашылығына кеңестер беру;
- қала және облыс деңгейлеріндегі мұражайдағы экспонаттарға терең тарихи танымдық мәліметтерді жастарға жеткізу;
- бірлестіктер атынан оқушылар мен студенттерге кеңес, семинар, дөңгелек үстел, тренинг және техникалық шығармашылықтан көрмелер ұйымдастыру.

Адамзат қоғамы жүйесінде педогогика, психология, жаратылыстану ғылымдары және техникалық бионика заңдары жоғарыда жоспарланған жұмыстарға байланысты іске асып, жаңа заман жүйелерін одан әрі жетілдіре түсетіні сөссіз.

Әдебиеттер

1. Столяров Б.А. Музейная педагогика. История, теория, практика: Учебная пособие. - М.: Высш. школа, 2004. - 216 с.
2. Космические образовательные технологии: инвестиции в будущее (Теория и практика) / под. ред. М.А. Шахраманьяна, И.И. Тихова. Н.С. Ваценовой. - Калуга: Институт повышения квалификации работников образования, 2009. - 776 с. ил.
3. Республикалық «Техника - балғындар әлемінде» журналы, Шымкент, 2003, 2004, 2005. №1,2.
4. Хайдегер М. Вопрос о технике // Новая технократическая волна на Западе. - М.: Прогресс, 1986. - с. 45 - 66.
5. Никифоров Д.И., Силеренко С.Ф. Наглядность в преподавании истории и обществоведения. Пособие для учителей. М.: Просвещение. 1978. 319 с. ил.
6. Отрященко Ю.М. Юный кибернетик: Научно - популярная лит-ра. - М.: Дет. лит., 1978. - 477 с., ил.
7. Виргинский В.С. Очерки истории науки и техники XVI - XIX веков. Пособие для учителя. - М.: Просвещение, 1984. - 287 с., ил.

**ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ**

УДК 343.31.7

Е.П. Бекмуратов, М.Ж. Жақсылық, С.А.Козыбахова
ЮКТУ им М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

**ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗОВАННЫХ ПРЕСТУПЛЕНИЙ, СОВЕРШАЕМЫХ ЛИЦАМИ,
ОТБЫВАЮЩИМИ НАКАЗАНИЕ**

Рассматривая проблемы борьбы с преступностью, можно констатировать, что лица, осужденные к отбытию наказания и вновь совершившие преступление, в определенном смысле являются «ядром» всей преступности. В сфере организованной преступности этот контингент также занимает значительное место. Поэтому при исследовании организованной преступной деятельности важное значение имеет установление особенностей, закономерностей организованных преступлений, совершаемых лицами, отбывающими уголовное наказание.

Следует иметь в виду, что точная оценка уровня, структуры и динамики организованной преступности весьма затруднительна из-за высокой латентности. Зарубежные эксперты определяют латентную часть организованной преступности как в 6-10 раз большую, нежели известная правоохранительным органам. Некоторые отечественные исследователи говорят даже о 90-кратном перепаде соотношения известного правоохранительным органам и латентного вымогательства, но эта оценка представляется существенного преувеличенной.

3. Устав Международного уголовного суда, часть 2, статья 5(1), 1997 г.// Международное уголовное право в документах/ Сост. М.Б. Кудайбергенов. - Алматы, 1999. - Т. 3. - С. 152.
2. Уголовный кодекс Республики Беларусь / Вступ. ст. А.И. Лукашова, Э.А. Саркисовой. 2-е изд., испр. и доп. - Минск, 2001.
3. Сафаров Н.А. Преследование военных преступлений (вопросы Особенной части Уголовного кодекса Азербайджанской Республики)// Законность. - 2002. - № 2. - С.39-44.
4. Уголовный кодекс Республики Таджикистан. - СПб., 2001.
5. Военная энциклопедия: В 8 т. - М.: Воениздат, 1989. - Т.2. - С. 310.

Түйін

Мақалада, қарулы жанжал аймағындағы қылмыс құрамы белгілері және оның анықтамаларын әзірлеу, шеңберіндегі мәселелерді зерделеу, қылмыстық құқықтық әртүрлі ұғымдары мен ережелерін талдау қажеттілігіне сілтейді. Авторлар қарулы жанжалды қылмыс құрамы белгілері ретінде есептеу қажеттілігін қылмысты саралау кезінде, қылмыстық жауаптылық және жаза тағайындауды анықтауды негіздейді.

Summary

This article considering the situation of the study of the problems of committing a crime in the area of armed conflict within the indications of crime and developing its determination indicates the need for the analysis of various concepts and provisions of the criminal law. The authors justify the need to consider the situation of armed conflict as evidence of a crime committed in armed conflict, with the qualification of crimes, criminalization and sentencing.

ӨОЖ. 396.01.37. 07

З.Е. Паметов, А.Е. Есеналиев, Р.Ж.Тоханова
М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕГІ

Қазақстанның тәуелсіздік алып, өз бетінше сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруы кедендік бақылаудың дәлме-дәл жүргізілуін талап етеді. Сыртқы экономикалық қызметтің жоғары қарқынмен дамуы және оған қатысушылардың қызметтері, кеден шекарасынан тауарлар мен көлік құралдарын алып өтуді, сонымен қатар экспорт пен импорттың өсуіне алып келуі — кеден органдарының кедендік бақылауды тиімді, әрі тез арада жүргізуіне мәжбүрлеп отыр. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі (1998-2002) ҚР Президентінің 1998 ж. 12 қазандағы Жарлығымен [1] құрылды. Министрлікке ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің, Кеден комитетінің, Салық полициясы комитетінің, сондай-ақ ҚР Энергетика, ииустрия және сауда министрлігі Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетінің функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері берілді. Кеден органдарының жедел қызметтерін жүзеге асыруы барысында, кеден шекарасынан тауарлар мен көлік құралдарын, заттарын алып өтуде тексеріп қарау үшін кедендік бақылаудың техникалық құралдары қолданылады. Кедендік бақылаудың тиімді жүзеге асырылуы қолданылатын техникалық құралдарға байланысты болады.

Бүгінде еліміздің жан-жақтағы көршілерімен халықаралық стандарттарға сәйкес заңды құжатталған шекарасы бар. Бұл мемлекетіміздің тәуелсіздік алғалы бері сындарлы саясатының жемісі екендігі белгілі. Дүниенің төрт бұрышына шығу Шекара қызметі арқылы жүзеге асырылады. Ал осы орайда ел шетінде орналасқан кеден органдарының да маңызы зор. Өйткені, Еуразия құрлығының ортасында, Еуропа, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азияның жетілген және дамушы рыноктарының арасында орналасқан Қазақстан экономикасының өркендеуі көп жағдайда мемлекеттің әлеуетті дамыған транзиттік мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға байланысты. Олай болса, Қазақстан Республикасының кеден органдарының алдында республиканың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша маңызды міндет тұр. Ал бұл міндеттерді орындау тиімділігі техникалық жарақтандыру

деңгейі мен кеден органдарының материалдық-техникалық базасының жалпы ахуалына байланысты. Кеден органдарының қызметін жақсартудың негізгі факторы, Қазақстан Республикасының әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне тиімді кіруіне жағдайлар жасау үшін кедендік әкімшілдендірудің нысандары мен әдістерін халықаралық талаптар мен стандарттарға сәйкес келтіру қажет. Бұл кеден қызметінің инфрақұрылымын қажетті элементтермен қамтамасыз етудің сапалы жаңа деңгейін талап етеді. Демек, кеден бекеттерін құру және жарактандыру үшін тауар және жолаушылар ағымын есепке ала отырып жүргізу қажет. Бұдан басқа, осы өткізу пункттерінде тауарлар мен көлік құралдарының жүру бағыты бойынша қайта тексерулерді болдырмау мақсатында мемлекеттік бақылау органдарын орналастыру тиімді болмақ. Қазақстанның тәуелсіздік алып, өз бетінше сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруы кедендік бақылаудың дәлме-дәл жүргізілуін ыалап етеді. Сыртқы экономикалық қызметтің жоғары қарқынмен дамуы және оған қатысушылардың қызметтері, кеден шекарасынан тауарлар мен көлік құралдарын алып өтуді, сонымен қатар экспорт пен импорттың өсуіне алып келуі – кеден органдарының кедендік бақылауды тиімді, әрі тез арада жүргізуіне мәжбүрлеп отыр. Кеден органдарының жедел қызметтерін жүзеге асыруы барысында, кеден шекарасынан тауарлар мен көлік құралдарын, заттарын алып өтуде тексеріп қарау үшін кедендік бақылаудың техникалық құралдары қолданылады. Кедендік бақылаудың тиімді жүзеге асырылуы қолданылатын техникалық құралдарға байланысты болады.

Кедендік бақылауының баты мақсаты -экспорттық ақша түсімдерінің өз уақытында түсуін және толықтығын қамтамасыз ететін, сондай-ақ импорт мақсатында валюта қаражатын заңды және негізделген түрде пайдалануды қамтамасыз ету болып табылатын кеден органдарына жүктелген валютааралық бақылаумен қатар жүргізіледі[2]. Кедендік бақылау Қазақстан Республикасының кеден органдарымен осы кодекспен белгіленген тәртіпте және нысанда жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Кеден кодексімен кеден органдарына Қазақстан Республикасы заңнамасы мен халықаралық шарттарын сақтауды қамтамасыз ету бойынша міндеттер жүктеледі. Егер кеден заңнамасы және халықаралық шарттар сақталмаса немесе толығымен сақталмаған жағдайда, кедендер және Қазақстан Республикасы жоғары тұрған кеден органдары өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы кедендік шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізетін тұлғалардың қаржы-шаруашылық қызметтерін тексеруді, сондай-ақ кеден делдалдары немесе оларды бақылау қызметі Қазақстан Республикасы кеден органдарына жүктелген қызметті жүзеге асыратын өзге де тұлғаларды тексеруді жүргізуге құқығы бар.

Кедендік бақылау кедендік ресімдеу орындарында немесе кеден органдары орналасқан орындарда немесе кеден органдарымен белгіленген өзге де орындарда құрылатын кедендік бақылаудың белгіленген аймақтарында жүзеге асырылады. Осы аймақ ішінде тауарларды жылжыту, коммерциялық қызмет жасау тек кеден органының рұқсатымен ғана жүзеге асырылады. Техникалық кедендік бақылау құралы - бұл, деректер объектілердің құрамындағылардың олардың декларациялаушы құжаттар деректеріне сәйкестігін белгілеу және олардың арасынан кеден ісі саласындағы құқық бұзушылық фактілерін анықтау мақсатында, кеден органдары тікелей кеден шекарасы арқылы өткізілетін объектілердің барлық түрлерін жедел кедендік бақылау процесінде қолданатын арнайы техникалық құралдардың кешені. Техникалық кедендік бақылау құралын қолданудың негізгі ережесі, кеден шекарасы арқылы өткізілетін барлық тауарлар мен көлік құралдарын және олардың құрамындағыларды қашықтан, бұзбай бақылау жүргізу болып табылады. Техникалық құралдарды пайдалану кезінде дайындаушы зауыт ұсынған техникалық паспорттарда көрсетілген барлық нормалар мен ережелерді сақтау қажет. Техникалық құралдарды пайдалану адамның, жануарлар мен өсімдіктердің өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз болуы және тауарлар мен көлік құралдарына және алып жүруші тұлғаларға залал келтірмеуі тиіс.

Техникалық кедендік бақылау құралдары мынадай түрлерге бөлінеді:

1) Рентгендік тексеру техникасы - кеден органдары жолаушылар алып жүретін және алып жүрмейтін жүктерінің халықаралық почта жөнелтімдері мен кіші және орташа көлемдегі ыдыстардағы тауарлардың құрамын оларды ашпастан, рентгенге түсіру әдісімен көзбен көріп тексеру үшін пайдаланатын техникалық кедендік бақылау құралдарының түрлері. Аталған жүйелерде түсі бойынша мониторинг қарау кезінде материалдарды органикалық және органикалық емес бөлу функциялары пайдаланылады. Кеден органдары стационарлық және жылжымалы жүйені қолданады.

2) Техникалық радиациялық бақылау құралдары - өткізілетін радиоактивтік және бөлінетін материалдарды, қауіпті қалдықтарды табуға, таратпауға және бірдейлендіруге, олардың сандық және сапалық сипаттамаларын өлшеуге арналған кедендік бақылаудың техникалық құралдарының түрі. Оларға дозиметрлер, портативті және стационарлық спектрометрлер, бөлінетін және радиоактивті материалдарды табудың стационарлық жүйелері жатады.

3) Техникалық іздеу құралдары - жолаушылардың алып жүретін және бірге алып жүрмейтін жүктеріне, халықаралық почта жөнелтімдеріне, тауарларға және көлік құралдарындағы қол жетуі қиын

жерлерге кедендік тексеруді жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын кедендік бақылаудың техникалық құралдарының бір түрі. Мұндай техникалық құралдарға: Тұлғалар кедендік бақылау жүргізу үшін қажетті ең қысқа уақыт кезеңі туралы талаптарды сақтауға міндетті. Тұлғаға өзінің осындай талаптарды сақтамауының салдарынан келтірілген зиян өтелуге жатпайды.

Кедендік бақылау жүргізу кезінде тасымалдаушыға, декларантқа, олардың өкілдеріне, уақытша сақтау қоймаларының, кеден қоймаларының, бос қоймалардың иелеріне, бажсыз сауда дүкендерінің иелеріне және кедендік бақылау жүргізу кезінде кеден органдарының әрекеттері (әрекетсіздігі) және шешімдері мүдделеріне әсер ететін өзге де тұлғаларға, сондай-ақ тауарлар мен көлік құралдарына заңсыз зиян келтіруге жол берілмейді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі (1998-2002) [ҚР Президентінің 1998](#) ж. 12 қазандағы Жарлығы.
2. Әлібеков, С.Т. Қазақстан Республикасының кеден құқығы [мәтін]: оқулық.- Алматы, 2007.- 268

Резюме

В данной статье расматриваются правовые основы таможенного контроля Республики Казахстан.

Symary

This article considez of some perpection problems op COSTIMYS legislation op RK.

ӨОЖ 343.265

А.Е.Паридинова - з.ғ.к., аға оқытушы
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ӨМІР БОЙЫ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа: Мақалада өмір бойы бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны құқықтық реттеудің кейбір мәселелері қарастырылған. Атап айтқанда, өмір бойы бас бостандығынан айрудан мерзімінен бұрын шартты түрде босатуға, сынақ мерзіміне, өмір бойы бас бостандығынан айыруды өтеу тәртібі мен жағдайларына қатысты нормаларды жетілдіру бойынша ұсыныстар беріледі.

Кілттік сөздер: Өмір бойы бас бостандығынан айыру, мерзімінен бұрын шартты түрде босату, сынақ мерзімі, жазаны өтеу тәртібі мен жағдайлары, сотталғандар, қылмыс, жаза мерзімі.

Халықаралық пенитенциялық құқықтың дамуы ұлттық, экономикалық және басқа да ерекшеліктерді ескере отырып жазаның орындалуын бірыңғай халықаралық стандарттарға жақындатуды қарастырады. Қазақстан Республикасында болып жатқан демократиялық өзгерістер үрдісі және ізгілік қағидаларының біртіндеп жүзеге асырылуы мемлекетте тереңірек батыл шараларды қолдануды талап етуде. Оның ішінде өлім жазасын жоюға да қатысты талаптар елеулі орын алады.

Бүгінде өлім жазасының жалғыз баламасы болып өмір бойы бас бостандығынан айыру табылады. Өмір бойы бас бостандығынан айыру жазаның ең ауыр түрін (өлім жазасын) біртіндеп алмастыруға және ығыстыруға мүмкіндік беретін жеткілікті деңгейде жоғары потенциалға ие. Заңнамаларында және іс-тәжірибеде өлім жазасын өмір бойы бас бостандығынан айырумен алмастыра отырып, ең жоғарғы жазаны сақтап қалудан және оны қолданудан бас тартып көптеген Еуропа елдері осы бағытта келеді.

Заңмен өмір бойы бас бостандығынан айыруды қолданудың келесідей шарттары белгіленген: қылмыскер аса ауыр қылмыс жасағаны үшін, сондай-ақ адамдардың қаза болуына ұштасқан террористік қылмыстар үшін, сондай-ақ соғыс уақытында жасалған аса ауыр қылмыстар (ҚР ҚК 49-бабының 1-бөлігі) үшін сотталады; егер сот талап қою мерзімінің бітуіне байланысты адамды қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкін деп таппаса (ҚР ҚК 69-бабының 5-бөлігі); егер сот өлім жазасы тағайындалған адамға ескіру мерзімін қолдану мүмкін деп таппаса (ҚР ҚК 75-бабының 4-бөлігі); өлім жазасына сотталған адамға кешірім жасаған жағдайда (ҚР ҚК 49-бабының 5-бөлігі).

Өмір бойы бас бостандығынан айыру әйелдерге, сондай-ақ он сегіз жасқа толмай қылмыс жасаған адамдарға және үкім шығарылу сәтіне алпыс бес жасқа толған еркектерге тағайындалмайды (ҚР ҚК 48-бабының 4-бөлігі).

ҚР ҚК 48-бабының 4-бөлігінің ережелеріне қатысты заң әдебиеттерінде ізгілік қағидасын жүзеге асыруда заңшығарушының тиянақсыздығы туралы пікірлер айтылады. Өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеу кезеңінде сотталған адаммен жаңа қылмыс жасалған жағдайда қылмыстық жауаптылық мәселесі де даулы болып көрінеді. Ауыр және аса ауыр қылмыстарға қатысты заңшығарушы нақты белгілеген: «Өмір бойы бас бостандығынан айыруды өтеу кезеңінде жаңадан ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған сотталғандар шартты мерзімінен бұрын босатуға ұсынылмайды» (ҚР ҚАК 170-бабының 2-бөлігі). Бірақ кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмыстарға қатысты мәселе ашық күйінде қалады. А.С.Михлиннің пікірінше, өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеу кезеңінде кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасағаны үшін сотталған адамға сотпен бас бостандығынан айыруға қарағанда ауыр емес жаза тағайындалатын болса, онда тәртіптік жауаптылық нормаларымен шектелуге болады. Егер сот ол үшін белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруды тағайындауы мүмкін қылмыс жасаған жағдайда, жаңа қылмыс үшін тағайындалатын жаза соңғы қылмыс үшін сотпен қолданылған жаза мерзіміне мерзімінен бұрын шартты түрде босату үшін заңмен белгіленген 25-жылдық мерзімді ұзартуға тиіс [1, 32 б.].

Біздің ойымызша, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексі 170-бабының 2-бөлігінде өмір бойы бас бостандығынан айыруды өтеу кезеңінде жаңадан ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған сотталғандар шартты мерзімінен бұрын босатылуға ұсынылмайды деп белгіленген [2, 57 б.]. Онымен Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі Қылмыстық-атқару нормаларын құқықтық реттеу пәнінің аясынан шығып кетті: Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексі өзінің міндеті бойынша негізінен ресімдік сипаттың нормаларын қамтуы тиіс, өйткені ол әртүрлі қылмыстық жазаларды атқару (жазаны өтеу) үдерісін және оларды босатудың тәртібін реттейді. Ал шартты мерзімінен бұрын босатудың негіздері заңмен қылмыстық-құқықтық нормаларға жатады және сол себепті ол Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару кодексінде емес, Қылмыстық кодексінде болуы тиіс. Мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды қолдануға осылайша тыйым салу Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 70-бабына қайшы келеді. Сондықтан, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексі 170-бабының 2-бөлігін алып тастау керек.

Біздіңше, ҚР ҚК 70-бабы өмір бойы бас бостандығынан айырылғандарға да қатысты мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы норманы белгілегендіктен (ҚК 70-бабының 5-бөлігі), осы баптың 8-бөлігінде көзделген ережелер жалпы сипаттағы нормалар және де толығымен өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарға да қатысты деп санаймыз. Сондықтан да сотталғандардың мұндай категориялары үшін мерзімінен бұрын шартты түрде босатуға тыйым салатын нормаларды ҚР ҚАК-де белгілеудің қажеті жоқ.

ҚР ҚАК 170-бабының 2-бөлігіне талдау жасасак, егер өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған адамның кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған жағдайда оның мерзімнен бұрын шартты түрде босатылу құқығы болғаны ғой. Ал, белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандардың мұндай құқығы жоқ. Біздің пікірімізше, мерзімді бас бостандығынан айыруды өтейтін сотталғандарға қарағанда, өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандарға жеңілдік жасауға негіз жоқ. Сондықтан, ҚР ҚК 70-бабының 8-бөлігіндегі ережелер өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарға да қолдану керек.

ҚР ҚК өлім жазасын кешірім жасау тәртібімен өмір бойы бас бостандығынан айыруға ауыстыру мүмкіндігін қарастырады.

Кешірім жасау негізінде өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын қолдану мәселесі жөнінде, қазіргі кезде өлім жазасы тағайындалмайды да және орындалмайды да, ал бұрын өлім жазасына сотталғандар ҚР Президентімен кешірім жасалған деген әртүрлі пікірлер бар. Алайда адамдардың қаза болуына ұштасқан террористік қылмыстар үшін өлім жазасын тағайындауға жол беретін ҚР Конституциясының 15-бабының 2-тармағы алынып тасталған жоқ, ал ҚР ҚК бұл жаза түрін қылмыстың 8 құрамында (ҚК 156-бабының 2-бөлігі; 159-бабының 2-бөлігі; 160-бабы; 162-бабының 4-бөлігі; 165-бабы; 167-бабы; 171-бабы; 233-бабының 4-бөлігі) қарастырған.

ҚР ҚК 76-бабының 4-бөлігіне сәйкес, қылмыс жасағаны үшін сотталған адам кешірім жасау кезінде жазаны одан әрі өтеуден босатылуы мүмкін не оған тағайындалған жаза қысқартылуы немесе жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы мүмкін. Алайда, ҚР ҚК 49-бабының 5-бөлігіне сәйкес өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен тек өмір бойы бас бостандығынан айыруға немесе жиырма бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылуы мүмкін.

Кешірім жасау соттың заңды күшіне енген үкімі болаған жағдайда ғана мүмкін болады. Сотталған адам ҚР Президентіне Кешірім жасау туралы өтініш беруге құқығы бар (ҚР ҚАК 166-бабы).

Алайда, «өмір бойы бас бостандығынан айырылғандарға» қатысты жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы әңгіме қозғалмайды, өйткені ҚР ҚК 71-бабына сәйкес, жазадан босатудың бұл түрі бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасын өтейтін адамдарға ғана

қолданылуы мүмкін. (мерзімінен бұрын шартты түрде босату) Өмір бойы бас бостандығынан айыруды қысқартуға болмайды – бұл жазаның неғұрлым жеңіл түрімен – белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айырумен ауыстыру болады.

Сонымен бүгінгі таңда өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты кешірім жасау тек жазаны одан әрі өтеуден босату нысанында ғана қолданылуы мүмкін (мерзімінен бұрын шартты түрде босату).

ҚР ҚАК 122-бабына сәйкес, өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандар ерекше режимдегі түзеу колонияларында жазаларын өтейді.

Өмір бойы бас бостандығынан айыруды қолдануға қарсыластардың дәлелінің бірі болып өмір бойы бас бостандығынан айыру түріндегі жаза сотталғандарға қарама-қайшы әсер етеді: жағымды және жағымсыз. Мұндай әсер жазаның өзінің қарама-қайшылық сипатынан туындайды: бір жағынан бұл пайдалы, өйткені қоғамды қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау қажет, екінші жағынан қалыпты өмірден алшақтатады, олардың жағымды әлеуметтік байланыстарын бұзады.

Бас бостандығынан айыруда негізгі психиканы бұзатын факторларды ерекше атауға болады. Олардың ішінде бірінші орында тікелей-құқықтық факторлар тұр. Жаза мерзімі және мерзімінен бұрын шартты түрде босату перспективасы, қорғау және бақылау, жүріп-тұру бостандығын сөйлесуді, кездесулерді, хат жазысуды және т.б. шектеу. Осының барлығы жиынтығында бас бостандығынан айырудағы оқшаулаудың мәнән құрайтындығын байқау қиын емес. Бас бостандығынан айыру жазасын бастан қиын кешіретіндігі туралы ойын айтқан ұзақ мерзімді бас бостандығынан айыруға сотталғандардың жартысы дәл осы факторларды бір-бірінен бөлместен ерекше атаған [3, 131 б.].

Сонымен, сотталған адамның бас бостандығынан айырылуын қатты уайымдауымен қоса, адам үшін қалыпты емес оқшаулау жағдайларына үйрену бас бос бостандығынан айырудың, әсіресе оның ұзақ мерзімдісінің жағымсыз факторы болып табылады.

Психиатрия саласындағы ғалымдар көптеген психикалық аурулар (невроз, психопатия) және психосоматикалық аурулар (гипертония, бронхиалды астма, асқазан, ішек, жара ауруы және т.б.) көбінесе адамның оны қоршаған болмыспен келіспеушілігінің (конфликтінің), жағымсыз эмоциялардың салдары болып табылатындығын, яғни әлеуметтік жеке тұлға аралық қатынастар мұндай аурулардың туындауына үлкен әсері болатындығын айтады [3, 134 б.].

Е.Қ.Қайыржанов, Б.Накиповтың тұжырымы бойынша бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу кезінде 5-7жылдан кейін кері әсер ететін факторлар болады: мұндай жағдайда тәрбиелеу тиімділігі сөзсіз төмендеп кетеді [4, 36-37 бб.].

Кейбір ғалымдармен жүргізілген зерттеулер бойынша жаза мерзімінің 5 жылын өтегеннен кейін, өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеуші адамдардың (50% жоғары) қоғамға пайдалы қарым-қатынасы маңызын жоғалтады, бұл өз кезегінде сотталған адамның кері кетуіне әкеп соғады. Өмір бойы бас бостандығынан айыруды өтеу кезеңінің бастапқы 5 жылында сұралғандардың 80% отбасымен байланыс жасап тұрған, ал 5-тен 10 жылға дейінгілер – 50%, 10 жыл және одан жоғарылар – 45%. Қатаң режим түріндегі түзеу мекемелерінде пайдалы байланыстарды жоғалту барысында бас бостандығынан ұзақ уақыт бойына айырылу да жоғары деңгейде әсер етеді: бірінші жылы сотталғандардың 77%-ы отбасыларымен байланыс жасайды, ал бұл көрсеткіш 5 жылдан кейін 50%, 10 жылдан соң 45% болады [5, 114 б.].

Сондықтан да «ұзақ мерзімді жазаларға» 10 жылдан асатындарын және өмір бойы бас бостандығынан айыруды жатқызуға болады.

Біздің ойымызша, заңшығарушының мұндай қадамы қазіргі кезде жағымсыз қоғамдық әсерді туғызуы мүмкін. Өлім жазасына мораторий енгізілуіне байланысты, өмір бойына бас бостандығынан айыру қатаңдығы жағынан оған бара-бар (тепе-тең) жалғыз ғана жаза болып табылады. Өмір бойына кесілгендер – бұл аса ауыр қылмыс жасаған аса қауіпті қылмыскерлер екендігін де ұмытуға болмайды. Негізінен мұндай адамдарға қатысты «толық жарамды адам» деген ұғымды пайдалануға болмайды, өйткені олар өздерінің мінез-құлқымен құқық нормаларын, адамгершілік, яғни нағыз адами қоғам негізделетін жағымды позицияларды қабылдамайды. Алайда, мұндай сотталғандар үшін де заңшығарушы мерзімінен бұрын шартты түрде босату мүмкіндігін қашан болса да бостандыққа шығу үмітін қарастырады. Ал анық болмаса да өмірінің алдағы болашағының болуын сезінген жағдайда оқшаулаудың психикаға жағымсыз әсері төмендейді.

Осыған байланысты өмір бойы бас бостандығынан айырудан мерзімінен бұрын шартты түрде босату үшін өтелуге тиіс міндетті мерзімді қысқартуды көптеген ғалымдар қолдайды [6, 87 б.].

Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандарды мерзімінен бұрын шартты түрде босатуға қатысты бір жақты көзқарас жоқ. Біреулері қолданыстағы ҚР Қылмыстық кодексінің жетістігі деп – сотталғандардың қандай болмасын категорияларына қатысты мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды қолданудан бас тартуды санайды. Олардың пікірінше, олардың кез-келгенінің

жаза мерзімінің қысқартылу болашағы болу керек [7, 19 б.]. Басқалары қарама қайшы пікірді қолдайды. Олар, өлім жазасы елімізде орындалмағандықтан, үш немесе одан көп адамды өлтіргені үшін, оның ішінде нәпсіқұмарлық күш көрсетуде, қарақшылықта және басқа да пайдакүнемдік қолсұғушылықтарда, терроризмде және Елбасының өміріне қол сұғушылықта, сондай-ақ басқа да жағдайларда және жеңілдететін мән-жайлар болмағанда қылмыскерлер өмір бойы бас бостандығынан айыруды мерзімінен бұрын шартты түрде босату, рақымшылық және кешірім жасау, жазаның өтелмеген бөлігін жазаны өтеудің неғұрлым жеңіл жағдайларына ауыстыру, ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату құқығынсыз өтеу керек [8, 48 б.].

Біздіңше, өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын мерзімінен бұрын шартты түрде босату құқығынсыз тағайындау мақсатында сәйкес келмейді ғана емес, ҚР ҚК 38-бабының 2-бөлігіне қайшы келеді, өйткені мұнда сотталған адамды түзеу мақсатын жүзеге асыру туралы айтуға келмейді.

Мерзімінен бұрын шартты түрде босатуға ұсыну үшін қажетті сотталған адамның нақты өтеген жаза мерзімінің ұзақтығын заңшығарушы жасалған қылмыстың ауырлық дәрежесіне байланысты белгіленген. «Өмір бойы бас бостандығынан айырылған адамды» мерзімінен бұрын шартты түрде босатудың шарттарының бірі – бас бостандығынан айырудың кемінде жиырма бес жылын нақты өтеуі.

Бүгінгі күнге дейін ешбір өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адам 25 жыл бас бостандығынан айыруды нақты өтеген жоқ, алайды, уақыт өте сұрақ туындауы мүмкін: жасына, денсаулық жағдайына және психикалық жағдайына байланысты қоғамдағы өмірге бейімделе алады ма деген мәселе туындауы мүмкін.

Болашақта 25 жылдық мерзімді өтегеннен соң бостандыққа психикалық тұрақсыз, денсаулығы әлсіреген, бостандықтағы өмірге мүлдем бейімделмеген, тамақ дайындау, дүкендерде сауда жасау және т.б. сияқты қарапайым дағдыларын жоғалтқан адамдар шығуы мүмкін. Бас бостандығынан айыруда мерзімінің ұзақтығын ескерсек, мерзімінен бұрын шартты түрде босату алдында өмір бойы бас бостандығынан айыруды өтеу уақытында сотталған адамның отбасымен және туыстарымен әлеуметтік – пайдалы байланыстары үзілуі мүмкін, осыған түзеу колонияларының олардың тұрғылықты жерінен алыс жерде орналасуы, жазаны өтеудің қатаң жағдайларында ұзақ мерзімді кездесулердің болмауы ықпал етеді.

Осыған байланысты, бірінші кезекте өмір бойы бас бостандығынан айыруды орындауда жаза мақсаттарына жетудің шынайылығының мәселесі көңіл аудартады. Ұзақ уақыт оқшаулаудың адамның жеке тұлғасына жағымсыз әсер етуі көпшілік таныған факт. Үнемі жабық кеңістікте болу, сырттан келегін ақпараттарды шектеу, қозғалысты елеулі түрде азайту, көптеген қажеттіліктердің қанағаттандырылмауынан туындаған зорланушылықтың артуы – осының барлығы өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын орындаумен қабаттас жүреді. Осыған байланысты осы жаза түріне сотталған адамдар үшін белгіленген тұрғын алаңның нормасын қайта қарау қажет, себебі ерекше режимдегі колониялардағы тұрғын алаң нормасы еркектерге арналған басқа да түзеу колонияларындағыдай екі шаршы метр болып белгіленеді. Камералық жүйеде, екі орынды камераларда мұндай норма анық төмен және де физиология және гигиена ережелеріне сай келмейді. Әрине, психологиялық тұстарын былай қойғанда. Қалай ғана өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандардың қауіпсіз ұсталуын ұйымдастыру қажет және қандай жағдайларда ұстау керек? Бұл жұмысты нөлден бастауға тура келеді, сондықтан біздің құқықтық жүйемізге жаңа жаза түрін атқаруды ұйымдастыруда басқа мемлекеттердің пенитенциарлық жүйесінің тәжірибесі өте маңызды.

Көптеген елдерде өмір бойы мерзімін өтейтін қылмыскерлер үлкен мерзімді өтеуші сотталғандардан бөлінбейді, әрине, егер бұлайша оқшаулауға дәлелді себептер болмаса. Мысалы, Англияда өмір бойына сотталғандар бір-бірімен қатынасу мүмкіндігі бар [9, 65 б.].

Сотталған адамды түзеу мақсатын қою оған жету құралдары мен соңғы нәтижеге (босатылуға) жету мүмкіндігі арасында қарама-қайшылықтың бар екендігі анық. Осыған орай, өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын қолдануды реттейтін заңнаманы одан ары жетілдіру қажет.

Біздің пікірімізше, өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған адамға мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды қолдану механизмі аяғына дейін ойластырылмаған.

Зерттеулер көрсеткендей, кейбір ғалымдардың тұжырымы бойынша бас бостандығынан айыру түрінде жазаны өтеу кезінде бес-жеті жылдан кейін кері әсер ететін факторлар пайда болады: мұндай жағдайда тәрбиелеу тиімділігі сөзсіз төмендеп кетеді [4, 36-37 бб.].

Л. Саблина мынадай мәліметтер келтіреді: он жылдан астам уақытқа бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталушылар арасында психикалық жағынан дені сау адамдар барлығы 8,0% құрайды, ал алты жылдан он жылға дейінгілер арасында бұл көрсеткіш – 10% [10, 42 б.].

Ғылыми зерттеулердің мәліметтері бойынша босағандардың шамамен 35%-ы бейімделу механизмдерін қалпына келтіру үшін әлеуметтік психиатриялық немесе психологиялық көмекті қажет

етеді. Бұл адамдар өз бетімен еркін өмірге көндіге алмайды, ал бостандықтағы өмірге күш-қуат, жауапкершілік және т.б. қасиеттер керек екені белгілі [11, 4 б.].

Сотталғандар өздерінің бостандыққа шығуына дейін әлі ұзақ жылдар бар екенін біледі де өзін жақсы жағынан көрсетуге соншалықты тырыса қоймайды. Олар тағайындалған жаза мерзімін қысқартудың, мерзімінен бұрын босана қоюдың нақты мүмкіндіктерін көре алмайды, оған көптеген факторлардың әсері бары тағы белгілі. Бұл олардың жағдайының тұйыққа тірелуіне әкеп соқтырады. Ондай жағдайға ұшырағандар жазаны өтеудің жағдайын өзгертуге күш салмайды (олар өздерін осындай жағдайға алып келген себептерге қарсы тұра алмайды). Осы орайда С.А. Салаутдиновтың мына пікірі көңілге қонады: «... колония жекелеген жағдайларда ондай адамдар үшін жаза болудан қалады және әрі қарай оларды түзеу аса қиын болады» [12, 31 б.].

Аталған факторларды ескере отырып, өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған адамның мерзімінен бұрын шартты түрде босатудың шарттарына сай болуы үшін мүмкіндігі бола қоймайтындығын айту керек.

Әр елде өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтейтін сотталғандардың мерзімінен бұрын шартты түрде босатылуы үшін өтелуге тиіс мерзім әр-түрлі белгіленген. Жапонияда өмір бойы бас бостандығынан айыруды өтеуші адам, егер өрескел бұзушылығы болмаса 10 жылын өтегеннен кейін мерзімінен бұрын шартты түрде босатылуы мүмкін [13], Оңтүстік Америка елдерінде 10 жылға тең [14, 96 б.].

Өмір бойы бас бостандығынан айыруда өтелетін жаза мерзімі орта есеппен Польшада – 25 жылды, Италияда – 21 жылды, Францияда – 17-18 жылды, Англияда – 14 жылды және 4 айды, Швецияда – 9 жылды құрайды [15, 90 б.].

Біздіңше, егер біз мұндай адамдардың өмірін сақтауға келіссек, және, олар колонияда бола тұра түзелгендігін дәлелдесе, онда олардың 25 жыл бас бостандығынан айырудың орнына 20 жылды міндетті түрде өтеуі жеткілікті деп санауға болады.

Сот сотталушыны шартты мерзімінен бұрын босатуды бас тартқан жағдайда сот бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап ерте дегенде үш жыл өткен соң қайталап ұсыныс енгізу орын алуы мүмкін (ҚР ҚАК-170-бабының 3.бөлігі).

Ю.М.Ткачевскийдің пікірінше бұл ереже Қылмыстық-атқару кодексінде емес, Қылмыстық іс жүргізу кодексінде белгіленуі керек [16, 230 б.]. Мүмкін, өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарды мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы мәселесі одан бас тартудан үш жыл өткеннен кейін қайта қарауға рұқсат беретін норманы Қылмыстық іс жүргізу кодексіне енгізу де дұрыс боларма еді. Бірақ бұл түзеу мекемесінің әкімшілігі бере алатын жаңа ұсыныс туралы мәселе ҚДЖК реттеуі керек дегенді білдірмейді. Мұндай ереже жазаны атқарушы мекемелерінің қызметіне және сотталғандарды жазадан босату тәртібіне жатады. Олай болса, ҚР босату тәртібіне жатады. Олай болса, ҚР ҚАК 2-бабына сәйкес бұл ереже қылмыстық іс жүргізу емес, қылмыстық атқару құқығының нормасы болып табылады.

Өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарды мерзімінен бұрын шартты түрде босату мүмкіндігі бұл жерде қандай мерзім өтелмеген және қайсібірі-сынақ мерзімі болып табылатындығын анықтау қажет.

Белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айырудан мерзімінен бұрын шартты түрде босатуда сынақ мерзімі жазаның өтелмеген бөлігіне тең.

Бірақ бұл ереже өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтейтіндерге де қатысы болады ма?

Өмір бойы бас бостандығынан айырылғандарды мерзімінен бұрын шартты түрде босатуда заң сынақ мерзімінің ұзақтығын белгілемейді. Біздіңше, бұл заңдағы олқылық. Бірақ, өмір бойы бас бостандығынан айырудан мерзімінен бұрын шартты түрде босатуда сынақ мерзімінің ұзақтылығын жазаның өтелмеген бөлігіне теңеу дұрыс емес.

Сынақ мерзімінің шегі заңмен белгіленуі керек.

Өмір бойы бас бостандығынан айырудан мерзімінен бұрын шартты түрде босатуда сынақ мерзімі 8 жылға тең деген пікір бар. Бұл пікірді негіздей отырып, Н.М.Ткачевский былай жазады: «Сынақ мерзімі соттылық шегінде жүзеге асуы мүмкін. Соттылықтың ең үлкен мерзімі 8 жылға тең» [16, 225 б.].

Қорыта келе, келесідей қорытынды жасаймыз. Жазасын өтеу кезеңінде қасақана қылмыс жасаған адамға мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды қолдануға тыйым салатын норма ҚР ҚК 70-бабының 8-бөлігінде белгіленген. Бұл норма өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандарға да қатысты болады. Мерзімінен бұрын шартты түрде босату негіздері тек қылмыстық-құқықтық шараларға жатады, сондықтан да тек қылмыстық заңнамамен реттелуі қажет. Сондықтан, «өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын өтеу кезінде жаңадан ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасап

сотталғандар шартты-мерзімінен бұрын босатуға ұсынылмайды» деген ережені белгілейтін ҚР ҚАК 170-бабының 2-бөлігін алып тастау керек.

Өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарға мерзімінен бұрын шартты түрде босатылғаннан кейінгі уақытқа сынақ мерзімін белгілеу қажет. Біздіңше, сотталғандардың мұндай категориялары үшін сынақ мерзімі соттылықты жою шегінде болуы мүмкін, яғни 8 жыл. Осыған байланысты ҚР ҚК 70-бабының 5-бөлігін 2-бөлікпен мынадай редакцияда толықтыруды ұсынамыз: «Өмір бойы бас бостандығынан айырудан мерзімінен бұрын шартты түрде босатылған адамдар үшін сынақ мерзімі 8 жылға белгіленеді».

Әдебиеттер:

1. Михлин А.С. Пожизненное лишение свободы как вид уголовного наказания // Российская юстиция. – 2002. – №5. – С.32-35.
2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексі. – Алматы: Юрист, 2008. – 68 б.
3. Е.Ш.Баймурзин. Уголовно-правовые и криминологические проблемы применения длительных сроков лишения свободы: дисс. ... канд. юрид. наук. – Астана, 2005. – 155 с.
2. Каиржанов Е., Накипов Б. Рецидивная преступность: состояние и профилактика. – Алматы, 1996. – 232 с.
3. Филимонов О.В. Пожизненное лишение свободы в Российской Федерации: законодательство и практика // Пожизненное лишение свободы: международные стандарты и практика: тезисы докладов междунар.науч.-практ.конф. – Алматы, 2003. – С. 33-34.
4. Кулмуханбетова Б.А. К вопросу о применении пожизненного лишения свободы. // Пожизненное лишение свободы: международные стандарты и практика: тезисы докладов междунар.науч.-практ.конф. – Алматы, 2003. – С. 86-88.
5. Ткачевский Ю.М. Условно-досрочное освобождение от отбывания наказания // Законодательство. – 2004. – №8. – С. 19-37.
6. Антонян Ю.М., Верещагин В.А. Убийцы, отбывающие пожизненное лишение свободы // Государство и право. – 1999. – №11. – С.47-50.
7. Посмаков П.Н. Введение пожизненного лишения свободы – практические шаги проблемы и перспективы // Пожизненное лишение свободы: международные стандарты и практика: тезисы докладов междунар. науч.-практ. конф. – Алматы, 2003. – С. 63-67.
8. Саблина О. Осужденные с психическими аномалиями // К новой жизни. – 1971. – № 6. – С.42.
9. Хохряков Г.Ф. Парадоксы тюрьмы. – М.: Юрид. лит., 1991. – 222 с.
10. Салаутдинов С.А. Социальная характеристика длительных сроков лишения свободы как меры уголовного наказания // Актуальные проблемы уголовного права и криминологии. – М., 1981. – С. 31-32.
11. Уголовное право зарубежных стран: учебное пособие. – М., 1998. – 75с.; Преступление и наказание в Англии, США, ФРГ, Японии. Общая часть уголовного права. – М., 1991. – 82 с.
12. Скаков А.Б. Прогрессивная система исполнения наказания в условиях пожизненного лишения свободы // Пожизненное лишение свободы: международные стандарты и практика: мат-лы междунар. науч.-практ. конф. – Алматы: «Фирма Киік», 2003. – С. 95-101.
13. Чукмаитов Д.С. Проблемы совершенствования порядка и условий отбывания наказания в виде пожизненного лишения свободы в РК // Пожизненное лишение свободы: международные стандарты и практика: тезисы докладов междунар.науч.-практ.конф. – Алматы, 2003. – С. 88-91.
14. Курс уголовного права. Общая часть. Т.2. М.: Изд-во «Зерцало», 1999. – 475 с.

Резюме

В статье речь идет об уголовно-правовых и уголовно-исполнительных проблемах пожизненного лишения свободы в Республике Казахстан.

Summary

In the article the question is about the criminally-executive problems of life imprisonment in Republic of Kazakhstan.

ӘОЖ 396.01.37

Н.М.Салыбек, А.Е.Жақсыбаева, П.Т.Есенбекова
М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ АЗАМАТТЫҚ -ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Андатпа: Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес бағалы қағаздар тиісті мүлктік құқықтарды куәландыратын құжат болып табылады. Бағалы қағаздар рыногы дамуының қазіргі тенденциялары бағалы қағаздарының түсінігі материалды әлемнің объектісі ретіндегі заттардың дәстүрлі түсінігі мен ажыратылуды көздейді. Бағалы қағаздарды затқа теңеу жеткілікті шартты сипатта иеленетін барған сайын анықтала түсуде.

Кілттік сөздер: акция, облигация, иелік ету, индоссамент, ұсынбалы, атаулы, ордерлік, легитимация, эмитент.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 129 бабына сәйкес белгіленген нысан мен міндетті реквизиттерді сақтай отырып, жүзеге асырылуы тек оны көрсеткенде ғана мүмкін болатын мүлктік құқықтарды куәландыратын құжат бағалы қағаз болып табылды.

Бағалы қағаздар өз алдында бір институтты құрай отырып негізгі міндетіне құқықтардың белсенді сауда айналымының материалдық емес объектілерді енгізу мүмкіндігін қарастырады. Заңгерлер жалпы бағалы қағаздарды жылжымалы мүлікке теңестіреді. Сәйкесінше бағалы қағаздарға да жылжымалы мүлік режимі таралатыны сөзсіз.

Ресейдің вексель ұғымы 14 ғасырда қолданысқа енді. Ғалымдар векселдің болғанын Псков кеме грамотасының болуымен дәлелдейді.

Г.Ф. Шершеневичтың тұжырымы бойынша: «Қағаздар өздігінен бағалы болмайтындығы, керісінше қандай да бір құндылығы бар мүлікке құқықтарын көрсететіндігі белгілі». Басқаша айтсақ, егер құқық, қағазсыз жүзеге асатын болса, онда оған қағазда орын, іздеп не керек. Осылайша міндеттемелік құқықтарды басқа ұқсас құқықтардан ерекшелетін және бір мезгілде оларға заттық объектінің режимінің тарататын арнайы құжаттармен рәсімдей бастады.

У.Э. Батлер: «Акционерлік корпорация акцияларының меншік иесі. Америка Құрама Штаттарында, ол осы меншіктен туындайтын құқықтардың меншік иесі болып табылады»- деп көрсетеді.

Құқықтың континентальдық жүйесі бар елдерде бағалы қағаздар деп сол құжатты шығаратын тұлға арасында және оның иесінің арасындағы қатынасты анықтайтын, сондай -ақ иесіне жүзеге асуы құжатты көрсеткенде ғана мүмкін болатын белгілі бір мүлктік құқықтарды бекітіп беретін құжат танылады. Осылайша, бірінші кезекте көмегімен мүлктік құқықтарды анықтайтын қағаз нысаны қойылады.

Ал меншік құқығы мүлктік құқықты көрсететін және бекітетін құжатқа таралады. Сәйкесінше кейбір елдерде меншік құқығы құжатқа таралса, ал кейбірінде меншік құқығының тікелей объектісі ретінде бағалы қағазда бекітілген құқықтар танылады. Бағалы қағаздарды заттардың қатарына енгізу келесі белгілердің болуына байланысты, мүмкін болып саналады:

1. бағалы қағаздар материалдық құндылықтарды алуға құқықты куәландырылады;
2. бағалы қағаз материалдық объект ретінде болады;
3. бағалы қағазбен, онымен куәландырылатын құқықтар арасында өзара тығыз байланыс орнайды.

Бұл байланыс бағалы қағазбен куәландырылатын құқықтардың құқықтар арасында өзара тығыз байланыс орнайды. Осы байланыс бағалы қағазбен куәландырылатын құқықтардың берулі әдісі заттарға берілетін құқықтардың әдісімен сәйкес екендігін көрсететін сипат иеленеді. Бір мезгілде бірнеше меншік құқық объектісі ретінде материалдық заттар қатар ұсынбалы бағалы қағаз да маңызды. Мұндай пікірді ол ұсынбалы бағалы қағаз жағдайында құқықтың құжатпен тығыз байланысының нәтижесінде меншік құқығындағы құқықтың жүзеге асыуына бірден бір мүмкіндік беретіндігімен түсіндіріледі. Бағалы қағаз мүлктік құқықтарды куәландырады. Бірақ әр түрлі мәмілелердің объектісі ретінде мүлктік құқық емес, оны куәландыратын құжат болып табылады.

Құжат ретінде бағалы қағаз меншік құқығының объектісі ретінде табылады, ал құқықтық қатынастың объектісі болып табылады. М.И. Брагинскийдің айтуы бойынша, «заттық және міндеттемелік элементтернің бірігуі бағалы қағаздардың конструкциясы қолданудың қажетті базасы

болып саналады. Онда бір жағынан объектіге (акция, облигация және т.б.) қатысты сөз болып отыр, екінші жағынан- тұлғаға тиеселі бағалы қағазбен құжатталатын құқық шартынан шығып отырған міндеттемелік құқық туралы болып отыр». Әрине заттар мен бағалы қағаздың режимі осы объектілердің әр түрлі табиғатына сәйкес келуі мүмкін емес. Бағалы қағаздардың жылжымалы мүлік қатарына жататындығына қарамастан олар әрқашанда ерекше түрде зат ретіндегі доктрина болып қарастырылады.

Қазіргі таңда бағалы қағаздардың заңи құқығымен маңызына талдау жасау қажеттілігі туындап отыр. Бағалы қағаздар рыногы дамуының қазіргі тенденциялары бағалы қағаздарының түсінігі материалды әлемнің объектісі ретіндегі заттардың дәстүрлі түсінігі мен ажыратылуды көздейді. Бағалы қағаздарды затқа теңеу жеткілікті шартты сипатта иеленетін барған сайын анықтала түсуде. бағалы қағаздың азаматтық кодексінің 129 бабында көрсетілген анықтамасының талдауынан заттық құқықтың объектісі ретінде бағалы қағаздардың келесі белгілері туындайды:

1. Бағалы қағаздарға құжаттық белгісі тән. Бағалы қағаз- бұл белгілі бір мүлікті құқықты куәландыратын құжат мысалы: белгілі бір акша сомасын төлеуді басқа мүліктің беруді талап ету құқығы.
2. Заттық құқық объектісі бағалы қағаздардың екінші белгісі оның формальды сипаты болып табылады. Бағалы қағаз қатаң формальды құжат яғни оның жазбасы қағазға толықтырылған және белгілі бір қатаң нысаны және реквизиттері бар реквизиттердің біреуі болмауы немесе заңда көзделген нысанның бұзылу нысаны бағалы қағаздың жарамсыздығына әкеліп соғады.
3. Келесі белгісі ретінде бағалы қағаздың онымен куәландырылатын құжатпен арасындағы ажырамас байланыстың болуы. Құжат ондағы көрсетілген құқықтармен өте тығыз байланысты. Өйткені сол құқықтарды жүзеге асыру немесе басқа тұлғаға беру құжаты сәйкесінше пайдаланғанда ғана мүмкін болады. Басқаша айтқанда құжатты қолдану немесе оны беру ондағы көзделген құқықты қолданумен беруге байланысты.

Жоғарғыда аталған бағалы қағаздың үш белгісі бағалы қағазға заттық құқықтың объектісі ретінде, яғни мүліктік құқықты құрайтын корпус ретінде қарайды. Ендігі кезекте бағалы қағаздарды міндеттемелік құқықтық объектісі ретінде қарастырыңыз. Оның маңызы қалай соған тоқталып өтейік.

Міндеттемелік құқықтың объектісі ретінде бағалы қағазға мүліктік құқықты білдіреді осылайша заттық құқықтардың объектісі болып табылатын мүліктік құқықтар. Қорыта келе, бағалы қағаздар ең алдымен мүліктік құқықтарды куәландырады, бұлай атап айтқанда олардың құндылығын айқындайды.

Бағалы қағаздар рыногында мүліктік құқықтар рыногы болып табылады. Оның мазмұны заң актілерінде белгіленген талаптарға сай келуі тиіс. Болатындықтан бағалы қағаз қатаң белгіленген жазба болып табылады. Азаматтық кодекстің 131 бабына сәйкес қағаздармен куәландырылатын құқықтардың түрлері бағалы қағаздың міндеті реквизиттері бағалы қағаз нысанына талаптар және басқа да қажетті талаптар заң құқықтарымен немесе олардың белгіленген тәртіп бойынша белгіленеді.

Азаматтық құқықтың объектілерінің бірі бағалы қағаздар болып табылады. Азаматтық кодекстің 129-бабында оған мынадай анықтама берілген: белгіленген нысан мен міндетті реквизиттерді сақтай отырып, жүзеге асырылуы тек оны көрсеткенде ғана мүмкін болатын мүліктік құқықтарды куәландыратын құжат бағалы қағаз болып табылады.

Осындай анықтамадан бағалы қағаздың ерекше сипаты шығады, ол атап айтқанда:

1. бағалы қағаз - түрі және мазмұнымен заң талаптарына қатаң бағынатын құжат.

Мәселен, бағалы қағаздармен куәландырылатын құқықтардың түрлері, бағалы қағаздардың міндетті реквизиттері, бағалы қағаз нысанына талаптар және басқа да қажетті талаптар заң құжаттарымен немесе соларда белгіленген тәртіп бойынша бейнеленеді. Ал, міндетті реквизиттерінің болмауы немесе бағалы қағаздың ол үшін белгіленген нысанға сәйкес келмеуі оның жарамсыз болуына әкеліп соқтырады;

2. бағалы қағаз оның иеленушісінің мүліктік құқығын куәландырады;

3. бағалы қағаздағы құқықты жүзеге асыру үшін оны көрсеткенде не бергенде ғана құқық іске асырылады.

Азаматтық кодекс бағалы қағазды құжат деумен бірге оны зат деп те көрсетеді. Өйткені, кез келген құжаттың түп-төркіні материалдық дүниеге қатысты келеді. Сондықтан да онда көрсетілген әріп таңбалары мен сандары, тасқа басылып не қолмен жазылған жазбалары осы құжат туралы тиісті ақпарат береді. Сонымен бірге кез келген құжаттың бағалы қағаз бола алмайтыны тағы бар, тек заңмен белгіленген шарттық белгілері сақталғаны бағалы қағаз құқығын алады.

Бағалы қағаздың міндетті реквизиттері арнайы нормативтік құқықтық құжаттарында көрсетілген (оның атауы, сериясы, нөмірі, өтініш жасау мерзімі, субъектінің қағаз бойынша көрсетілген міндеті, номиналдық құны, кіріс көлемі немесе марапаттау (пайыздар), қағаз бойынша орындалу орны және басқа шарттар) талаптар болып табылады. Мұндай талаптар түгелдей сақталмаса, яғни бағалы қағаздың міндетті реквизиттерінің болмауы немесе бағалы қағаздың ол үшін белгіленген нысанға сәйкес келмеуі оның жарамсыз болуына әкеліп соқтырады ҚРАК-тің 131-бабының 2-тармағы.

Бағалы қағаздар зат ретінде бірнеше түрге бөлінеді, әрі иеленушісінің талап-мүддесіне сәйкес бланк, қағаз парақшасы түрінде кездеседі. Бағалы қағаздың құны тиісті материалдық игіліктің құнына негізделеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің 130-бабы мүліктік құқықтар куәландыратын мазмұнына қарап бағалы қағаздарды облигация, коносамент, акция және заң актілерінде немесе соларда бекітілген тәртіппен бағалы қағаздар қатарына жатқызылған басқа да құжаттар деп негізгі түрлерге бөледі. Кодекстің 130-бабының 2-тармағына сәйкес бағалы қағаздар іштей: ұсынбалы, атаулы, ордерлік болып жіктеледі.

Ұсынбалы бағалы қағаздар құжаттың түпнұсқасы болады, ал түпнұсқаны ұсынушы келесі тұлғаға көрсеткен сәтте өзінің өкілеттілігін жүзеге асырады. Демек ұсынбалы бағалы қағаздар онда көрсетілген мерзімде нақты құнымен басқа мүліктік балама алуға құқық береді. Бағалы қағаздың мәтінінде оны ұсынушы үшін нақты тұлғаның есімі көрсетілмейді, тек бұл құжаттың бағалы қағаз екендігі ғана айқындалады (мысалы, облигация).

Ордерлік бағалы қағаз да құжат болып табылады, ол бойынша міндетті субъект құжат мәтінінде көрсетілген тұлғаға міндеттенген нәрсені орындауды ұсынады немесе өзі де белгіленген ереже бойынша құжат мәтінінде көрсетіледі. Ордерлік бағалы қағаз бойынша құқықтар бұл қағаз берілген жазу - индоссамент арқылы беріледі. Борышқор бұл талапты міндетті түрде сақтауы тиіс. Ордерлік бағалы қағаз бойынша құқық берілетін адам (индоссант) құқықтың болуы үшін ғана емес, оның жүзеге асырылуы үшін де жауапты болады. Индоссамент құжатта (әдетте сыртқы бетінде) жазылады және оның екі түрі болады, яғни бірінде иесі аталып, құқық мирасқорының аты жазылады, ал екіншісі әлгі айтқандай, бланктік болады, онда бағалы қағаздың тапсырылғаны туралы жазылады, бірақ құжаттың жаңа иесінің аты көрсетілмейді.

Бағалы қағаздың ордерлік түрін иеленуші индоссамент бланкісімен қоса құжатты берерде бағалы қағазды ұсынушыға тапсыру тәсілін таңдап, бағалы қағазды табыстауға, бағалы қағазды басқа адамға атаулы индоссамент бойынша тапсыруға және индоссаментке өзінің атын жазуға құқылы болады. Бланктік индоссаментке қандай да бір атауды енгізумен бағалы қағаздарды ұсынушыға беру тәсілі құжатты тапсырғанға дейін жүзеге асырылады.

Ордерлік бағалы қағаз жоғалып кетсе, оған оны ұстаушының өзі жауап береді «Қазақстан Республикасындағы вексельдік қатынастар туралы» Заңның 96-бабы. Ордерлік қағаздың иесі айрылып қалған құжаты кімнің қолында екенін білсе, құжатты қайтаруға виндикациялық талап қоюға құқылы. Егер кейінгі индоссамент бланктік болса, жоғалған құжатқа құқық меншігін дәлелдеу іс жүзінде мүмкін болмайды. Мұндай қағазды жоғалтқанда оның орындалуына да үміт аз. Ал ордер қағазы жойылып кетсе, онда құжаттың балама данасын беруге болмайды.

Атаулы бағалы қағаз-бұл мүліктік сипаты бар құжат, оның иесі кім екендігі құжаттың мәтінінде көрсетіледі. Яғни атаулы бағалы қағаз бойынша құқықты талап ету сонда көрсетілген адамға ғана тиесілі болады.

Азаматтық кодекстің 130-бабында бағалы қағаздардың әр түрінің белгілерін қамтитын бағалы қағазды шығару көзделген. Оған мысал ретінде атаулы түрін ұстаушының жүргізуін талап ететін «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңның 34-бабының нормасын келтіруге болады.

Эмиссиялық бағалы қағаздарды топтастыру мемлекеттік және мемлекеттік емес деп бөлінетін болғандықтан оның заңдық маңызы болады. «Бюджет жүйесі туралы» және «Мемлекеттің кепілімен қарыз алу және мемлекеттік борыш туралы» заңдарға сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздар мемлекеттің шеттен алуына орай ішкі және сыртқы инвесторларда шығарылады (олар шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың заңды және жеке тұлғалары болып табылады).

«Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңның 14-бабына сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясын жүзеге асыру тәртібі және эмиссия көлемі арнаулы заңмен реттеледі. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар эмитентінің, жарғылық капиталын қалыптастыру үшін шығарылады немесе заемдық қаржыны тарту мақсатында да қолданылады, ал олардың эмиссияларының тәртібі «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңмен реттеледі.

Бағалы қағаздар жөніндегі қазіргі қолданылып жүрген заңдар құжатталмаған бағалы қағаздар ұғымына сәйкестендірілген. Азаматтық кодекстің 135-бабында құжатталмаған бағалы қағаздардың мүліктік құқықтарының бірнеше түрі келтірілген. Құжатталмаған құнды қағаздар шын мәнінде бағалы қағаздың мазмұнын куәландыратын мүліктік құқық болып есептеледі. Ондай бағалы қағаздармен құқықтық қатынасқа түскен кезде оның тізілімдегі жазбаға енгізілуі жарамды бола береді. Бағалы қағаздың міндеті реквизиттері болмауы немесе бағалы қағаздың ол үш белгіленген нысанға сәйкес келуі оның жарамсыз болуына әкеліп соқтырады. Бағалы қағаздарға куәландырылған құқықтарды жүзеге асыру үшін оны ұсыну қажет.

Бағалы қағазбен куәландырылатын құқықта талап етуге беру (цессия) белгіленген тәртіп бойынша құқық беру жазбасы (индосомент) арқылы жүзеге асады. Жалпы беру жазбасы бағалы қағазды артқы бетінде және қосымша берілген арнайы бетте болуы мүмкін. Әдетте индосоментте

бағалы қағаз бойынша құқық берілген тұлға (индоссат) көрсетілді. Ордерлік бағалы қағаз бойынша құқық берілетін тұлға көрсетілген индосамент бланкетті деп аталады. Атаулы бағалы қағаз бойынша құқық беретін тұлғадан индоссантқа берілген талап ету құқығының жарамсыздығы үшін ғана емес, оның орындалмағаны үшін де жауапты болуымен ерекшеленеді.

Жалпы бағалы қағаздар туралы ілім көптеген зерттеулерді оқып үйренуді қажет етеді. Қазіргі кезде бағалы қағаздардың азаматтық айналымдағы рөлінің өсуі де аталған институттың қыр- сырының көп екендігін аңғартады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған). ҚР 1998 жылғы 7 қазандағы, 2007 жылғы 21 мамырдағы, 2011 жылғы 2 ақпандағы Заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.
2. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы /жоғары оқу органдарына арналған/ 1 том И.Ғ. Төлеуғалиев. Оқулық «Жеті жарғы» 2001ж
3. Омар, Б.М., Битұрсын Ғ.Ш., Баетов Е.Р. Азаматтық құқықтық қатынастар: жоғарғы оқу орындарына арналған оқу құралы/ Б.М., Омар, Ғ.Ш., Битұрсын Е.Р. Баетов.- Түркістан, Баспа - «Тұран» 2012.- 280б.
4. Лившиц Б. Ценные бумаги: векселя акции. Закон. 1997 №7
5. Шершеневич Г.Ф. Учебник русского гражданского права. М: «Спарк», 1995
6. Брагинский М.И. Витрянский В.В. Договорное право: общие положения:- М. «Статут», 1997
7. Қазақстан Республикасының «Вексель айналымы туралы» Заңы. 28.12.97. (соңғы өзгерістер 2003ж 9 шілдедегі ҚР заңымен енгізілді)
8. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғам туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы N 415 Заңы.
9. Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі N 461 Заңы.

Резюме

В данной статье рассмотрены особенности гражданско-правового регулирования ценных бумаг.

Summary

This article describes the features of civil regulation of securities.

ӘОЖ 347.964.1

М.А.Сарсенова, М.М.Жумабекова, Г.М.Жайлауова, Ж.М.Ускенбекова

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

СОТ ОРЫНДАУШЫСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІНІҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Аңдатпа: Сот орындаушысының құқықтық мәртебесі проблемаларын қарау осы зерттеудің мақсатына сәйкес өзіне сот орындаушыларының барлық құқықтары мен міндеттерін зертеуді емес, атқарушылық іс жүргізу органдарын ұйымдастыру мен олардың жұмысындағы реформалауға тікелей қатысы барларын ғана қамтиды.

Кілттік сөздер: сот орындаушы, құқық, әділет, мемлекеттік баж, сот, объект, субъект.

Сот орындаушысының құқықтық мәртебесі проблемаларын қарау осы зерттеудің мақсатына сәйкес өзіне сот орындаушыларының барлық құқықтары мен міндеттерін зерттеуді емес, атқарушылық іс жүргізу органдарын ұйымдастыру мен олардың жұмысындағы реформалауға тікелей қатысы барларын ғана қамтиды.

Сот орындаушыларының практикалық қызметін зерттеу сот қаулысының орындалмау себептерін анықтауға, істердің жекелеген санаттары бойынша сот қаулыларын орындаудың өзіндік ерекшелігін айқындауға және қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді талдау негізінде қолданыстағы заңдарды жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Сот орындаушысының әрекеті мен атқарушылық құжаты (бұл жерде негізінде атқарушылық парақ жазылған заңды күшіне енген сот қаулысына қадағалаулық шағыммен жүгіну) жосықсыз бұрышкердің бірнеше рет дауға салуы атқарушылық іс жүргізудің тоқтатылуына, дау-дамайға, сот қаулысының ұзақ уақыт орындалмауына өндіріп алушының шағым беруіне әкелетін практика көрсетіп отыр.

Мысалы, 1998 жылы іс қозғалған «Спартак» ШК-нан «Электр изоляциясы материалдарының Петропавл зауыты» АТАҚ-ның пайдасына өндіріп алу туралы бір атқарушылық іс жүргізу бойынша

сот орындаушысының әрекетіне 14 рет шағым: 9 шағым Петропавлск қаласының сотына, 4 шағым облыстық сот алқасына және 1 шағым қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына берілді. Барлық шағымдар да қанағаттандырылмады, соның ішінде соңғы 2-уін атқарушылық іс жүргізу аяқталғаннан кейін Петропавлск қаласының соты қарады. Нәтижесінде сот шешімі 1998 жылдың 2 қазынан бастап 2001 жылдың қыркүйегіне дейін орындалды, бұл ретте, 20млн.теңгеден небәрі 18млн. теңге ғана өндіріп алынды.

Борышкердің осындай жосықсыздығын болдырмау үшін, біздің көзқарасымызша «Атқарушылық іс жүргізу туралы» ҚР Заңынан атқарушылық құжатты дауға салу және сот орындаушының әрекетіне шағым атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру үшін негіз болып табылатындығы туралы Заңның 15-бабының 4-тармағын және 16-бабының 4-тармағын алып тастау керек.

Сот қаулысын орындамауға ықпалын тигізетін борышкер мүдделерінің белгіленген шектеуін көздейтін шектеуін көздейтін заң нормалары практикада сот қаулысын орындау үшін көптеген қиындықтар келтіреді.

Бұл бәрінен бұрын «Атқарушылық іс жүргізу туралы» ҚР Заңының 35 және 41- баптарына қатысты.

Мемлекеттік бажды өндіріп алу туралы атқарушылық парақтар бойынша атқарушылық іс жүргізудің жай-күйі бойынша: 2000 жылы 70.719.200 теңге сомасына мемлекеттік бажды жергілікті бюджет кірісіне өндіріп алу туралы атқарылуда 5.304 атқарушылық құжат болға, 2001 жылы-жылпы сомасы 35.624.000 теңге болатын 4.498 атқарушылық құжат болды. 2000 жылы нақты орындалғаны 3448 атқарушылық құжат, 2001 жылы 5,1 млн. теңгеден астам сомаға, 53,1% құрайтын 2.151 атқарушылық құжат орындалды.

Мемлекеттік баж өндіріп сома мөлшерінің аздығы, сот шешімі бойынша берешекті өтеу үшін борышкерде ақша қаражатының немесе мүлкінің болмауы атқарушылық құжаттарды бөлігін орындалмай қайтарудың ең басты себебі болып табылатындығынан талдау көрсетіп отыр. Борышкерде ақша қаражаты болмаған кезде сот орындаушысы «Атқарушылық іс жүргізу туралы» ҚР Заңының 35-бабының 4-тармағына және 41-бабының 1-тармағына сәйкес мүлікті хаттауға және орындау жөніндегі шығыстарды ескеріп атқарушылық құжатты орныдау үшін қажетті мөлшерде және көлемде мүлкін өндіріп алуға құқылы. Құны аз тұратын заттарға (тұрмыстық заттар сияқты) тиым салған кезде сату жөніндегі атқарушылық әрекетті жасау жөніндегі шығыстарды нәтижесінде қарызды толық өндіріп алуға мүмкіндік бермей, мемлекеттік баждың өз мөлшерінен елеулі асып түседі. Осындай заттар көбінесе тұтынуға жарамсыздығына, тауар түрін жоғалтқандығына, сондай-ақ олармен рыноктың толып тұрғандығынан халықтың тұтынбауынан өтімсіз болып табылады. Осыған байланысты, борышкердің тіпті орындау жөніндегі шеккен барлық шығыстарды ескере отырып құны мемлекеттік баждан есе артық мүліктерін өндіріп алу заңдалған күші шекетелгендіктен көбінесе мүмкін болмайды. Бұдан басқа, орындау жөніндегі шығыс сомаларын сот орындаушысы қандай атқарушылық әрекет жүргізетіні белгісіз болғандықтан, бірден айқындау мүмкін емес немесе қиын.

Қорытындысында осы жағдайлар мемлекеттік баждың жергілікті бюджет кірісіне өндіріп алу тиісті бөліктің түсуіне кедергі келтіреді, бұл тұтас алғанда, атқарушылық парақтарды орындаудың жоғарғы көрсеткіште болмауымен түсіндіріледі.

Осы проблемаларды ескере отырып, заңның жоғарыда аталған нормаларына өзгеріс енгізу керек деп есептейміз. Мысалы, «Атқарушылық іс жүргізу туралы» ҚР Заңының 35-бабының 4-тармағына мынадай мазмұндағы толықтыру енгізу керек: «Қажетті жағдайларда атқарушылық құжат бойынша құны өндіріп алуға тиісті сомаға сәйкес мүлкі болмаған кезде сот орындаушысы атқарушылық әрекетті өткізу жөніндегі шығуы мүмкін болатын шығыстарын ескере отырып, сот қаулысы бойынша талап сомасынан артық мөлшердегі және көлемдегі мүлкін өндіріп алуға құқылы».

Заңның 41-бабының 1-тармағына борышкердің қарызды өндіріп алушының пайдасына тиесілі сомдан артық мөлшердегі кез келген мүлкін оны кейіннен сату және атқарушылық әрекет жүргізуі жөніндегі шығыстарын шегере отырып, құнның айырмашылығын борышкерге қайтарумен хаттайтын сот орындаушысының құқығын көзделген осыған ұқсас өзгеріс енгізу.

Аталған шаралар біздің пікіріміз бойынша сот орындаушысы әрекетінің үлкен ерікндікте болуына әсерін тигізіп борышкерді қарызын өтеу үшін мүлкін өндіруге ынталандырады еді.

Борышкердің мүддесіне заңмен белгіленген басқа да шектеулер «Атқарушылық іс жүргізу туралы» ҚР Заңының 57, 61, 62-баптарында көзделген.

Атап айтқанда, өндіріп алынатын сомаларды толық өтеу үшін борышкер мүлкі болмаған немесе мүлкі жеткіліксіз болған кезде борышкердің еңбек ақысынан және кірістерінің өзге де түрінен өндіріп алу айлық есептік көрсеткіштің екі есе мөлшерінен аспайтын сомаларды өндіріп алу туралы шешім орындау кезінде алуы 57-баппен белгіленген. Дегенмен, ҚР ӘҚК-нің көптеген баптарының санкциялары айыптың ең төменгі мөлшерін белгілеместен үш айлық есептік көрсеткіштерге дейінгі, он айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшердегі айып әкімшіліктің өндіріп алуды көздейді. Тиісінше,

57-баптың мәні бойынша бір немесе екі айлық есептік көрсеткіштер мөлшерінде айып түріндегі әкімшіліктің өндіріп алуды тағайындау кезінде борышкердің еңбек ақысының және өзге де кірістерінен өндіріп алу мүмкін еместігіне байланысты қисынсыз болып табылады.

Осыған байланысты «Атқарушылық іс жүргізу туралы» ҚР Заңының 57-бабынан айлық есептік көрсеткіш екі есселік мөлшерінен аспайтын соманы өндіріп алу туралы шешімді орындау кезінде борышкердің еңбек ақысынан және өзге де кірістерінен өндіріп алу мүмкіншілігін көрсетуді алып тастаған жөн деп ойлаймыз.

«Атқарушылық іс жүргізу туралы» ҚР Заңының 61 және 62-баптарына сәйкес өндіріп алынуы мүмкін емес ақша сомаларының тізбесін де қайта қарау керек.

Осы бапта аталған төлемдер кірістер болып табылатындығын ескере отырып, уақытша еңбек қабілетсіздігі үшін төленетін әлеуметтік сақтандыру жөніндегі жәрдемақы, төлем көзіне қарамастан біржолғы сипаттағы сыйақы, материалдық көмек, қызметкер жұмыстан босаған не орынан босаған кездегі демалыс жәрдемақысы сияқты төлемдерге қатысты шектеулерді алып тастауға болады деп ойлаймыз.

Бұдан басқа, заң әдебиетінде «Атқарушылық іс жүргізу туралы» ҚР Заңының

59-бабымен борышкердің еңбек ақысының 50% түрінде өндіріп алудың қатаң шектеуін белгілеудің жоқ екендігі туралы әділ ескерту айтылды. Осы шек өте икемді және борышкердің кірісі артуымен қатар өсе түсуі мүмкін.

Прокуратура және анықтау органдарының практикасында қасақана орындамауды осы күнге дейін дұрыс айтпай келеді. Атап айтқанда, борышкерді осы бап бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартқан кезде борышкерге сот орындаушысының сот қаулысын орындау қажеттігі туралы үш рет ескерткені туралы дәлелдемелер, сондай-ақ ҚР ӘҚБК – нің 524 - бабы жүргізудің міндеттері өндіріп алушының мүдделерін орындау санкциясына көмек көрсету мақсатында ҚР ҚК және ҚР ӘҚБК нормалары қайта қаралуға тиіс.

Жүргізілген зерттеулер шегінде «Атқарушылық іс жүргізу туралы» қолданыстағы ҚР Заңының жетілдірудің барлық мәселелерін қамту мүмкін болмағандықтан, атқарушылық іс жүргізуді одан әрі дамытудың кейбір бағыттарын бөлумен шектелейік.

Сонымен, «Атқарушылық іс жүргізу» туралы ҚР Заңы мен ТМД мемлекеттерінің заңдарын салыстырып талдау Қазақстандық заңда істердің жекелеген санаттары бойынша сот қаулысын орындаудың өзіндік ерекшеліктерін ескеретін нормалардың жоқ екендігін көрсетеді.

Мәселен, Қырғыз Республикасының заңдарында сотталғандарды түзетуге ықпал ету шараларымен, атап айтқанда, белгілі қызметпен жұмыс істеу немесе белгілі қызметпен айналысу құқығынан айыру, мүлкін тәркілеу сияқты жазалардың түрлерін орындаумен байланысты жазалардың орындалуын және бақылануын реттейтін арнаулы нормалары бар (182- 195 баптар)

Тұрғын үй мәселесі бойынша шешімді орындау үшін, атап айтқанда, шығарып жіберу, қоныстандыру және тұрғын үйін мәжбүрлеп ауыстыру туралы арнаулы құқытық реттеу белгіленген.

Істердің соңғы санаттары бойынша сот қаулысын орындау осы күнге дейін «Атқарушылық іс жүргізу туралы» Заңның және ҚР АІК-нің нормаларын практикада қолдануда қиындық тудырып отыр. Борышкердің мүлкін сатудың кезектілігін белгілейтін «Атқарушылық іс жүргізу туралы» ҚР Заңының 48-бабы борышкердің мүлкін өндіріп алу кезінде мүліктерді сату жылжымайтын мүліктің объектісіне үшінші кезекте жүзеге асырылатынын көздейді. Соңғысына өндіріп алушының пайдасына ақша сомаларын беру туралы сот қаулысы бойынша өндіріп алуға болатын борышкердің тұрғын үйі жатады.

Заңның 48-бабы борышкерде өндіріп алу үшін жеткілікті ақша сомалары болмаған кезде борышкерге тиісті басқа да мүлікті өндіріп алу туралы Заңның 35- бабының Ережелерімен бірге «Атқарушылық іс жүргізу туралы» ҚР заңының ережесін негізсіз кеңейтіп түсіндіруге және бірінші екі кезектегі мүлкі болмаған кезде жылжымайтын мүлік объектісі сияқты борышкердің тұрғын үй өз еркімен өндіріп алуға сот орындаушысына құқық беруге негіз береді.

Конституцияның 25-бабы тұрғын үйге қол сұғылмайтын және соттың шешімінсіз тұрғын үйден айруға жол берілмейтіндігін белгілейтін болғандықтан, ақша сомасын өндіріп алу туралы сот қаулысы бойынша борышкердің тұрғын үйін өндіріп алу туралы мәселе ҚР АІК-нің 240-бабында белгіленген тәртіпте ақша қаражатын иемдену туралы атқарушылық шешімнің тәртібі мен тәсілін өзгерту ұйғарым шығару арқылы ғана сот шешімімен болуға тиіс деп санаймыз.

Шығарып жіберу, қоныстандыру, қоныс аудару және тұрғын алаңның мәжбүрлеп ауыстыру туралы істердің басқа да санаттары бойынша сот қаулысын орындауға келетін болсақ, онда сот орындаушысы ол туралы сот қаулысында тәкелей көрсетілген атқарушылық әрекетті күшіне енгізуді өз еркімен жүргізуге құқылы.

Аталған мәселелерді сот қаулыларын орындату мәселелері жөніндегі сот практикасын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысына енізуге болар еді.

Әдебиеттер

1. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 1998 жылдың 30 маусымындағы Қазақстан Республикасының Заңы
2. Гражданский процесс: учебник для юридических вузов / Под. Ред. Проф. Треушников М.К. –М.: Новый Юрист, 1998. -512 с.
3. Гражданское процессуальное право России: Учебник для вузов /Г75 Под ред.М.С.Шакарян. -1998.-504 с
4. Федеральный закон от 21 июля 1997г. «Об исполнительном производстве» // Собрание законодательства РФ. 1997. № 30.Ст.3561.

Резюме

В данной статье рассматривается проблемы правового положения судебных исполнителей

Summary

In this article we advised the Problem of legal position's bailiffs

ӘОЖ 349.2

Қ.Р. Сарықұлов, А.Е. Жақсыбаева, Б.Р.Мелдебеков
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ТУЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа: Мемлекеттік қызметтің алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыру үшін еңбек қатынастарының құқықтық реттелуі аса маңызға ие болады. Сондықтан мемлекеттік қызметтегі еңбек құқықтық қатынастарының туындау негіздеріне басты назар аударуды қажет етеді.

Кілттік сөздер: мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметші, еңбек құқығы, еңбек қатынастары, еңбек шарты, кадрлік резерв, конкурс, мерократия.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында "жаңа экономикалық саясат табыстылығының басты шарты кадрлар арқылы нығайтылуға тиіс. Бұл үшін біз: басқарушылық ресурсын жетілдіруге тиіспіз әрі бұл үшін бізде резервтер бар. Менеджменттің жаңа құралдарын және мемлекеттік сектордағы корпоративтік басқарудың қағидаларын енгізу қажет" делінген.

Қазақстан тәуелсіздік алған уақыттан бері жүйелі реформаларды өткізу нәтижесінде мемлекеттік қызметтің моделі құрылған. Осы саладағы реформалаудың негізгі мақсаты лайықты кадрларды іріктеуді қамтамасыз етуге, жеке қызметтерін бағалау негізінде кәсіби және мансапты қозғалуына немесе өсуіне бағытталған.

Мемлекеттік қызметшілерді халық мүддесі мен олардың өмірін жақсартуға бағытталған ортақ мақсат біріктірені анық.

Соңғы уақытта мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында бірқатар өзгертулер мен толықтырулар орын алуда, оның ішінде ҚР еңбек кодексіне және ҚР "Мемлекеттік қызмет туралы" заңына өзгерістер енгізілген.

Мемлекеттік қызметтің алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыру үшін еңбек қатынастарының құқықтық реттелуі аса маңызға ие болады. Сондықтан мемлекеттік қызметтегі еңбек құқықтық қатынастарының пайда болуы басты назар аударуды қажет етеді.

Кейбір жағдайларда еңбек құқықтық қатынастарының пайда болуына күрделі айғақтық құрамның болуы, мысалы, жұмысқа қабылдау туралы акт, сайланбалы қызметке сайлану туралы акт және т.б. қажет.

Мемлекеттік қызметте еңбек құқықтық қатынастардың пайда болу, өзгеру және тоқтату негіздері ретінде заңға негізделген айғақтар бола алады.

Бәріне белгілі болғандай, заң ғылымында, мемлекеттік лауазымды ауыстырудың төрт ұйымдастыру-құқықтық әдісі бар: қабылдау, тағайындау, сайлау және конкурс.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 20 б. бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, еңбек қатынастары қызметкер мен жұмыс берушінің арасында еңбек шартының негізінде туындайды.

Мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарға қызметкер ретінде жеке еңбек шарты бойынша жұмысқа алынған тұлғалардың немесе өзге де жұмыс берушілерде жалдану бойынша жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбегін қолдануға байланысты қатынастар ғана еңбек заңдарымен реттеледі.

Еңбек қатынастарын өзге құқықтық қатынастардан ажыратудың мынадай үш ерекше белгілері бар:

1) олар жеке еңбек шарты негізінде нақты кәсіпорынның еңбек ұжымына мүше болған қызметкердің кіруімен туындайды;

2) еңбек қатынастары бойынша қызметкер белгілі бір мамандық (кәсіп), біліктілік немесе қызмет бойынша жұмыс атқару міндетін өзіне алады, ал ұйым аталған жұмыстың орындалуы үшін қажетті еңбек жағдайларын жасау міндетін алады;

3) еңбек қатынастарының тараптары - қызметкер де, жұмыс беруші де ішкі еңбек тәртібі ережелеріне бағынады.

Қазақстан Республикасының заңдарында, жұмыс берушінің актілерінде белгіленген жағдайларда және тәртіппен еңбек шартын жасау алдында:

1) лауазымға сайлану (сайлау);

2) тиісті лауазымға орналасуға конкурс бойынша сайлану;

3) лауазымға тағайындау немесе лауазымға бекіту;

4) заңда уәкілеттік берілген органдардың белгіленген квота есебіне жұмысқа жіберуі;

5) еңбек шартын жасасу туралы сот шешімін шығару рәсімдері болуы мүмкін.

Мемлекеттік қызметке ауысу әдістеріне қарамастан, үміткердің тұлғалық, кәсіби, саяси және басқа да қасиеттерін бағалау арқылы жүзеге асырылады.

Негізінен, бағалау объективтік немесе субъективтік сипатқа ие болуы мүмкін. Д.Н. Бахрахтың пікірі бойынша ауыстыру туралы мәселе шешілуде аталған қасиеттердің өзара байланысу қағидасына және әлеуметтік пен демографиялық өкілділік қағидасы есепке алынуы қажет.

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңының 11 бабына сәйкес саяси мемлекеттік қызметшінің қызметке тұруы ҚР заңнамасымен бекітілген басқа да тәртіп пен жағдайларда, тағайындалу немесе сайлану негізінде мүмкін.

Мемлекеттік қызметке іріктелу және қозғалу процедураларын жетілдірілуде әкімшілік мемлекеттік қызметке тұру және одан өтуге заңмен жаңа талаптар қарастырылғанына бір жылдан астам уақыт болды. Осы тұрғыдан еңбек құқықтық қатынастарының пайда болуына әкімшілік мемлекеттік қызметтің кадрлік резервіне азаматтарды таңдау және таңдау нәтижесі бойынша кадрлік резервке тұрғандардың арасынан ваканттық әкімшілік қызметке конкурс жариялауды қамтиды.

Қазіргі таңда кадрлік резерв негізінде мемлекеттік органдар кадрлерін толтыру негізгі көз болып тұрғаны бар.

Мерократия қағидаттарына сәйкес кадрлердің қызмет бабамын өсуде, олардың қызметі мен оны бағалау нәтижелері есептеледі. Осы принципті нығайту, яғни мемлекеттік қызметшінің қызметін немесе еңбегін бағалау, қажетті кадрлерді іріктеу үрдісінде және қозғалтқанда оның сіңірген еңбегі бағалануы қажет. Осыған орай, кадрлердің қозғалу және карьералық жоспарлау институтын жетілдіруге бағытталған шараларда заңда көзделген.

Аталған қағидаттарының келесідей негізгі элементтерін айқындауға болады:

- мемлекеттік қызметке өту конкурс негізінде жүзеге асырылады;

- талапкерлерді бағалау олардың жеке қабілеттерінің критерийлері білімі мен тәжірибесі бойынша жүзеге асырылады;

- дискриминациялауға жол бермеу үшін барлық мемлекеттік қызметкерлерге бірдей қатынас болуын қамтамасыз ету;

- күрделілігі немесе маңыздылығы бірдей болып табылатын қызметіне еңбектерін тең төлеу немесе орындаған жұмыс нәтижесіне байланысты төлеу;

- өз қызметінде тиімді нәтижелерге жеткен мемлекеттік қызметкерлерді көтермелеу, нәтижелері қанағаттанарлықсыздардың қызметтерін түзету, қызметтерінің нәтижелері қанағаттанарлықсыз қызметкерлерді жұмыстан шығару.

Негізінен, мерократия қағидасын пайдалану әр бір азаматқа әлеуметтік, кәсіби және мансаптық тұрғыдан өсуге қажетті мүмкіндіктер береді, сондықтан да әлеуметтік жаңартудың басты құралы болып саналады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі осы салада тиімді және ашық механизмдерін ендіру, карьералық жоспарлау және бағалау жүйесін, «А» басқару корпусын құру және кадрлық қызметтің рөлін жоғарлату, мемлекеттік қызметшінің марапаттау және мотивациялау шараларын, қызметтік этика мен жемқорлыққа қарсы шараларын жетілдіру арқылы мемлекеттік аппараттың кәсібилігін және тиімділігін жоғарлатуға бағытталады.

Әкімшілік мемлекеттік қызметшінің жұмысының тиімділігі мен сапасын анықтау үшін заңмен оның қызметін бағалау үшін тиісті ережелер көзделген. Кәсіби даму мен карьералық өсуді қамтамасыз ету мақсатында заңмен «А» корпусының қызметшілері үшін ротация институты енгізілген.

Мемлекеттік органдардың қызметін, өкілеттілігін беруге байланысты оны қайта ұйымдастыру жағдайында мемлекеттік қызметшіні әлеуметтік қорғау шаралары да бары анық.

Осы органдардың жұмысының тиімділігі мен оның тұрақтылығын қамтамасыз етуде еңбек қатынастарының туындау негіздері аса маңызға ие. Мемлекеттік қызметке тұру кезінде жеке мүддені көздейтін тұлғалардың мемлекеттік қызметке тұруға мүмкіндігі жоқ екендігін және конкурстық іріктеудің айқындығы осындай жағдайды азайтуға жол беретіні анық.

Сонымен, Қазақстан халқы сенім білдіретін саяси көшбасшылар саясатты қалыптастыратын болса, кәсіби мемлекеттік қызметшілер- оның орындалуын қамтамасыз ететін жүйені қалыптастыру мемлекеттік қызметтің негізгі мақсаты болып табылады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050»Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2012ж.
2. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. 15 мамыр 2007ж., №251 (өзгертулер мен толықтырулар 04.02.2013ж.)
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтің жаңа моделінің Тұжырымдамасы. 2011ж.- // <http://www.treasury.kz/>
4. Қазақстан Республикасының 2020 ж. дейінгі дамуының стратегиялық жоспары. (2010 ж. 1 ақпанындағы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген)
5. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі № 453-1 Заңы (13.01.2014ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
6. Бахрах Д.Н. Административное право России. Учебник для вузов. М.: Издательство.НОРМА, 2000
7. Галиакбарова Г.Г. Актуальные вопросы правового регулирования трудовых отношений в
8. Республике Казахстан.Астана, 2012- // <http://www.sworld.com.ua>, 27.12.2012ж.
9. Нургалиева Е. Концептуальные новации Трудового кодекса Республики Казахстан.
10. Специализированный ежемесячный журнал "ЮРИСТ", №11, 2012г.- // <http://journal.zakon.kz>.

Резюме

В данной статье рассматриваются основания возникновения трудовых правоотношений на государственной службе.

Summary

In this article are considered the bases of emergence of labor legal relationship on state service.

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ**

ӘОЖ 631:330.322


Айдарова А.Б., Абеева Ж.Н.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АГРАРЛЫҚ СЕКТОРЫНА ИНВЕСТИЦИЯ
ТАРТУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Қазақстан Республикасында аграрлық сектор экономиканың аса маңызды саласы және ол экономикалық дағдарысты жою, тамақ және жеңіл өнеркәсіпті дамыту, саяси және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында шешуші роль атқарады. Көптеген жылдар бойы өнімді еңбекке ынталандыру тетіктерін жете пайдаланбағандықтан аграрлық салада терең дағдарыс қалыптасты. Одан шығудың бірден-бір жолы осы салада кешенді және жүйелі түрде экономикалық реформа жүргізу керек болды. Еліміздің әлемдік сауда ұйымына кіруі ауыл шаруашылық өнім өндірушілері үшін - дақылдардың сапасын, өнімділігін арттыру керек. Сапалы өнім алу, өнімділікті жоғарылату бірінші кезекте қызмет көрсететін орталықтардың техникалық базасын жетілдіру: алдыңғы қатарлы экологиялық қауіпсіз техникамен, технологиямен жабдықталуын тиімді ұйымдастыруын қажет етеді. Сонымен қатар өндіріс тиімділігін жоғарылатуға алып келетін инновациялармен жаңа технологияларды енгізу негізгі функциясы болып табылады. Агроменеджерлерді жалдау әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті өнім өндіруге негіз болады. Нарықтық экономика жағдайында агроөнеркәсіптік кешенінде жүргізілген реформаның негізгі мақсаты өндірістің тиімділігін арттыру, өнім сапасын жақсарту, өнімнің өзіндік құнын төмендету арқылы халықты азық-түлік пен қамтамасыз ету болып табылады. ҚР – сы ауыл шаруашылығын тиімді дамытудың бір жолы ауыл шаруашылығын материалдық - техникалық ресурстармен, өндірістік қызмет көрсетуді қамтамасыз етуші кәсіпорындарға, ауыл шаруашылық кәсіпорындарын техникалық және жөн - жобалық көмек көрсетуші фирмаларға көңіл аудару.

Ауыл шаруашылығына келіп түсетін инвестицияларды арттыруды микро, яғни кәсіпорын деңгейінде қарастырсақ, салынған капиталдық салынымдардың экономикалық тиімділігіне көптеген факторлар әсер етеді және осы факторларды үлкен екі топқа бөліп қарастыруға болады – ішкі және сыртқы орта факторлары (сурет 1).



Сурет 1. Аграрлық секторға инвестицияның тиімділік факторлары

Қазіргі уақытта аграрлық секторға салынған инвестициялардың қайтарымдылығының төмен деңгейде болуына 2-топтың факторларының әсері мол. Ол мыналармен анықталады: инфляция, баға диспаритеті, несиеге жоғары пайыз қойылымы, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қатысты дұрыс ойластырылмаған салық саясаты т.б.

Қалыптасқан бұл мәселелерді мемлекет деңгейінде қарастырып, шешпейінше аграрлық секторға тартылған инвестицияның тиімділігін арттыру туралы айту мүмкін емес. Әрине, мемлекет инвестицияны ынталандыру бойынша біраз шаралар қолдануда.

Инвестициялық қызметтің белсенділігін арттыру мен оның экономикалық тиімділігін жоғарылату аграрлық секторда капитал салынымдарының түсуін, жеңілдік несиелерін қолдануға көмектеседі.

Кесте 1
2009-2013 жж. ОҚО ауыл шаруашылығының негізгі көрсеткіштері

	2009	2010	2011	2012	2013	Ауытқу 2013ж. 2009ж. + / -
Ауыл шаруашылық құрылымдарының саны, бірлік	72015	72018	71638	81034	81023	+9008
оның ішінде:						
Ауыл шаруашылық кәсіпорындары	2537	2681	2868	4800	4342	+1805
шаруа (фермерлік) қожалықтар	69478	69337	68770	76234	76681	+7203
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі, млн. теңге	137926,4	163832,8	207914,9	259203,7	296993,7	+159067,3
Оның ішінде:						
өсімдік шаруашылығы	66 760,5	85 152,3	108 186,7	142 566,2	167 974,9	+101214,4
мал шаруашылығы	70 378,9	77 734,4	98 850,8	115 518,1	127 562,5	+57183,6
ауыл шаруашылығы салаларындағы қызметтер	787,0	946,1	877,4	1 119,4	1 456,3	+669,3
ЖАӨ ауыл шаруашылық өнімдерінің үлесі, %	9,3	9	8,6	14,5	13,9	
Өндіріс салалары бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнімдерінің құрылымы, %	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	
өсімдік шаруашылығы	48,4	52,0	52,0	55,0	56,6	
мал шаруашылығы	51,0	47,4	47,5	44,6	43,0	
ауыл шаруашылығы салаларындағы қызметтер	0,6	0,6	0,5	0,4	0,4	

1 кестеде көрсетілгендей 2009-2013 жылдары аграрлық сектордың дамуы тұрақтанған, ауыл шаруашылық өнімдерінің өсуі де байқалған, 2013жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 297 млрд. теңге деңгейіне жеткен, оның ішінде өсімдік шаруашылығы 168 млрд. теңге, мал шаруашылығы өнімі 127,6 млрд. теңге болса, ал ауыл шаруашылығы салаларындағы қызметтер 1,4 млрд. теңгені құраған.

Осы кезең ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің құрылымдық қатынастары да өзгерген. Егер 2009 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімдерінің 48,4%-ын өсімдік шаруашылығы өнімдері құраса, сәйкесінше 51,0%-ын мал шаруашылығының өнімдері құраған. 2013 жылы бұл қатынас өзгерген, өсімдік шаруашылығы, ауыл шаруашылығының жалпы өнімдерінің 56,6%-ын құраған, мал шаруашылығының өнім үлесі төмендеген – 43,0%.

2013 жылы ЖАӨ облыстың ауыл шаруашылық үлесі 13,9%-ды құраған. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру бойынша облыс республика бойынша бірінші орынды алады.

Ауыл шаруашылығының аймақтық өнімдер құрылымында өсімдік шаруашылығының (сала өнімінің 56,6%) басым түсуімен байланысты, облыстың ауыл шаруашылығының даму қарқыны, негізінен, егін алқаптарының өсуімен және астық, техникалық және көкөніс бақша дақылдарының түсімінің артуымен анықталған.


Оңтүстік Қазақстан облысының аграрлық секторы өңдеуші саласының қазіргі жағдайын өндірісті одан әрі дамыту үшін әлеуеті мол, тұрақты деп сипаттауға болады. Ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу және тамақ өндіріс көлемдері жыл сайын арта түсуде.

Инвестициялар тарту ұлттық экономиканың экономикалық өсімі мен оның бәсекеге қабілеттілігінің жоғарылауын анықтайтын, сондай-ақ оның әлемдік өндірістік үдерістермен ықпалдасуына ықпал ететін аса маңызды факторлардың бірі болып табылады. Қабылдаушы елдің экономикасына шетелдік инвестициялар ағыны кәсіпорындардың дамуын, адами капитал сапасын жоғарылатуды, жаңа жұмыс орындарын ашуды жеделдетіп, озық технологияларды тарта және олардың жанама салаларға таралуын ынталандыра алады. Сондықтан соңғы екі он жылдықта жаһандық инвестициялар үшін бәсекенің күшеюі байқалады, бұл өз кезегінде мемлекеттің алдына елдің

инвестициялар үшін тартымдылығын жоғарылатуға бағытталған экономикалық саясаттың кешенді шараларын әзірлеу мен жүргізу міндетін қояды.

Инвестициялар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай әсер етеді. Макродеңгейдегі инвестициялар - кеңейтілген қайта өндіру саясатын іске асыруға, өндіріс секторын құрылымдық қайта құруға және экономиканың барлық салаларының теңгерімді дамуына, инновацияларды енгізуге, ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге негіз болып табылады. Микродеңгейдегі инвестициялар өндірісті кеңейту мен дамыту, оның техникалық деңгейін жоғарылату, негізгі қорлардың моральдық және физикалық тозуын төмендету, өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, сондай-ақ қоршаған ортаға экологиялық әсерді төмендету үшін қажет.

Шаруашылықтың жаңа түрлерінің құрылуы, олардың нарық жағдайларына адаптациясы, ауылдық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдау мал шаруашылығы саласының тұрақтануына ықпал етті. 2005 жылдан бастап ауыл шаруашылығы малдарының санының тұрақты өсуі және мал өнімдері өндірісінің тұрақты өсімі байқалуда. Өндіріс көлемінің өсімі, малдардың өнімділігінің артуынан емес, өйткені өнімділігі төмен малдардың басым түсуінен, негізінен мал басының артуымен болып отыр.




Сурет 2. ОҚО аграрлық секторға тартылған инвестициялар (2009-2013), млн. тг.

Қазақстан Республикасы статистикалық деректеріне сәйкес 2 суретте көрсетілгендей Оңтүстік Қазақстан облысының экономикасына деген шетелдік инвесторлардың қызығушылықтарының артып отырғанын соңғы үш жылдың мәліметтері растайды. 2011ж. тартылған инвестициялар 273094 млн. тг. болса, ал 2013 ж. 415277 млн. тг. құраған, ол 142183 млн. тг. артқанын байқауға болады.

Соның ішінде аграрлық секторға 2011ж. 5372 млн. тг. инвестициялар тартылған болса, 2013ж. 7521 млн. тг. құраған, ол 2149 млн. тг. артқанын байқауға болады.

Инвестиция тартудың қолайлы ахуалын қалыптастыру, макроэкономикалық конъюктураны қалыптастыру және т.б. 1 суретте көрсетілген факторларды ескере отырылып жасалған ықпалы саясат елдің ауыл шаруашылық саласындағы жағдайын жақсарту үшін инвестицияларды тиімді басқару, ресурстар мен қаржыларды оңтайлы қолдану, жеке салымдарға жағдай жасау және оның экономиканың қажетті салаларына жұмсалуды қадағалауға, реттеуге негіз болатын мемлекеттік басқару құралын, механизмін жасақтайды.

Аграрлық секторға инвестиция тартуды қалыптастыруда (сурет 3) осы факторларды ескере отырып белсенді саясат жүргізу бәсекеге қабілетті өнім өндірісін құру үшін ауыл шаруашылығының тиімді қызметін қалыптастыруға мүмкіндік береді.



Сурет 3. Аграрлық секторға инвестиция тартуды қалыптастыру

Аграрлық секторға инвестиция тарту мақсатында аталмыш саланың дамуы, яғни оның тауарларының бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру тұрғысында бірқатар негізгі бағыттар бойынша нақты іс-шаралар кешенін қабылдау тиімді болмақ. Олар:

1. Аграрлық секторға инвестиция тарту мәселесі бойынша нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру.
2. Ауыл шаруашылығы бойынша инвестициялардың келіп түсуін арттыру жөнінде аймақтық саясат жүргізу.
3. Институционалдық қамтамасыз етуді жетілдіру.
4. Өндіріс тізбегін – мемлекет аралық агроиндустриалдық кластерлер қалыптастыру.
5. Аграрлық сектордағы мемлекеттік инвестициялық саясат тетіктерін жетілдіру.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында инвестицияларды тарту, арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және экспортты ынталандыру жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы. 30.10.2010 № 1145 Қаулысы
2. Экономика отраслей АПК. – М.: Под редакцией Минакова, 2004, 165-190б
3. Л.Л.Иголина. Инвестиции. Учеб. пос. Под ред. В.А.Слепова-М.:Юрист.2002
4. Қазақстан өңірлері 2013 жылы/ Статистикалық жинақ /Астана, 2014

Резюме

В статье рассматриваются аграрный сектор, инвестиционная деятельность в аграрном секторе, внутренние и внешние факторы инвестиционной эффективности, формирование привлечения инвестиции в аграрный сектор ЮКО

Summary

In article the agrarian sector, investment activity in agrarian sector, internal and external factors of investment efficiency, formation of attraction of investment into agrarian sector of YuKO are considered

**ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ**

А.А. Атамқұлов Әлеуметтік-гуманитарлық университет, Шымкент, Қазақстан НАНОТЕХНОЛОГИЯ - КЕЛЕШЕГІ ҮЛКЕН ҒЫЛЫМ САЛАСЫ	3
С.А.Бейсеев, Е.В.Мещерякова, А.К.Тулкбаева, А.С.Ажимуратова ЮКГУ им. М. Ауэзова, ЮКФ РГП «Казахстанский институт стандартизации и сертификации», Шымкент, Казахстан Белорусский государственный технологический университет, Минск, Республика Беларусь КЛЮЧЕВЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ПРИНЦИПА СМК «ВОВЛЕЧЕНИЕ ПЕРСОНАЛА» В ПРОЦЕССАХ УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ РГП «КАЗАХСТАНСКИЙ ИНСТИТУТ СТАНДАРТИЗАЦИИ И СЕРТИФИКАЦИИ»	8
Б.Елемес, Е.Шалхар, Н.Бахтыбай, Т. Бейсакулов М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан ЖЕЛ ЭНЕРГЕТИКАСЫ	16
Н.М. Кудайбергенов, А.К.Тулкбаева, Е.Г. Евдокимова ЮКГУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан ОПИСАНИЕ СИСТЕМЫ НАБЛЮДЕНИЯ ЗА ИЗДЕЛИЯМИ МЕДИЦИНСКОГО НАЗНАЧЕНИЯ В ПРОЦЕССЕ ПРОВЕДЕНИЯ КЛИНИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ (ИСПЫТАНИЙ)	21
Б.Т.Таймасов, Т.М.Садуакасов, К.Абеков, Г.Турлыбаева ЮКГУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан РЕЗУЛЬТАТЫ ПРОИЗВОДСТВЕННЫХ ИСПЫТАНИЙ ПРИ ВВОДЕ ОТХОДОВ ПРОИЗВОДСТВА ИЗВЕСТИ В ПОРТЛАНДЦЕМЕНТ ТОО «САСТОБЕ ТЕХНОЛОДЖИС»	26
Е.Шалхар, Б.Елемес, Н.Бахтыбай,Т.Бейсакулов М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан КҮН ЭНЕРГИЯСЫ	29

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ**

А.Аbdizhahankyzy South Kazakhstan State University named after M.Auezov, Kazakhstan, Shymkent THE PROBLEM CONDITION OF FORMATION OF FUTURE TEACHER'S PROFESSIONAL-SPEECH CULTURE	33
С.С.Ағабекова, Ф.С.Танкешова, Ш.Н.Примкулова М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘНШІЛІК ІСКЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ДАҒДЫСЫ	36
Н.А.Айдаркулова М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан ӘН САБАҒЫНДА КӨРНЕКІЛІКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ	40
Т.М. Алсатов, А.Г.Исенғалиева, Р.С.Лабенова ЮКГУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан ДЕМОКРАТИЗАЦИЯ КНИГОИЗДАНИЯ И СТАНОВЛЕНИЕ	41

Т.М. Алсатов, А.Г. Исенғалиева, Р.С. Лабенова ЮКГУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан ОСНОВНЫЕ ФАКТОРЫ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОЙ ИЗДАТЕЛЬСКОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСТАНА	44
С.К.Ахметова Южно-Казахстанский музыкальный колледж, Шымкент, Қазақстан ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ПРОБЛЕМЕ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МУЗЫКИ	49
Д.Бадалова, А.Г.Исенғалиева, Р.С.Лабенова ЮКГУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан МЕЖДУНАРОДНОЕ БИБЛИОГРАФИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО	52
С.К.Бейсенбаев, А.Х. Алмағамбетов ОБЩИЕ МЕТОДИКИ ДИЗАЙНА В ПРОЦЕССЕ ПРЕПОДАВАНИЯ СПЕЦИАЛЬНЫХ ДИСЦИПЛИН	54
Г.И. Дайрабаева, Г.Д. Бейсебекова, Д.Оспанов ЮКГУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СРЕДСТВ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ	56
Р.Д.Дарибаева, М.Ж.Саухамбаева М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ЖАСТАРДЫ ОТБАСЫЛЫҚ-НЕКЕЛІК ӨМІРГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ	59
Р.Д.Дарибаева, А.А. Мамбеталиева М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан ХАЛЫҚҚА ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ ҚӨРСЕТУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ	63
О.В.Дмитриева Южно-Казахстанский музыкальный колледж, Шымкент, Қазақстан ЭМОЦИОНАЛЬНО-ЭСТЕТИЧЕСКИЙ КОМПОНЕНТ В ФОРМИРОВАНИИ АРТИСТИЗМА БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ МУЗЫКИ	66
С.С.Естемесова ЮКГУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ТЕСТОВОЙ ДИАГНОСТИКИ В МУЗЫКАЛЬНОЙ ПЕДАГОГИКЕ	68
М.К.Жақсылықова, И.Б.Сихымбаев, А.А.Жиенбекова М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан ЖЕТІМ БАЛАЛАРДЫ ӨМІРЛІК ІС-ӘРЕКЕТКЕ БЕЙІМДЕУ ЖҰМЫСЫ	70
А.А.Жиенбекова, Д.Б. Турдимуратов, Қ.Ж. Жамбаева М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан ҚАЗАҚ МЕРЕКЕЛІК-САУЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ОЙЫНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ	73
К.А. Жолдасбекова, Н.Б. Бексейтов, Б.А.Жолдасбекова М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ	75
Р.К. Касенова, М.О.Стыкулов, С.Елгонова ЮКГУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Қазақстан	77

**РАЗВИТИЕ КРЕАТИВНОГО ПОТЕНЦИАЛА БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА-МУЗЫКАНТА
В УСЛОВИЯХ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ В ВУЗЕ**

А.Б. Кудасбекова, Г.Т. Мамбетова 81
ЮКГУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

**ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИЕ ЕДИНИЦЫ, ОПИСЫВАЮЩИЕ КОНЦЕПТ «ТОРГ» В
АНГЛИЙСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ**

Ф.С.Танкешова, Ш.Н., Примкулова, С.С. Ағабекова, Э.Н.Станбекова 84
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
МЕКТЕП РЕПЕРТУАРЫН ІРІКТЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ - ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Н.П. Танкиш, А.Б.Шалдарбекова, А.Б.Сәдібек 86
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Н.П.Танкиш, Ж.Б.Абдуллаева, Ельчибаева М. 89
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ
ТИІМДІЛІГІ**

Е.Х. Төлеміс, А.Д.Тажиева, А.Х.Жанконсова 93
(Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі)
**ӨҢІРЛІК ТАБИҒИ ПАРКТИҢ АУМАҒЫНДАҒЫ ФЕНОЛОГИЯЛЫҚ
АЛАҒДАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ**

С.Е.Төлегенова, Р.Д.Дарибаева 96
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
ӘЛЕУМЕТТІК САЛА МАМАНДАРЫНЫҢ САПАЛЫҚ ДАМУ ФАКТОРЛАРЫ

З.В.Митрофанова 99
Южно-Казахстанский музыкальный колледж, Шымкент, Казахстан
**ЗНАЧЕНИЕ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ЗНАНИЙ ДЛЯ
ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПРАКТИКИ И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ
ПРЕПОДАВАТЕЛЯ**

Қ.О.Ханазарова, Л.Т. Ибрагимова 103
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
КОМПЬЮТЕРЛІК БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШІЛІГІ

Ж. Қамбарбеков, Г.С.Шойынбетова, Ж.Қ.Наурызбаев, К.Қ.Наурызбаев 107
ШКК және ЖТК, ОҚМФА колледжі, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**ЖАСТАРДЫҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ - ТЕХНИКАЛЫҚ ТАНЫМЫН
АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

**ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ**

Е.П. Бекмуратов, М.Ж. Жақсылық, С.А.Козыбахова 109
ЮКГУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан
**ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗОВАННЫХ ПРЕСТУПЛЕНИЙ, СОВЕРШАЕМЫХ
ЛИЦАМИ, ОТБЫВАЮЩИМИ НАКАЗАНИЕ**

А.Бугенова, Е.И.Шабанов 111
ЮКГУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан
РОЛЬ СМИ В ФОРМИРОВАНИИ ОБЩЕСТВЕННОГО МНЕНИЯ НА

МЕЖДУНАРОДНОЙ АРЕНЕ

- Г.П. Жарылқапова, Г.Т. Мұратова, Р.М.Бердекова** 115
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**КӘСІПКЕРДІҢ ҚҰҚЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ӘРЕКЕТІ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ
ЖАУАПТЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**
- А.А.Исмаилов, Л.О.Манапова, Омарбаева Л.К.** 119
ЮКГУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан
**ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВА: СТАТУС, ФОРМЫ И МЕТОДЫ
СЛУЖЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**
- А.А.Исмаилов, М.Р.Алиева, Омарбаева Л.К.** 122
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ АЯСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**
- Г.Д. Мейркулова, А.О. Бейсембаева** 125
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ ТЕРРОРИСТІК ҰЙЫМДАРДАН КЕЛЕТІН ҚАУІП ҚАТЕР
- Е.В. Мицкая, Ә. Есімғожа** 127
ЮКГУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
**ВОПРОСЫ ОБСТАНОВКИ, ОБУСЛОВЛЕННЫЕ ВООРУЖЁННЫМ
КОНФЛИКТОМ, КАК РАЗНОВИДНОСТЬ ОБСТАНОВКИ СОВЕРШЕНИЯ
ПРЕСТУПЛЕНИЯ ПО НОВОМУ УГОЛОВНОМУ КОДЕКСУ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**
- З.Е. Паметов, А.Е. Есеналиев, Р.Ж.Тоханова** 131
М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ
НЕГІЗДЕГІ**
- А.Е.Паридинова** 133
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**ӨМІР БОЙЫ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ
КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**
- Н.М.Салыбек, А.Е.Жақсыбаева, П.Т.Есенбекова** 139
М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ АЗАМАТТЫҚ -ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
- М.А.Сарсенова, М.М.Жумабекова, Г.М.Жайлауова, Ж.М.Ускенбекова** 142
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
СОТ ОРЫНДАУШЫСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІНІҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ
- Қ.Р. Сарықұлов, А.Е. Жақсыбаева, Б.Р.Мелдебеков** 145
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ТУЫНДАУ
НЕГІЗДЕРІ**

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ**

- Айдарова А.Б., Абеева Ж.Н.** 148
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АГРАРЛЫҚ СЕКТОРЫНА
ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Ғылыми журнал

2001 жылдың тамызынан бастап шығарылуда
Жылына 4 нөмірі шығарылады

Редакторлары: Махашов Е.Ж., Наурызбаев Қ.К.

Журналды шығаруға жауапты: Наурызбаев Қ.К.

Техникалық редакторлар: Наурызбаев Қ.К., Усебаева Г.Л.

Меншік иесі: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Журнал Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркелген № 10469 –ж (12.11.2009 ж.)

Алғашқы тіркелуі және нөмірі № 2226-ж (13.08.2001 ж.)

Научный журнал

Издается с августа 2001 года

Выпускаются 4 номера в год

Собственник: Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова

Регистрационное свидетельство журнала №10469–ж (12.11.2009г.) выдано Министерством культуры и информации Республики Казахстан

Номер и дата первичной постановки на учет № 2226-ж (13.08.2001 г.)

Подписано в печать 23.12.2014 г. Объем п.л. 9 Тираж 300 экз.
Бумага писчая. Печать офсетная. Заказ № 3235 НИУ ЮКГУ им. М.Ауэзова,
г. Шымкент, пр-т Тауке-хана,5, тел: 21-06-48

